# Қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдардың мінез-құлқына бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі қызметті ұйымдастыру және жете тексеру мен тінту жүргізу қағидаларын бекіту туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 20 тамыздағы № 536 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 26 қыркүйекте № 9757 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 20 ақпандағы № 36 қбпү бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ішкі істер министрінің 20.02.2017 № 36 қбпү ( Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеген күннен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық-атқару кодексінің 16-бабы 1-бөлімінің 2-тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдардың мінез-құлқына бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі қызметті ұйымдастыру және жете тексеру мен тінту жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2012 жылғы 29 наурыздағы № 182 бұйрығының 1-тармағының 3-тармақшасының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2012 жылғы 8 мамырда № 7630 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінде 2012 жылғы 31 қазандағы, 2012 жылғы 6 карашадағы, 2012 жылғы 7 қарашадағы № 375-376, 383-384 (27194-27195, 27202-27203, 27204-27206), 2012 жылғы 8 қарашадағы № 388-389 (27207-27208) болып жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті (Б.М. Бердалин):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді және оны кейінен ресми жариялауды;

2) осы бұйрықты белгіленген тәртіпте "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне және ресми ақпараттық бұқаралық құралдарына жариялауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің www.mvd.gov.kz. Интернет - ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетіне (Б.М. Бердалин) жүктелсін.

5. Осы бұйрық оны алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі, бірақ 2015 жылғы 1 қаңтардан ерте емес.

Министр
полиция генерал-лейтенанты Қ. Қасымов

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2014 жылғы 20 тамыздағы
№ 536 бұйрығымен бекітілген

## Қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдардың мінез-құлқына бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі қызметті ұйымдастыру және жете тексеру мен тінту жүргізу қағидалары

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдардың мінез-құлқына бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі қызметті ұйымдастыру және жете тексеру мен тінту жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағида) Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің (бұдан әрі – ҚАК) 97 және 98-бабына сәйкес әзірленді және қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі (бұдан әрі – мекеме) сотталғандарды бақылау және қадағалауды жүзеге асыру және тексеру өндірісін ұйымдастыру бойынша қылмыстық-атқару жүйесі органдарының және Ұлттық ұлан бөліністерінің (бұдан әрі – ҰҰ) қызметін ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

2. Бақылау және қадағалау қызметін ұйымдастыру және оған басшылық ету мекеме бастығының режим және жедел жұмыс жөніндегі орынбасарына ( бақылаушылар қызметі жөніндегі бөлініс командирінің орынбасарына) жүктеледі.

3. Мекемедегі бақылау және қадағалау – бұл сотталғандардың олар орналасқан және жұмыс орындарында мінез-құлқын ұдайы бақылау арқылы бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жазаны орындау процессін қамтамасыз етуге, олардың құқыққа қарсы іс-қимылдарының алдын алу және жолын кесуге, оқшаулауды, сондай-ақ сотталғандардың, мекеме әкімшілігі қызметкерлері мен ҰҰ әскери қызметшілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған шаралар жүйесі және мекемеде режимді қамтамасыз ету құралдарының бірі болып табылады.

4. Мекемедегі бақылау мен қадағалау:

1) сотталғандардың жаңа қылмыстар мен басқа да қоғамға қарсы қылықтар жасауын болдырмау және жолын кесу мақсатында олардың мінез-құлқын ұдайы бақылауды;

2) сотталғандардың күн тәртібін және жаза өтеудің белгіленген тәртібін орындауды қамтамасыз етуді;

3) мекеме аумағына кіру (шығу), сондай-ақ тұрғын және өндірістік аймақтар, оқшауланған учаскелер, цехтар мен басқа да объектілер арасында белгіленген өткізу режимін жүзеге асыруды, сотталғандардың қозғалыс тәртібін, көзделген нысан бойынша киім киюді сақтауын бақылауды;

4) сотталғандардың, оның ішінде олар орналасқан және жұмыс орындарында болуын тексеруді;

5) жер асты коммуникацияларының және ғимараттарының инженерлік бөгеттері мен қоршау құралдарының, байқау дәліздерінің ақаусыз болуын, сондай-ақ ішкі тыйым салынған аймақ пен оған іргелес 15 және 50 метрлік жолақтардың жағдайын бақылау. Осы аумақ шегінде жұмыстарды орындау тек мекеме басшылығының келісімі бойынша және мекемедегі режим қызметі қызметкерлерінің басшылығымен жүзеге асырылады;

6) сотталғандардың өндірістік жабдықты, жұмыс құралдарын, электр қуатын, шикізаттар мен материалдарды, бояу, майлау және жанатын заттарды, кескіш-тескіш және ұрып-ұнтақтағыш құрал-саймандарды теріс пайдалануының жолын кесуді, сондай-ақ олардың өз еркімен әртүрлі құрылыстар, шкафтар, сақтау орындарын, қайрау қондырғыларын және басқа да жабдықтарды орнатуды және дайындауды болдырмауды;

7) сотталғандарға, үй-жайларға тінту жүргізу, сондай-ақ тұрғын аймақтары мен өндірістік объектілер аумағын тексеру, сотталғандарға сақтауға және пайдалануға рұқсат етілмеген ақша, құнды қағаздарды, сондай-ақ өзге де заттарды, құжаттарды, киімдерді, бұйымдарды, азық-түліктерді табуды және алуды;

8) ҚАК-қа сәйкес мекемеден тыс жерде тұруға рұқсат берілген сотталғандардың мінез-құлқын бақылауды;

9) сотталғандардың кездесулер өткізудің тәртібін қамтамасыз етуді, олардың телефон арқылы сөйлесуін бақылауды;

10) сотталғандарға келіп түскен сауқаттар, сәлемдемелер мен бандерольдерді қарау, тексеру және беруді;

11) объекті аумағы арқылы көлік құралдарына еріп жүруді, жүк тиеу-түсіру жұмыстарын бақылауды;

12) мекеме объектілерінде жұмыс істейтін адамдарды бақылау, мекеме объектілеріне кіру және олардан шығу кезінде бұл адамдарды олардың жеке заттары мен киімдерін қарауды;

13) сотталғандардың тәртіптік изоляторларында (бұдан әрі – ТИ), қатаң жағдайда ұстау және жалғыз адамдық камераларда (бұдан әрі – ЖАК) жазасын өтеуі тәртібін қамтамасыз етуді;

14) сотталғандардың қашып кетуінің, бағынбауының, қасақана өзі-өзіне қандай да бір жарақат салуының, бұзақылық әрекеттерінің, өзге де қылмыстарының және режимді бұзуының алдын алу мен жолын кесуді;

15) жаңадан келген сотталғандарды карантиндік үй-жайларда жазасын өтеуінің тәртібі мен шарттарын қамтамасыз етуді;

16) "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы Заңына және "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлері туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 23 маусымдағы Заңына сәйкес дене күшін және арнайы құралдарды қолдануды;

17) сотталғандардың сыртқы пішінін карауды;

18) мекеме аумағында ерікті жалданушы және аттестатталған әйел қызметкерлерге еріп жүруді қамтамасыз етуді;

19) ай сайын (ҰҰ бөліністерімен бірлесе отырып) күзеттің қадағалау, бақылау және инженерлік техникалық құралдарын (бұдан әрі – ҚҚБжИТҚ) тексеру және анықталған кемшіліктерді жоюды қамтиды.

5. Емдеу мекемелері мен қауіпсіздігі барынша төмен мекемелердегі сотталғандарды бақылау және қадағалау осы Қағидада көзделген тәртіппен жүзеге асырылады. Бақылау және қадағалау ерекшеліктері қадағалау жоспарында және осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бекет табелінде көрсетіледі.

6. Денсаулық сақтаудың мемлекеттік басқару жергілікті органының медициналық ұйымдарында ем қабылдап жатқан сотталғандарға бақылауды және қадағалауды қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 сәуірдегі № 430 қаулысымен бекітілген бас бостандығы шектеулі, сондай-ақ сот үкімі бойынша жазасын бас бостандығынан айыру орындарында өтеп жүрген, арнайы мекемелерге орналастырылған азаматтарға медициналық көмек көрсету қағидаларына сәйкес күзеттің бөлшектелетін құралдарымен жабдықталатын оқшауланған палаталар бөлінеді, күзет жоспары әзірленеді, онда қызмет атқару мен ұйымдастырудың тәртібі, міндеттері, құрамы, төтенше жағдайлар кезінде өзара іс-қимыл жасасу мен іс-әрекеттер тәртібі ескеріледі.

Сотталғанды денсаулық сақтау органдарының медициналық мекемесіне емделуге жіберу үшін мекеме бастығы не оны алмастыратын адам Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті аумақтық бөлінісінің (бұдан әрі – аумақтық бөлініс) басшылығын міндетті түрде хабардар ету арқылы шешім қабылдайды. Шұғыл жағдайларда және түнгі уақытта сотталғанды денсаулық сақтау органдарының медициналық мекемесіне

емделуге жіберу туралы шешімді мекемедегі медицина қызметкерінің не жедел жәрдем қызметкерінің ұсынымы негізінде мекеме бастығын (бақылаушылар әскери жасақшасының бастығын (бұдан әрі – БӘЖБ) бөлініс командиріне баяндау арқылы) не оны алмастыратын адамды және аумақтық бөлініс басшылығын міндетті түрде хабардар ете отырып, мекеме бастығының кезекші көмекшісі (бұдан әрі – МБКК) қабылдайды.

Денсаулық сақтау органдарының медициналық мекемелерінде күзет, бақылау және қадағалау бойынша қызмет өткеру үшін бір сотталғанға кемінде 3 қызметкер, мекеменің аға қызметкері және мекемеде күзет, бақылау және қадағалауды жүзеге асыратын бөліністен екі әскери қызметші тағайындалады, олар нысанды киім киеді, арнайы құралдармен, радиостанциямен, бронды кеудешемен, сондай-ақ жасырын түрде алып жүретін атыс қаруымен жарақталады.

Егер медициналық мекемеге сотталған әйел орналастырылса, оны күзету бойынша күзет орнына бақылаушы әйелдер тағайындалады.

Денсаулық сақтау органдарының медициналық мекемесіндегі күзет, бақылау және қадағалау жөніндегі қарауылға мекеме бастығының режим және жедел жұмыс жөніндегі орынбасары, ол болмаған жағдайда мекеме бастығы орынбасарының қатарынан жауапты, әскери бөлініс командирімен немесе оның бақылаушылар қызметі жөніндегі орынбасарымен бірлесе отырып, нұсқама жүргізеді. Қарауылды тексеруді мекеме бастығы және бөлініс командирі бекіткен бірлескен кесте бойынша, түнгі уақытта міндетті түрде тексере отырып, кемінде бір рет жүргізеді. Тексеру нәтижелері бекет ведомосінде, тексеру журналында көрсетіледі.

7. Қауіпсіздігі барынша төмен мекемеде жазасын өтеп жатқан және мемлекеттік денсаулық сақтау басқармасы жергілікті органының медициналық ұйымдарында стационарлық емдеуде жүрген сотталғандарды тексеру осы мекеме әкімшілігімен келісу бойынша күніне кемінде бір рет мекеме қызметкерлері сотталғандар емдеуден өтіп жатқан палатаны аралау арқылы кестеге сәйкес өткізіледі. Сотталғандар аурухана режимін бұзған немесе өз бетінше медициналық ұйымнан кетіп қалған жағдай анықталған кезде оларды қауіпсіздігі барынша төмен мекемеге жеткізу және тиісінше тексеру жүргізу бойынша шаралар қабылданады. Сотталғандар амбулаторлық емдеуден қауіпсіздігі барынша төмен мекемеде өтеді.

8. Сотталғандарды теміржол, автомобиль, теңіз, өзен және әуе көліктерімен тасымалдау, сондай-ақ айдауылдау кезінде оларды бақылауды және қадағалауды мекеменің жеке құрамы және әскери бөлімдердің қарауылы қамтамасыз етеді.

9. Бақылау және қадағалау персоналының нормативтік саны бекет табельдеріне сәйкес бекітіледі.

10. Бақылау және қадағалау жөніндегі бақылаушылардың бекеттерінің, оны жүзеге асыру үшін бөлінген мекеме әкімшілігінің басқа да күштерінің, жұмылдырылған көлік пен күзеттің, қадағалау мен бақылаудың техникалық құралдарының саны мекеме бастығы әскери бөлім штабымен бірлесе отырып әзірлеген және аумақтық бөлініс бастығы мен мекеменің күзетін жүзеге асыратын әскери бөлім командирі бекітетін сотталғандарды қадағалау жоспарында анықталады.

11. Қызметкерлер мен бақылаушылар құрамы санының, мекемедегі жағдайдың өзгеруін ескере отырып, жыл сайын қадағалау жоспарына аумақтық бөлініс бастығы мен бөлім командирі бекітетін түзетулер енгізіледі. Әрбір мекемеге арналған қадағалау жоспарлары 6 данада әзірленеді: біріншісі - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетіне (бұдан әрі – ҚАЖ комитеті); екіншісі – аумақтық бөлініске; үшіншісі – мекемеге; төртіншісі – күзет, бақылау және қадағалау жөніндегі әскери бөлініске; бесіншісі – әскери бөлімге; алтыншысы – ҰҰ бас қолбасшылығына. Құпия емес қадағалау жоспарынан көшірмелер (арнайы міндеттер мен басқа да құжаттама) бірыңғай үлгідегі стендтерде ресімделеді және МБКК үй-жайында, бақылаушылар әскери жасақшаларының (бұдан әрі – БӘЖ) бөлмелерінде, бақылау және қадағалау жөніндегі бақылаушылардың қызмет өткеретін орындарында және қызмет сыныптарында ілінеді.

12. Сотталғандарды бақылау және қадағалау бойынша міндеттерді орындау үшін бөлінген құрамында мекеме офицерлері және БӘЖ (бақылаушылар жасақшасы) бар кезекші ауысым тамақ ішу және демалу үшін 2 сағаттық 12 сағат немесе 4 сағаттық үзіліспен 24 сағат уақытқа қызметке тағайындалады. Кезекші ауысым өз міндеттерін қарусыз атқарады және арнайы құралдармен және жеке бронды қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етіледі. Түнгі уақытта аралап шығу, сондай-ақ күзетілетін объектінің аумағы мен үй-жайларын тексеруді екі бақылаушы немесе мекеменің екі қызметкері жүзеге асырады.

## 2. Мекемедегі сотталғандарға бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру бойынша қызметті ұйымдастыру тәртібі

### 1-параграф. Бақылау және қадағалау жөніндегі іс-шараларды жоспарлау

13. Мекемедегі сотталғандарға бақылау және қадағалау іс-шараларды жоспарлау:

1) бақылау және қадағалау жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу;

2) бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру бойынша қызметті ұйымдастыруды;

3) қадағалауды жүзеге асыруды бақылауды;

4) қызмет өткерудің қорытындысын шығаруды қамтиды.

14. Бақылау және қадағалау жөніндегі іс-шаралар жоспары ай сайын жасалады, онда:

1) жеке құрамның қызметтік шеберлігін арттыру бойынша шаралар;

2) сотталғандар тарапынан қашулардың, қылмыстар мен басқа заңға қайшы әрекеттердің алдын алу және жолын кесу бойынша шаралар;

3) ҚҚБжИТҚ енгізу бойынша шаралар;

4) сотталғандар қатарынан белсенділерімен жұмыс істеу бойынша шаралар;

5) объектілерге сотталғандарға сақтауға және пайдалануға рұқсат етілмеген ақша, бағалы қағаздардың, сондай-ақ өзге де заттардың, құжаттардың, бұйымдардың, азық-түліктердің ену арналарын анықтауға бағытталған шаралар және олардың енуін болдырмау бойынша шаралар қабылдау;

6) сотталғандардың тұрғын және өндірістік аймақтарда болуын бақылауға бағытталған шаралар;

7) қараулар мен тінтулер жүргізу;

8) мекеме әкімшілігінің қатардағы және басшы құрамымен, әскери қызметшілермен арнайы тактикалық сабақтар мен оқу-жаттығулар, сондай-ақ тінтуге жататын объектілерді көрсете отырып тінту іс-шараларын өткізу;

9) бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру үшін тартылатын күштер мен құралдар;

10) қызмет өткеру орны, уақыты және тәртібі;

11) қызмет өткеруді бақылау көрсетіледі;

Бір ай мерзімге арналған бақылау және қадағалау жөніндегі іс-шаралар жоспарына қосымша осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мекеме басшы құрамының, кезекші ауысымдардың, БӘЖ (бақылаушылар жасақшасының) кезекшілік кестелері, тінту жүргізу кестесі қоса беріледі.

15. Бақылау және қадағалау іс-шаралары жоспарлары және осы Қағиданың 14 -тармағында көрсетілген кестелерді мекеме бастығының режим және жедел жұмыс жөніндегі орынбасары әскери бөлініс командирінің бақылаушылар қызметі жөніндегі орынбасарымен бірлесіп әзірлейді, мекеме бастығы бекітеді және бөлініс командирімен келісіледі. Іс-шаралар жоспары және кестелер: бір данасы мекеме бастығының режим және жедел жұмыс жөніндегі орынбасарында, екіншісі – режим бөлімінің, бөлімшесінің бастығында, топ басшысында, үшіншісі - әскери бөлініс командирінің бақылаушылар қызметі жөніндегі орынбасарында сақталады.

16. Қадағалау жоспары бақылау және қадағалау сызбасынан, кіріспе бөлімінен, бақылау мен қадалау күштерінен және құралдарынан, мекеме әкімшілігі мен бақылау және қадағалауды жүзеге асыру бойынша БӘЖ (

бақылаушылар жасақшасынан) құралған кезекшілік ауысым адамдарының нұсқаулығынан, БӘЖ адамдарының бекет табельдерінен және төтенше жағдайлар кезінде әрекет етуге арналған күштер мен құралдардың жауынгерлік есептемелерінен тұрады. Бақылау және қадағалау сызбасына оқшауланған учаскелер (орындау материалын және қоршаудың биіктігін көрсете отырып), осы Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес мекемені жабдықтауға қойылатын жалпы талаптарға сәйкес орнатылған тұрғын, тұрмыстық, өндірістік және басқа үй-жайлар (объектілердің атауын, олардың көлемі мен басқа объектілерге дейінгі арақашықтығын көрсетіп), бақылау және қадағалауды жүзеге асыру бойынша қызмет өткеру бекеттері және бағыттары, ішкі тыйым салынған аймақтағы негізгі қоршаудан 15-50 метр орналасқан жолақтағы жер асты құрылыстары мен құбырлары, тиеу, түсіру орындары және көлік құралдарының қозғалу жолы, таранға қарсы жабдықталған құралдар, байланыс және дабыл құралдары пункті, орнатылған бейне бақылау құралдары, сотталғандардың сапқа тұратын орны, сондай-ақ қашуға ыңғайлы орындар, жеңілдетілген жағдайда ұсталатын сотталғандардың жұмыс істейтін және тұратын орындары, хабарлау сигналы енгізіледі.

Төтенше қауіпсіздік мекемелерін қадағалау жоспарына бақылау және қадағалау бекеттері көрсетілген режимдік корпустардың қабаттық жоспарлары да енгізіледі.

## 2-параграф. Бақылау және қадағалауды жүзеге асыру бойынша қызметті ұйымдастыру

17. Бақылау және қадағалауды жүзеге асыру бойынша қызметті ұйымдастыруға:

1) мекеме бастығының не оны алмастыратын адамның, әскери бөлініс командирінің сотталғандарды бақылау және қадағалауды тәулік бойы жүзеге асыру туралы шешімі (түнде – 1 ауысым, күндіз – 2 ауысым);

2) мекеме әкімшілігінің жеке құрамын және ҰҰ әскери қызметшілерін дайындау, олардың кезекші ауысым құрамында қызмет өткере алу мәніне мекеменің медицина бөлімінің медицина қызметкерлері дайындалған кесте бойынша жүргізетін медициналық куәландырудан күн сайын өткізу;

3) бақылау және қадағалауға тартылатын күштердің міндеттерін бекіту және өзара іс-қимыл жасасуды ұйымдастыру;

4) қадағалауды жүзеге асыруды бақылау кіреді.

18. Бір тәулікке шешім қабылданған кезде:

1) өткен тәулікте мекемедегі құқықтық тәртіп жағдайы, құқықтық бұзушылық түрлері мен ахуалдары, ондай болған жағдайда оны жасауға ықпал еткен жағдайлар мен себептер;

2) кезекші ауысымның, БӘЖ саны, құрамы және міндеттері, қызмет атқару түрі мен тәртібі (кестесі);

3) сотталғандардың тұратын және жүрген жерлерінде орын алуы мүмкін іс-әрекеттері;

4) қойылған міндеттерді орындау бойынша мекеме әкімшілігі ҮҮ бөлінісімен бірлесіп өткізген іс-шаралары;

5) жер асты құбырларын (құрылыстарын) және бақылау-із жолағын (бұдан әрі - БІЖ), сондай-ақ қашуға және басқа да қылмыстар жасауға қолайлы орындарды тексеруге тағайындалған адамдар мен уақыты ескеріледі.

19. Бақылау мен қадағалауды тәулікке ұйымдастыру шешімі осы Қағидаға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери бөлініс командирінің бақылаушылар қызметі жөніндегі орынбасары дайындаған, мекеме бастығының режим және жедел жұмыс жөніндегі орынбасарымен келісілген, кезекші ауысым қызметке түсерден кем дегенде 12 сағат бұрын мекеме бастығы мен әскери бөлініс командирі бекітіп, МБКК-ге берілетін бақылау және қадағалаудың тәуліктік ведомосында ресімделеді. Бір тәулік өткен соң, режим бөлімінің, бөлімшесінің бастығы, топ басшысы және бақылаушылар взводының командирі бақылау және қадағалау нәтижелерін бірлесіп талдағаннан және мекеме мен бөлініс басшылығына жоспарланған іс-шаралардың орындалғаны туралы баяндағаннан кейін, бақылау және қадағалаудың тәуліктік ведомосі режим бөліміне, бөлімшесіне, тобына, көшірмесі әскери бөлініске сақтауға беріледі.

20. БӘЖ жеке құрамын даярлау қызметке түсетін күні бөлініс командирінің бақылаушылар қызметі жөніндегі орынбасары немесе бақылаушылар взводының командирі, ал ҚАЖ бақылаушылар жасақшасын бақылаушылар қызметі бөлімінің бастығы не оның орынбасары жүргізеді. Оған:

1) 5 минутқа дейін БӘЖБ (БЖБ) нұсқамасы;

2) кешкі ауысымның БӘЖ жеке құрамымен ерекше міндеттерді, жағдайдың жаңа деректерді зерделеу бойынша нұсқама сабақ (50 мин.кем емес). Оқиғалар кезінде іс-қимыл кіріспе, сондай-ақ нормативтер және міндеттер бойынша ( практикалық жаттығулар), нұсқама сабақтар мекеменің күн тәртібі мен кезекші ауысымның қызмет өткеруін ұйымдастыруға кедергі келтірмейтін уақытта жүргізілуі тиіс;

3) қызметтік міндеттерді сапалы орындауға, қырағылықты арттыруға, сатқындыққа бармауға және сотталғандарды бақылау және қадағалауды жүзеге

асыру кезінде заңдылықты сақтауға, қолданыстағы заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілік туралы еске салуға бағытталған тәрбие жұмысы (20 мин. кем емес ).

4) жеке құрамды материалдық-техникалық қамтамасыз ету;

5) қызмет өткеруге бұйрық беру кіреді.

Дайындық ұзақтығы алда тұрған міндеттерді орындау ерекшеліктерімен, жеке құрамның жалпы дайындық деңгейімен және басқа да мән-жайлармен анықталады.

21. БӘЖБ нұсқамасын әскери бөлініс командирі немесе оның бақылаушылар қызметі жөніндегі орынбасары, ал БӘЖ-на мекеме бастығының режим және жедел жұмыс жөніндегі орынбасары немесе бақылаушылар қызметі бөлімінің бастығы жүргізеді. Нұсқамада БӘЖ өткен тәуліктегі қызмет қорытындысы, жедел жағдай, бақылаушылар әскери жасағына тапсырма және орындау ерекшеліктері жеткізіледі, сондай-ақ жеке құрамды дайындау бойынша не істеу қажет екені және киім нысаны көрсетіледі.

22. Жеке құраммен нұсқама сабағы сыныпта объектілердің сызбасы мен макеттерін, көрнекі құралдарды, ҰҰ бөліністерінің ТҚӘҚ қалашығында немесе тікелей объектілерде (ТИ, ЖАК, кездесу бөлмесінде, басқа да бекеттер мен үй-жайларда) қашуға бейім сотталғандардың фотосуреттерін пайдалана отырып жүргізіледі.

Нұсқама сабақтарда жасақша құрамы жарияланады, жедел жағдай және БӘЖ міндеті жеткізіледі, сондай-ақ объектілердегі әкімшілік өкілдері айтылады. Сабақ барысында жеке құрамның жалпы және ерекше міндеттері мен жағдай шиеленіскен кезде іс-әрекеттер тәртібін білулері тексеріледі. Жауынгерлік қызметті өткеру кезінде заңдылықты қамтамасыз етуге, сотталғандарды үнемі бақылауда ұстауға, олардың жаза өтеудің белгіленген тәртібін сақтауын және мекемені күзетуді жүзеге асыратын бөлініспен және қарауылмен өзара іс-қимыл жасасу тәртібіне ерекше назар аударылады. Ерекше бақылауды қажет ететін объектілер мен орындар анықталады, сондай-ақ жауынгерлік қызмет өткеру уақыты белгіленеді.

23. БӘЖ-ның қызмет өткеруге бұйрықты әскери бөлініс командирі немесе оның бақылаушылар қызметі жөніндегі орынбасары береді.

Бұйрық берердің алдында БӘЖБ БӘЖ сапқа тұрғызады (бірқатарлы немесе екі қатарлы), жасақша адамдарының жабдықтарын тексеріп, әскери бөлініс командиріне немесе оның бақылаушылар қызметі жөніндегі орынбасарына баяндайды.

Мысалы: "Капитан мырза! БӘЖ жасақшасы қызмет өткеруге бұйрық алу үшін сапқа тұрғызылды. БӘЖБ сержант Әбдірахманов".

Бөлініс командирі (бұйрықты беруші адам) жеке құрамның қызмет өткеруге дайындығын, сыртқы келбетін тексереді, содан кейін "Жасақша – Түзел", "Тік тұр" деген команда береді, қолын бас киіміне апарып бұйрық береді.

БӘЖ бұйрығында:

1) жасақша міндеті;

2) заңдылықты бұзушылықтарға және сотталғандармен, оның туыстарымен қызметтен тыс байланысқа жол бермеу бойынша шаралар, төтенше жағдайлар, зіл-зала және басқа да апаттар кезінде іс-әрекет тәртібі;

3) бөлініспен, қарауылмен және мекеме әкімшілігімен байланыс ұстау тәртібі;

4) қызмет өткеру мерзімі;

5) БӘЖБ көрсетіледі.

24. Қызмет өткеруге бұйрық алғаннан кейін БӘЖ (бақылаушылар жасақшасы ) қызмет басталғанға дейін 20 минут қалғанда МБКК-ге келеді. БӘЖБ (БЖБ) Мысалы: "Майор мырза! БӘЖ (бақылаушылар жасақшасы) толық құрамда қызметке келді. БӘЖБ (БЖБ) сержант Әбдірахманов"

МБКК БӘЖ (бақылаушылар жасақшасы) құрамымен, міндеттерін білуімен танысқаннан кейін кезекші ауысымның жеке құрамын сапқа тұрғызады, жабдықтарын тексереді және мекеме бастығының режим және жедел жұмыс жөніндегі орынбасарына не бөлініс командирінің бақылаушылар қызметі жөніндегі орынбасарымен бірлесіп, нұсқаулық жүргізетін және мекемедегі жағдайды жеткізетін оны алмастыратын адамға баяндайды.

Нұсқама жүргізу кезінде қызмет өткеру кезінде заңдылықты, сотталғандарды ұдайы бақылауды, олардың жаза өтеудің белгіленген тәртібін, жедел жағдай шиеленіскен кезде іс-әрекеттерді сақтауына және мекемені күзетуді жүзеге асыратын қарауылмен өзара іс-қимыл жасасу тәртібіне ерекше назар аударылады . Ерекше бақылауды қажет ететін объектілер мен орындар анықталады, сондай-ақ қызмет өткеру уақыты белгіленеді.

Камерада ұстайтын мекемеде нұсқама жүргізу кезінде қосымша (уақытша) бекеттер қою арқылы бақылауды және қадағалауды күшейту бойынша нақты шаралардың, сондай-ақ қорытынды тінту, техникалық қарау жүргізілуі тиіс камералардың нөмірі және басқа да өкімдер көрсетіледі.

МБКК қызметке түскенге дейін кезекші ауысым құрамында қызметке түсетін мекеме қызметкерлеріне байланыс құралдарын, сондай-ақ арнайы құралдарды береді, бұл туралы мекеменің кезекші ауысымға арнайы құралдарды беруді есепке алу журналына белгі қояды, ал бақылаушылардың әскери жасақшасына арнайы құралдар мен байланыс құралдарын беруді рота бойынша кезекші бөліністе қызмет өткеруге бұйрық алардың алдында арнайы құралдарды беруді есепке алу журналына белгі қойып және арнайы құралдарды алған адамның қолын қойдыра отырып жүзеге асырады.

25. МБКК-нің рұқсатымен кезекші ауысым, БӘЖ (бақылаушылар жасақшасы ) тұрғын аймаққа ауысымға түседі, ал БӘЖ (бақылаушылар жасақшасы) адамдары бөлек орналасқан өндірістік объектілерге қызмет өткеру үшін өз бетінше қызмет өткеру орындарына барады және түскені туралы объекті әкімшілігінің өкіліне баяндайды.

26. Бекетке түскен бақылаушылар жеке қарап шығу жолымен объект жабдықтарының, БІЖ, КҚБжИТҚ, жер асты құбырларының, қызмет өткеретін орнының бүтіндігі мен жұмыс жағдайында екеніне көз жеткізіп, сотталғандар арасындағы жағдайды, қашуға бейім адамдардың жүрген және жұмыс орнын нақтылайды.

27. Мекемеде бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру бойынша кезекшілікке түсетін БӘЖ (бақылаушылар жасақшасы) мекеме аумағына кірген сәттен бастап шыққан сәтке дейін мекеме бастығының, оның орынбасарларының, МБКК-нің бағынысына өтеді және олардың тікелей басшылығымен қызмет өткереді. Қызмет өткеру кезінде БӘЖ (бақылаушылар жасақшасы) адамдары тек кімнің жедел бағынуына түскен адамның командасын орындайды.

28. Бақылау және қадағалау бекеттері:

1) МБКК (БӘЖ) (әр мекеменің ерекшелігіне байланысты, біріккен немесе бөлек);

2) ТИ, ЖАК-да;

3) жазаны өтеудің қатаң ұстау жағдайының үй-жайында;

4) тұрғын аймақта;

5) өндірістік аймақта;

6) жеңілдетілген жағдайда ұстау жасақтарында;

7) ҚАЖ қызметкерлерінің күзет, бақылау және қадағалауындағы мекемелердің бақылау-өткізу пунктерінде (бұдан әрі - БӨП);

8) медициналық-санитарлық бөлімде;

9) сотталғандарды камераларда ұстау мекемелерінің корпустарында;

10) карантин үй-жайында;

11) техникалық және қадағалау құралдарын басқару үй-жайында ( операторлық), (әр мекеменің ерекшелігіне байланысты біріккен немесе жеке);

12) ұзақ және қысқа мерзімді кездесу бөлмесінде;

13) көлікке еріп жүру бойынша орнатылады.

Жеткілікті негіздер бар болған жағдайда мекеме бастығының шешімімен және әскери бөлім командирінің келісімі бойынша мекеме объектілерінде қосымша бақылау және қадағалау бекеттері сотталғандарды жатақханаларда орналастыра отырып, локальды жасақша учаскелерінде, жеке тұрған

объектілердің учаскелерінде, мектеп үй-жайында, кәсіби техникалық лицейінде оқу процессі кезінде және сотталғандардың басқа да болатын жерлеріне орнатылуы мүмкін.

Күндізгі уақытта, әйел қызметкерлерге еріп жүру, сондай-ақ қауіпсіздігі барынша төмен мекеменің аумағынан тыс жұмыс объектілеріндегі сотталғандарды тексеру жылжымалы бекеттері қойылады.

Әйел адамдар (қызметкерлер, әскери қызметшілер, еркін жалдамалы жұмыскерлер және өзге де келушілер) сотталған ер адамдар ұсталатын ҚАЖ мекемесінің аумағына тек МБКК рұқсатымен, БӘЖ (бақылаушылар жасақшасы) адамдарының не мекеме қызметкерінің (ер адам) еріп жүруімен өткізіледі. Мекеме аумағында әйел адамның еріп жүретін адамсыз болуына жол берілмейді.

Әйел адамға еріп жүруді жүзеге асыру үшін МБКК тәулік жасақшасының не мекеме қызметкерлері қатарынан жауапты адамды анықтайды. Әйел адамға еріп жүру үшін БӨП-ке келген адам осы Қағидаға 5-қосымшаға сәйкес әйел адамға еріп жүру журналына қол қояды.

Әйел адамдарға еріп жүру тапсырылған адам мекеме аумағында еріп жүру және болу кезінде не стационарлық бекеттегі бақылаушыға тапсырғанға дейін солардың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауап береді.

Еріп жүрген адамдарды стационарлық бекеттің бақылаушысына тапсырған жағдайда бекет ведомосына тиісті жазба жазылады, одан әрі олардың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапкершілік бақылаушыға жүктеледі.

Әйел адамды мекемеден шығарған кезде БӘЖ (бақылаушылар жасақшасы) бақылаушысы не БӨП-ке дейін еріп жүрген мекеме қызметкері журналға қол қояды.

29. Бақылау және қадағалау жөніндегі БӘЖ (бақылаушылар жасақшасы) ТИ-мен ЖАК-қа МБКК және БӘЖБ-ның (БЖБ) бақылауымен, ал өндірістік объектіге – өндірістік аймақ бойынша кезекшінің немесе осы объектідегі әкімшілік өкілінің бақылауымен қызметке түседі (ауысады).

30. БӘЖБ бақылау және қадағалау бойынша бақылаушылардан бекетті қабылдағаны (тапсырғаны) туралы баяндама қабылдағаннан және мүлікті тізімдемеге сәйкес қабылдағаннан (тапсырғаннан) кейін тәуліктік бақылау және қадағалау ведомосына қол қояды. БӘЖБ жеке өзі ішкі тыйым салынған аумақтың жағдайын, бақылаушылар жолағы бойынша аралау арқылы аумаққа іргелес 15 және 50 метрлік жолақтарды қабылдайды. Бұл ретте жаңа ауысымның МБКК кезекшілікті қабылдау кезінде анықталған барлық кемшіліктер мен ақауларды жазады. Анықталған кемшіліктер мен ҚҚБжИТҚ жабдығындағы ақаулар, объектідегі сотталғандардың саны мен БІЖ-де табылған іздер туралы мекеме бастығына, БӘЖБ әскери бөлініс командиріне баяндайды және қарауыл бастығын ақпараттандырады.

31. Жедел жағдай шиелініскен кезде, демалыс және мейрам күндерінде, сондай-ақ күшейтілген түрде қызмет өткеру кезінде мекеме бастығы МБКК-ге бағынатын жедел топ тағайындайды. Олар кезекші ауысым құрамында қызмет атқарады. Әскери бөлім командирінің келісімі бойынша БӘЖ (бақылаушылар жасақшасы) жеке құрамы 3 ауысымдық қызмет өткеруге ауыстырылады.

32. Жедел топ құрамына кіретін қызметкерлер тәуліктік бақылау және қадағалау ведомосына 2,3 ауысымның жұмыс кестесін ескере отырып енгізіледі және МБКК-нің басшылығымен бақылау және қадағалау, сотталғандардың күн тәртібін сақтау бойынша міндеттерді орындайды. Жедел жағдай шиеленіскен кезде оны қалпына келтіру бойынша шаралар дереу қабылдайды. Жедел топ тәулік бойы қызмет өткере отырып, мекемеде болады. Жедел топ құрамына мекеме бастығы не оны алмастыратын адам бекіткен кестеге сәйкес мекеменің барлық бөлімдері мен қызметтерінің басшы құрамы адамдары кіреді.

Жедел топ құрамына енгізілген қызметкерлер мен БӘЖ (бақылаушылар жасақшасы) ауырып қалған жағдайдан басқа немесе жеке басының жағдайына ( жақын туысының қайтыс болуы немесе қатты ауыруы, қызметкерге, әскери қызметшіге немесе оның отбасына айтарлықтай материалдық шығын келтірген табиғат апаты) және қызметтік қажеттілікке байланысты мекеме аумағын тастап кетпейді.

33. Демалыс және мереке күндері, сондай-ақ күшейтілген түрде қызмет өткеру кезеңінде мекеме бойынша жауапты ретінде мекеме бастығы бекіткен кестеге сәйкес мекеме басшы құрамы қатарынан (бастық және оның орынбасарлары) түседі. Кезекшілік өткеру кезеңінде жауапты қызметкерлер мекеме аумағында тәулік бойы кезекші болады.

## 3-параграф. Қадағалауды жүзеге асыруды бақылау

34. Мекеме бастығы, әскери бөлініс командирі БӘЖ (бақылаушылар жасақшасы) қызмет өткеруін аптасына кемінде екі рет тексереді, ал мекеме бастығының режим және жедел жұмыс жөніндегі орынбасары, әскери бөлініс командирінің бақылаушылар қызметі жөніндегі орынбасары - күн сайын тексереді.

Тексеріс саны мен уақыты әрбір БӘЖ (бақылаушылар жасақшасы) бөлініс офицерлерімен және мекеме бастығымен немесе оның орынбасарларымен ауысымда кемінде бір рет тексеруді есепке ала отырып қарастырылады.

МБКК-нің және объектілердегі әкімшілік өкілінің қызмет өткеруін тексеруді мекеме бастығы не мекеме басшы құрамының адамдары жүзеге асырады.

35. Бекеттерде және басқа да қызмет өткеру орындарында мекеме, аумақтық бөлініс, ҚАЖ комитетінің тексерушілері, Ұлттық ұлан бөлінісінің және әскери

бөлімдерінің офицерлері, сондай-ақ Ұлттық ұлан бас қолбасшылығының өкілдері ; кезекші ауысымның және БӘЖ (бақылаушылар жасақшасы) құрамының бар-жоғын және қызметтерінің тәуліктік бақылау және қадағалау ведомосына сәйкес келуін, қызметтік құжаттамасын, аумақтың жай-күйін, аумақты түнгі уақытта жарықтандыруды, бөгеу құрылғыларын, жер асты құрылыстары мен құбырларын, БІЖ және оған іргелес аумақты, қоршауды, байланыс және сигнализация құралдарының жұмыс жағдайын тексереді, сондай-ақ ТИ, ЖАК-да, қатаң жағдайда ұстау тәртібі мен жағдайын сақтауды, кездесу өткізуді, сәлемдемелер мен бандерольдарды қабылдау мен беруді, объектіде сотталғандардың бар болуын, күн тәртібінде және тәуліктік бақылау және қадағалау ведомосінде көзделген іс-шараларды уақтылы өткізуде тексереді.

Бақылаушылар құрамы мен кезекші ауысымның сыртқы келбеттері, объектілердегі жағдайды, қашуға және ұстау режимін қасақана бұзуға бейім сотталғандардың санын, олардың орналасқан және жұмыс істейтін орындарын, көлік пен жер асты құбырларына бақылау жасау әдістерін білулері, бағыттық карточкалардың болуын, бақылау және қадағалауды жүзеге асыру бойынша қызмет өткеру кезіндегі жасақшаның бағыт ерекшеліктерін білуін, сондай-ақ төтенше жағдайлар туындаған кезде өзара іс-қимыл жасау және іс-әрекеттер тәртібін білулері тексеріледі.

36. Сотталғандардың мінез-құлқын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру бойынша қызмет өткеруді тексеру нәтижелері тәуліктік ведомосқа жазылады, ТИ және ЖАК тексерген кезде осы Қағидаға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ТИ және ЖАК баруды есепке алу журналына жазылады.

37. Егер БӘЖ (бақылаушылар жасақшасы) тексеру кезінде қызмет өткеру қағидасын бұзу – спирттік ішімдік пайдалану, сотталғандармен қызметтен тыс байланыс т.б., анықталса осы бұзушылықтарға жол берген адамдар қызметтен бос бақылаушылармен немесе мекеме қызметкерлерімен ауыстырылып, одан әрі қызмет өткеруден дереу шеттетіледі, бұл туралы тәуліктік бақылау және қадағалау ведомосына тиісті белгі жасалады. Мекеме қызметкерлерінің қызметтен тыс байланысқа түсу фактілері бойынша аумақтық бөлініс қызметкерлері қызметтік тергеу жүргізеді, ҰҰ әскери қызметшілері қызметтен тыс байланысқа түскен кезде аумақтық бөліністің қызметкерлері мен әскери бөлім штабы бірлескен қызметтік тергеу жүргізеді.

## 4-параграф. Қызмет өткерудің қорытындысын шығару

38. Кезекші жасақшалардың қызмет өткеру нәтижесі олардың ауысымынан кейін өткізіледі. БӘЖ-ге (бақылаушылар жасақшасына) бағаны ("өте жақсы", " жақсы", "қанағаттанарлық", "қанағаттанарлықсыз") мекеме бастығының режим

және жедел жұмыс жөніндегі орынбасары ауысымның осы Қағиданың талаптарын орындауларын талдай отырып, тәуліктік бақылау және қадағалау ведомосіне қояды. Жеке орналасқан объектідегі БӘЖ (бақылаушылар жасақшасы) қызмет өткеруіне бағаны режим бөлімінің, бөлімшесінің бастығы, топ басшысы осы объектідегі мекеме әкімшілігі өкілінің келісімі бойынша қояды . Баға қою кезінде жедел жағдайдың деректерін білуі мен тиімді пайдалануы, күн тәртібінің орындалуын қамтамасыз етуі, мекеме қызметтерімен өзара іс-қимыл жасасуы, бекітілген бақылау және қадағалау жоспарына сәйкес қызмет көлемін орындауы, профилактикалық есепте тұрған адамдардың мінез-құлқын бақылау жағдайы, бақылау және қадағалауда техникалық құралдарды пайдалануы, мекемедегі құқықтық тәртіптің жай күйі, сотталғандар тарапынан төтенше жағдайға жол бермеуі ескеріледі.

39. Бөліністің БӘЖ қызмет өткеру қорытындысын ай сайын рота командирі немесе оның бақылаушылар қызметі жөнінде орынбасары шығарады. Кеңес аяқталғаннан кейін келесі айға міндет қойылады. Қорытынды шығаруға мекеме бастығы және оның режим және жедел жұмыс жөніндегі орынбасары қатысуы тиіс.

40. Сотталғандардың мінез-құлқын бақылауды және қадағалауды жүзеге асырудың қорытындысын мекеме бастығы ай сайын әскери бөліністің командирінің және оның бақылаушылар қызметі жөніндегі орынбасарының міндетті түрде қатысуымен қызметтік кеңестерде шығарады.

41. Қорытынды шығару кезінде мыналар: барлық қызметтердің бақылауды және қадағалауды қамтамасыз етуге қатысуы, сотталғандарды оқшаулау сенімділігі, олар жасаған қылмыстар, жаза өтеудің белгіленген тәртібін бұзушылықтар, оларды жасаудың мән-жайлары, себептері және жағдайлары; қызметкерлер мен БӘЖ (бақылаушылар жасақшасы) құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу бойынша белсенділігі, қызмет өткеру кезінде заңдылықты сақтауы ескеріледі. Ерекшеленген қызметкерлер мен кезекші ауысымдарға тиісті ынталандыру шаралары қолданылады. Кеңес келесі айға міндеттер қоюмен аяқталады және хаттамамен ресімделеді.

## 3. Мекемеде бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру тәртібі

### 1-параграф. Тұрғын аймақта бақылау және қадағалау

42. Тұрғын аймақта бақылау мен қадағалауды мекеме қызметкерлерімен өзара іс-қимыл жасаса отырып, МБКК-ның тікелей басшылығымен бақылаушылар жүзеге асырады.

43. Кестеде белгіленген уақытта, белгілі бағыттар бойынша аумақты, тұрғын, тұрмыстық және оқу үй-жайларын аралау жүргізіледі, бұл ретте сотталғандардың

мінез-құлқын бақылау жүзеге асырылады және олардың жаза өтеудің белгіленген тәртібін сақтауы бақыланады.

44. Кезең-кезеңмен кесте бойынша қашуға ықтимал орындар, КҚБжИТҚ, жер асты ғимараттары мен коммуникацияларының қоршау құрылғыларының дұрыстығы, БІЖ-ның жай-күйі тексеріліп, ішкі тыйым салынған аймаққа іргелес аумақты бақылау жүргізіледі, тұрғын аймаққа сотталғандарға сақтауға және пайдалануға рұқсат етілмеген заттар мен бұйымдарды лақтырудың жолы кесіледі , сотталғандарды тінту жүргізіледі.

45. Сотталған мінез-құлық қағидаларын бұзған жағдайда бақылаушылар ( мекеме қызметкерлері) одан тәртіп бұзушылықты тоқтатуды талап етуі тиіс, ал қажет болған жағдайда оны ұстап, МБКК-нің (бақылаушылар жасақшасының) қызметтік үй-жайына алып келеді. Егер сотталған ескертуге қарамастан, олардың талаптарын орындамаса, жағдай (сотталғандардың жиналуы немесе өзге де мән-жайлар) оны МБКК-нің (бақылаушылар жасақшасының) қызметтік үй-жайына алып келуге мүмкіндік бермесе, онда БӘЖ (бақылаушылар жасақшасы) тағы бір рет тәртіп бұзушылықты тоқтатуды талап етеді, оның түрін есіне сақтап алады және МБКК-ге оқиға туралы баяндайды.

Балағаттап, қорқытуға жол берген сотталғандарға ескерту жасалады, түсініктеме алу үшін МБКК үй-жайына шақыртылады немесе жеткізіледі.

46. БӘЖ (бақылаушылар жасақшасы) тәртіп бұзушылықтың, дене күшін, арнайы құралдар мен қызметтік иттерді қолданудың барлық фактілері бойынша екі данада акті жасалады, бірінші данасы журналға тіркеліп, МБКК-ге беріледі, екінші данасы – бөлініс командирінің бақылаушылар қызметі жөніндегі орынбасарына беріледі.

47. Режим бұзушыны, әсіресе мас күйдегі адамдарды ұстаған кезде мекеме қызметкерлері мен БӘЖ (бақылаушылар жасақшасы) сотталғандар тарапынан арандатушылық іс-әрекеттерін тудырмау үшін ұстамдылық пен сақтық танытуы тиіс.

48. Мекемеде бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру кезінде сотталғандардың өзінің жергілікті аймағынан өз еркімен шығу мүмкіндігін болдырмау үшін осы Қағидаға 7-қосымшаға сәйкес мекеме жатақханаларын жабдықтау бойынша талаптарға сәйкес қатаң өткізу режим қамтамасыз етіледі.

Бекіту, құлыптау немесе электр-механикалық құрылғысымен жабдықталған жергілікті аймақтардың қоршау қақпаларын тек мекеме, БӘЖ (бақылаушылар жасақшасы) қызметкерлері ашады. Күндізгі уақытта аумақ және жергілікті аймақтың үй-жайы жүйелі түрде тексеріліп отырады. Сотталғандарға визуалды бақылау жүргізіледі.

49. Сотталғандарды тексеру күн тәртібінде белгіленген тәртіппен МБКК-нің басшылығымен күніне екі реттен кем емес жүргізіледі.

1) "Тексеру" сигналы бойынша сотталғандар жасақтары бойынша (жасақтар бригада бойынша) тексеру үшін жабдықталған белгіленген орындарды немесе жергілікті учаскелерде сапқа тұрады. МБКК-нің командасымен жасақ бастықтары, олар болмаған кезде МБКК-нің тапсырмасы бойынша мекеменің кез келген басқа қызметкері не БӘЖ бақылаушысы сотталғандарды карточкалар бойынша тегімен тексеріс жүргізеді. Сотталғанның тегі оқылады, содан кейін сотталған анық және түсінікті етіп аты мен әкесінің атын атайды және саптың қарама-қарсы жағына өтеді. Тегі бойынша тексеріс жүргізген лауазымды адам МБКК-ге жасақтағы сотталғандардың саны туралы баяндайды. Тегі бойынша тексеріс аяқталғаннан кейін саны бойынша тексеріс жүргізу үшін сотталғандар бастапқы жағдайға келіп тұрады;

2) МБКК БӘЖБ-мен (БЖБ) бірлесіп, мекеменің тұрғын және өндірістік аймақтарындағы сотталғандарға сандық есеп жүргізеді, содан кейін ТИ-де, ЖАК-те медициналық-санитарлық бөлімде, карантин үй-жайында, қатаң жағдайда ұсталатын сотталғандардың, сапқа тұрудан босатылғандардың бар-жоғын тексереді. Қатаң жағдайда ұсталатын сотталғандарды тексеру тұрғын аймақтағы сотталғандарды тексеруге ұқсас жүргізіледі;

3) сапқа тұрудан түнгі ауысымдағы жұмыстан кейін демалушы, ауруына байланысты төсек тартып жатқан, сондай-ақ тастап кетуі мүмкін емес жұмыс орнындағы сотталғандар босатылады. Мұндай адамдардың бар-жоғын тек мекеме, БӘЖ (бақылаушылар жасақшасы) қызметкерлері карточка бойынша жеке деректерін және фотосуреттерін міндетті түрде салыстыра отырып, олар болатын орындарда тексереді. Жауын-шашынды ауа-райында және қыста температура 25 градустан төмен болған кезде сапқа тұру және сотталғандарды тексеру жасақтар бойынша тұрғын үй-жайларда өткізіледі;

4) тексеріс аяқталғаннан кейін БӘЖБ (БЖБ) тексеріс нәтижелерін арнайы бөлімдегі деректермен салыстыра тексереді және МБКК-ге баяндайды. Деректерде айырмашылықтар болған кезде олардың себептері анықталады, жоқ сотталғандарды іздестіруге шаралар қабылданады, ал қажет болған жағдайда қайта тексеріс жүргізіледі. Тексеріс нәтижелері туралы МБКК мекеме бастығына баяндайды, қарауыл бастығын хабардар етеді. Демалыс күндері БӘЖ ( бақылаушылар жасақшасы) жедел топтың офицерлерімен бірлесіп, сотталғандарды бақылау карточкалары бойынша тексеру жүргізеді;

5) камералық жағдайдағы мекемеде тексеру камералар бойынша: таңертеңгі – таңғы тұрудан кейін, жұмысқа шыққанға дейін, кешкі –ұйықтардың алдында, ал емдеу мекемелерінде – палаталар бойынша жүргізіледі. Тексеріс карточка бойынша жеке деректер мен фотосуретті міндетті түрде салыстыра тексере отырып, санын есептеу арқылы жүргізіледі.

## 2-параграф. ТИ мен ЖАК-та ұсталатын сотталғандарды бақылау және қадағалау

50. Мекеме бастығының немесе тиісті бұйрықпен оның міндеттерін осы Қағидаға 8, 9-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша уақытша орындау жүктелген адамның не осы Қағидаға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша МБКК-нің қаулысы сотталған адамды ТИ-да, ЖАК-та ұстау үшін негіз болып табылады. ТИ, ЖАК үй-жайлары осы Қағидаға 11-қосымшаға сәйкес жабдықталады, ТИ және ЖАК ғимараттарындағы үй-жайлардың тізбесі, сондай-ақ ЖАК-тағы камералар қамтамасыз етілетін мүкәммалдар мен заттардың тізбесі осы Қағидаға 12 және 13-қосымшаларда көрсетілген.

Камералардың алдындағы бекеттер екі жақты дабыл дыбыс сигнализациясы бар хабарлағышпен, мекеменің кезекші бөліміндегі басқару пультімен байланысқан тікелей телефонмен жабдықталады. Камераға кіреберіс қабырғада камерадағы сотталғандардың фотосуреттері, олардың анкеталық деректері және қылмыс құрамының қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ профилактикалық есепке алу санаты бар тақташалар сырт жағынан орналастырылады.

51. Сотталғанды ТИ-ге немесе ЖАК-ке қабылдауды бақылаушы МБКК-нің басшылығымен тек дәрігерлік тексеруден кейін жүзеге асырады, оның нәтижелері бойынша қаулыда денсаулық жағдайы бойынша сотталғанды ұстау мүмкіндігі туралы жазба жасалады. Сотталғанды ТИ-ге немесе ЖАК-ке қамау туралы қаулыны, әдетте, осы жазалау шарасын қолданған адам жариялайды.

Сотталғанды ТИ-ге немесе ЖАК-ке қабылдау кезінде бақылаушы қамау туралы қаулының бар-жоғын тексеріп, сотталғанды осы Қағидаға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ТИ-да және ЖАК-та ұсталатын сотталғандарды есепке алу кітабына жазады, оған тінту жүргізіп, алынып қойылған заттарды қаулының бланкісіне жазады, сотталғанға ТИ-ге немесе ЖАК-ке бекітілген киімді кигізіп, камераға қамайды, содан кейін сотталғанды қабылдау туралы қаулыға қол қояды.

Тиісті қаулылар шығарылған сотталғандарды МБКК және БӘЖБ (БЖБ) кезекші ауысымның кемінде 2 адамының еріп жүруімен ТИ-ге немесе ЖАК-қа жеткізеді.

ТИ-де немесе ЖАК-та сотталғанның жазасын өтеу мерзімі аяқталғаннан кейін бақылаушы МБКК-нің және жасақ бастығының қатысуымен оны босатады, ол туралы қаулы мен есепке алу кітабына белгі жасайды.

Сотталғанды жеке тінту оны ТИ-ге немесе ЖАК-қа қамау және босату кезінде, жұмыстан қайтып оралған кезде жүргізіледі.

52. ТИ-де және ЖАК-та ұсталатын сотталғандар серуендеуге камералар бойынша бақылаушылардың кезекшілікті қабылдау-тапсыру кезеңінде

шығарылады. Оларды серуендеуге шығару алдында бақылаушы серуендеуге арналған ауланы және оның қоршауының жай-күйін мұқият тексереді.

Серуендеу кезінде сотталғандарды бақылау ауысымның кезекшілікке түсетін бақылаушылардың біреуі жүзеге асырады. Серуендеу уақыты 1,5 сағаттан көп емес.

Сотталғандар жұмыста немесе серуендеуде болған уақытта сотталғандарға сақтауға және пайдалануға рұқсат етілмеген заттарды, құжаттарды, бұйымдарды, азық-түлік өнімдерін, қашып кетуге әзірлік құралдарын тауып алу мақсатында камераларға тексеру жүргізіледі, сондай-ақ құлыптардың, терезе торларының және басқа да жабдықтардың ақаусыз болуы тексеріледі.

Камера қабырғаларының зақымдалуы, ағаш және металл конструкциялардың сынғаны және егелуі анықталған кезде БӘЖБ (БЖБ) МБКК-ге (күндізгі ауысымның аға қызметкері) бақылайды, ол мекеме бастығының режим және жедел жұмыс (күзет, режим және қадағалау) жөніндегі орынбасарына немесе оның міндетін атқарушы адамға дереу хабарлайды, ол қызметтік тергеу жүргізу тағайындайды. Қажет болған кезде сотталғандар басқа камераларға ауыстырылады. Анықталған кемшіліктерді жоюға дереу шаралар қабылданады.

Әрбір камераны техникалық тексеру нәтижелері бойынша акті жасалады, ол режим және қадағалау бөліміне (режим бөлімі, бөлімшесі, тобы) осы Қағидаға 17 -қосымшаға сәйкес нысан бойынша камераларды техникалық тексеру актілерін есепке алу журналына тіркеу үшін тапсырылады. Режим және қадағалау бөлімінде (режим бөлімі, бөлімшесі, тобы) әрбір камераға жыл сайын жаңа папка ашылады, оған камераларды техникалық тексеру нәтижелері бар тіркелген актілер күн сайын тігіледі.

53. Сотталғанды ТИ-дан, ЖАК-тан тыс жерлерге әкімшіліктің шақыруы бойынша немесе басқа да мән-жайларда камерадан шығаруды тек МБКК-нің нұсқауы бойынша сотталғанға мекеменің екі қызметкерінің не бақылаушылар жасақшасының (БӘЖ) міндетті түрде еріп жүруімен жүргізіледі. Сотталғандарды камерадан шығару бір сотталғанға кемінде екі қызметкер есебінен МБКК-нің, БӘЖБ-нің (БЖБ) және резерв тобының қатысуымен жүргізіледі.

Бақылаушы қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, камераның есігін ашып, сотталғанға "Сыртқа шық" деп команда береді, сотталған камерадан шыққаннан кейін сотталғанға "Бетіңмен қабырғаға қарап тұр" деген команда беріледі, сотталған бетімен қабырғаға бұрылып, қолдарын жоғары көтереді және алақандарымен қабырғаны тіреп тұрады, бұл ретте аяқтары иықтарымен бірдей күйде. Бос бақылаушы сотталғанға қарап тексеру жүргізеді, содан кейін оның еріп жүруін қамтамасыз етеді.

Сотталғанды ТИ-дан және ЖАК-ден шығарып мекеменің аумағы бойынша алып жүрген кезде сотталғанның қолдары арқасында ұсталады.

54. Камера тек МБКК-нің қатысуымен, бір сотталғанға кемінде екі қызметкер болған кезде ашылады. Камераны ашар алдында бақылаушы сотталғандардың тұруын, есіктен ары тұруын, есікке қарама-қарсы қабырғаның алдында және кіреберістен 2 метрден жақын емес қашықтықта сапқа тұруын, қолдарының алақандарын ашып тік тұруын талап етеді. Сотталғандардың осы командалары орындағанына көзін жеткізіп, камера есігін ашады.

Осы қауіпсіздік шаралары сақтамай және объективті қажеттілік болмаған жағдайда камералардың есіктері ашылмайды.

Сотталған адам ауыру ұстамасында немесе өзін өзі өлтіруге әрекеттенген жағдайда бақылаушы, егер камерада бірнеше сотталған ұсталатын болса қажетті көмек көрсетуді талап етеді, дереу дабыл сигналын қосып, МБКК мен БӘЖ ( бақылаушылар жасақшасы) келгеннен кейін камераны ашады және оған қажетті көмек көрсетеді, бұл ретте басқа сотталғандар камерадан шығарылады.

Егер сотталған камерада жалғыз болса бақылаушы камераны ашып дабыл сигналын басып, МБКК және бақылаушылар жасақшасы (БӘЖ) келгеннен кейін қажетті көмек көрсетеді.

55. Мекеме әкімшілігінің өкілдері мен өзге де адамдар сотталғандардың камераларына бару кезінде бақылаушылардың біреуі камераға бірінші болып кіріп, келген адамдардың алдында, ал екінші бақылаушы есіктің алдында тұрады. Екі бақылаушы да сотталғандар тарапынан шабуылды және олардың камерадан шығуын болдырмау мақсатында сотталғандарға бақылау жасайды.

Камераға мекеме әкімшілігінің өкілдері және өзге де адамдар кірген кезде, камера бойынша кезекші осы Қағидаға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша баяндама жасайды.

56. Бақылаушы ТИ және ЖАК дәлізі бойымен қозғалып, сотталғандарды есіктегі қарау көзшелері арқылы мұқият бақылайды. Камера есіктері, сондай-ақ дәлізге кіретін есіктер үнемі құлыпқа жабық болады. Камералардың кілттері МБКК-де сақталады, қосалқылары МБКК-нің мөрімен мөрленіп, кезекші бақылаушының пеналында болады. Табиғат апаты жағдайында (өрт, жерсілкінісі, су басу және т.б) ТИ және ЖАК бойынша бақылаушы адамдардың өлімін болдырмау үшін камераларды өз еркімен аша алады.

Бекеттегі бақылаушы не төтенше жағдайдың туындауын байқаған әкімшіліктің өкілі дабыл сигнализациясын қосу арқылы дабыл сигналын береді, не радио-телефон байланыс құралдары арқылы БӘЖБ (БЖБ) баяндайды, ол белгі алғаннан кейін МБКК-ге, бөлініс командиріне баяндайды. МБКК дабыл сигналын алғаннан кейін мекемеде дыбысзорайтқыш не радио байланыс арқылы дабыл жариялайды және мекеме бастығына баяндайды.

57. ТИ-да және ЖАК-та ұсталатын сотталғандарды тексеру күніне екі рет жүргізіледі. Таңғы тексеруді ауысымды тапсыратын МБКК-нің басшылық

етуімен, ауысатын және қызметке түсетін жасақшаның күші жүзеге асырады. Тексеру сотталғандарды камерадан шығарып, камера бойынша жүргізіледі, бұл ретте толық тінту мен камераны техникалық қарау жүргізіледі.

Сотталғандарды кешкі тексеру МБКК-ның және БӘЖБ-ның (БЖБ) басшылық етуімен, күн тәртібінде белгіленген уақытта жүргізіледі.

Сотталғандар команда бойынша камерада сапқа тұрады және бақылаушы камера бойынша тізіммен олардың бар-жоғын тексереді. Тексеру кезінде камералардың сыртқы есігі ашылады, ал ішкі торланған есіктер құлыпқа жабық болады.

58. ТИ-да және ЖАК-да ұсталатын сотталғандардың камералары кезекшілік тәртібінде тазаланады. Кезекші ылғалды тазалауды жүзеге асырады. Тұрғаннан кейін матрацтар төсек-орынды сақтауға арналған бөлмеге тапсырылады, кереуеттері көтеріледі және қабырғаға бекітіледі. Камерада сотталғандар ТИ немесе ЖАК бекітілген арнайы киімде және жұмсақ бөлме аяқ киімінде болады.

ТИ, ЖАК жалпы пайдаланатын орындарды және оған іргелес аумақты тазалау ҚАК-тың 121-бабына сәйкес жүргізіледі.

Тамақты жеткізуді және таратуды, шаруашылық қызмет көрсетумен айналысатын арнайы тағайындалған адамдар жүргізеді. Тамақ тарату МБКК-нің немесе БӘЖБ (БЖБ) қатысуымен бақылаушылардың бақылауымен жүргізіледі.

## 3-параграф. Өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталғандарды және өлім жазасына сотталғандарды бақылаудың және қадағалаудың ерекшеліктері

59. Өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталғандарды және өлім жазасына сотталғандарды (бұдан әрі – ӨББА және ӨЖ) бақылауды және қадағалауды 15 камераға екі бақылаушыдан кем емес есебінен болатын БӘЖ ( бақылаушылар жасақшасы) жүзеге асырады. Камераның алдында бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын бақылаушылар үнемі көрініп тұратын өзара бақылауда болуы тиіс.

ӨББА-ға және ӨЖ-ға сотталғандарды ұстауға арналған камералар осы Қағиданың талаптарына сәйкес жабдықталады. Камералардың есіктері құлыптармен жабдықталады, ал олардың кілттері корпус бойынша аға қызметкерде болады. ӨББА және ӨЖ сотталғандарды ұстауға арналған камераның сызбасы осы Қағидаға 14-қосымшада көрсетілген, ӨББА, ӨЖ сотталғандардың қысқа мерзімді кездесу өткізу, жеке мәселелер бойынша қабылдау және телефонмен сөйлесуге арналған бөлмені жабдықтау сызбасы осы Қағидаға 15-қосымшада көрсетілген.

ӨББА-ға және ӨЖ-ға сотталғандарды ұстауға арналған ТИ және ЖАК камералары, оларды ұстауға арналған камераларға ұқсас жабдықталады.

60. ӨББА-ға және ӨЖ-ға сотталғандарды серуенге шығару кезінде мезгілдік киімді, аяқ-киімді резервтік топтың бақылаушысы бөліп тұрған тор арқылы камера бойынша кезекшісіне береді. Сотталғандарға кісен салынады, оларға тінту өткізеді және серуендеу ауласына айдауылдайды. ӨББА-ға және ӨЖ-ға сотталғандарды серуендеу ауласына бір-бірден кіргізеді. Сотталғандар серуендеу ауласының қарсы жақ есігіндегі қабырғаға бетін бұрып сапқа тұрады.

Серуендеу ауласының есіктері құлыппен жабылады. Бақылаушының командасы бойынша сотталғандар серуендеу ауласы есігінің терезесіне бір-бірден жақындайды және олардан серуендеу кезінде кісендерін алады. Серуендеу бақылау мен қадағалау жөніндегі бақылаушының командасы бойынша жүзеге асырылады. ӨББА-ға және ӨЖ-ға сотталғандарды серуендету күн сайын тәуліктің күндізгі уақытында, камералап, бір-бірінен оқшауланған серуендеу аулаларында жүзеге асырылады. Серуендеу уақытында ӨББА-ға және ӨЖ-ға сотталғандарды бақылауды және қадағалауды үнемі бақылаушылар серуендеу ауласының жоғарғы жағындағы төбесінде серуендеу ауласының барлық алаңын байқау мүмкіндігі болатын рабица-сеткамен жабылған, тор түрінде жабдықталған бақылаушылар жасақшасы соқпағынан жүзеге асырады. Бұл ретте әртүрлі камераларда ұсталатын сотталғандардың араласу мүмкіндігін болдырмау керек. Серуендеу белгіленген қағиданы бұзған кезде немесе сотталғандардың қалауы бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

ӨББА-ға және ӨЖ-ға сотталғандарға арналған камералардағы желдеткіштерді серуендеуді өткізу кезінде, ерекше жағдайларда, бақылаушылар ( мекеме қызметкерлері) ұзындығы кемінде 1,3 м болатын басында ілмегі бар арнайы шыбықпен ашады, оны бақылаушы камера бойынша кезекшіге есіктегі желдеткіш арқылы береді, бұл ретте шыбықтың доғал ұшы сыртқа қаратылып беріледі және кезекші оны кейін қарай сол тәртіп бойынша береді.

61. ӨББА-ға және ӨЖ-ға сотталғандарды камерадан шығару тек МБКК рұқсатымен:

1) кездесуге рұқсат берген кезде;

2) тергеу амалдарын жүргізген кезде;

3) қажетті медициналық рәсімдер жүргізген кезде;

4) заңға қайшы әрекеттердің жолын кесу кезінде;

5) серуенге шығарған кезде;

6) жұмысқа шығарған кезде;

7) әкімшілік өкілдерімен сұхбат жүргізу кезінде;

8) тексеру, тінту, камераларды техникалық тексеру жүргізу кезінде;

9) камерадан камераға ауыстыру кезінде;

10) моншаның боксында шомылу кезінде жүргізіледі.

ӨББА-ға және ӨЖ-ға сотталғандарға еріп жүру бір сотталғанға кезекші жасақшасының қатарынан екі бақылаушысы (мекеме қызметкерінің) есебінен жүзеге асырылады. ӨББА-ға және ӨЖ-ға сотталғандарға еріп жүру кезінде олардың артқа қайырылған қолдарына кісен салынады. ӨББА-ға және ӨЖ-ға сотталғандарға мекемесінің аумағында еріп жүру шынтақты ұстап, тік қалпында және қызметтік иттерді қолдана отырып, тек кинолог-маманның қатысуымен жүзеге асырылады.

62. Камера МБКК-нің қатысуымен корпус бойынша жетекшінің және ӨББА-ға және ӨЖ-ға бір сотталғанға кемінде екі бақылаушы (мекеме қызметкерлері) болған кезде ашылады, бұл ретте кезекші бақылаушы есіктің желдеткішін ашып, сотталғандарға сапқа тұруға команда береді. Сотталғандар қабырғаға беттерімен қарап, аяқтары иықтарының кеңдігіндей, қолдарын қабырғаға тіреп, қолдарының саусақтары ашылған күйінде сапқа тұрғызылады. Камера бойынша кезекші қолдарын жоғары көтеріп, әкімшілік өкілдеріне бетімен бұрылады және осы Қағидаға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша баяндама жасайды.

Бақылаушы, оның командасы орындалғанына көз жеткізген соң және камера бойынша кезекшінің баяндамасынан кейін тек ілесіп жүруші жетекшінің командасы бойынша, қажет болған жағдайда сыртқы есікті ашады, содан кейін сотталғандардың бетін қабырғаға қарап тұрғандықтарына көз жеткізіп, командаға сәйкес ішкі торланған есікті ашады. Бөліп тұратын тордың есігін қарап, жақын келеді және бөліп тұратын тордың есігінің желдеткіші арқылы сотталғандардың қолдарына кезектестіріп кісен салады.

Әкімшілік өкілдерінің камераға кіруі алдында ӨББА-ға және ӨЖ-ға сотталғандарға бөлу торы арқылы қолдарына кезекпен кісен мынадай тәртіппен кигізіледі: сотталған басын төмен түсіріп, тізелерін бүгіп, қолдарын артына қайырып көтеріп, бөлу торының есігіне жақындайды және оған арқасын қаратып бұрылып, есік көзіне қолын сұғады, бақылаушы оның қолына кісен салады, содан кейін сотталған дәл осындай күйде камера қабырғасына барады және беттерін қабырғаға қаратып тұрады.

Камераға сотталғандардың қатысуымен қауіпсіздік шараларын сақтамай және объективті қажеттілік болмай кіруге болмайды.

63. ӨББА-ға және ӨЖ-ға сотталғандарды бақылау мен қадағалау жөніндегі ішкі бекеттердің бақылаушылары:

1) сотталғандар болған кезде камералардың есігін ашық тастамайды;

2) бірнеше сотталғанды және әртүрлі камерада ұсталатын сотталғандарды біруақытта шығармайды;

3) тамақ таратқан кезде бөліп тұрған ішкі есікті ашпайды;

4) МБКК-нің, корпус бойынша бастығының рұқсатынсыз өз бетімен камераны ашпайды;

5) сотталғандармен қызметтен тыс байланысқа түспейді және қызмет мүддесіне байланысты емес бөгде әңгімелер жүргізбейді.

Тамақты ӨББА-ға және ӨЖ-ға сотталғандардың камерасына кемінде 3 бақылаушының қатысуымен, қосалқы топтың бақылаушысы күн тәртібінде белгіленген уақытта, камера бойынша, есіктің желдеткіші арқылы береді, оны камера бойынша кезекші алады.

ӨББА-ға және ӨЖ-ға сотталғандарға пайдалануға рұқсат берілген заттарды ( хаттар, медициналық заттар, кітаптар) беру кезінде арнайы құралдар пайдаланылады, бұл ретте тек беру терезелері ашылады, камералардың есіктері ашылмайды.

64. ӨББА-ға және ӨЖ-ға сотталғандардың камераларын тазалауды сотталғандар кезектесіп жүргізеді. Кезекші ылғалды тазалауды жүзеге асырады. Кереуеттерін жинау кезінде металл құрылыстары көрінуі үшін матрацтар екіге бүктеледі, кереуеттерді жинастыру бекітілген үлгі бойынша жүргізіледі. Демалу тек белгіленген уақытта жайылған төсек жабдығында сыртқы киімсіз жатуға рұқсат беріледі.

Сыртқы қысқы киімдер және аяқ киімдер арнайы белгіленген орында болуы тиіс. Камерада сотталғандар күнделікті арнайы киім үлгісінде және жұмсақ бөлме аяқ киімде болады.

65. Сотталғандарды жуындыру камера бойынша бір-бірінен оқшауланған монша бокстарында аптасына бір реттен кем емес жүргізіледі. Бұл ретте кісендер монша боксына кірген кезде және тор есік жабылған соң шешіледі. ӨББА-ға және ӨЖ-ға сотталғандардан кісенді шешу серуендеу алаңына шығарғандағыдай тәртіпте жүргізіледі, ол туралы санитарлық тазалаудан өткен сотталғандарды есепке алу журналына белгі қойылады. Жуынуға шығару кезінде бастың шашы қысқартылады. Жуынатын күні ішкі киім және төсек-орны, сондай-ақ жууды қажет ететін киімдері ауыстырылады.

Сотталғандар өз бетімен киімдерін жумайды.

## 4-параграф. Өндіріс объектісінде бақылау және қадағалау

66. Сотталғандарды өндіріс объектісінде бақылау мен қадағалауды БӘЖ ( бақылаушылар жасақшасы) адамдарды, мекеме қызметкерлері мен сотталғандардың еңбегін ұйымдастыратын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі "Еңбек" республикалық мемлекеттік кәсіпорын (бұдан әрі – "Еңбек" РМК) филиалдарының жұмыскерлері жүзеге асырады.

Бір ауысымда жұмыс істейтін тұрақты және уақытша өндірістік объектідегі сотталғандарды шығармай тұрып бақылаушылар қарап шығады.

Объектіде мекеме әкімшілік өкілдері мен БӘЖ (бақылаушылар жасақшасы) белгіленген уақытта анықталған бағыт бойынша өндірістік ғимараттарды, тұрмыстық үй-жайларды, объект аумағы мен сотталғандардың жұмыс орындарын тексереді. Шеберлер мен бригадирлер мекеме әкімшілігі өкілдері мен бақылаушылардың талабы бойынша объектідегі (цехтағы) жағдай және сотталғандардың бар-жоғы туралы баяндайды. Объект аумағын қарау кезінде жер асты құбырлары мен құрылыстарын қоршайтын құрылғылардың жағдайына және қазуға қолайлы жерлерге ерекше назар аударылады. Сонымен қатар, күзет желісі мен тыйым салынған аймаққа іргелес жолаққа бақылау жүргізіледі.

67. Үй-жайлар мен сотталғандардың жұмыс орнын тексерген кезде ақшаларды, бағалы қағаздарды, сондай-ақ сотталғандарға сақтауға және пайдалануға рұқсат етілмеген заттарды, құжаттарды, киімдерді, бұйымдарды, азық-түліктерді дайындау және сақтау, спирттік негізде жасалынған бояу-әрлеу және басқа да материалдарды беру, пайдалану және сақтау тәртібін бұзу актілерін анықтауға шаралар қабылданады.

Дайын өнімді, әсіресе ірі габариттер бұйымдарын буып түю және көлік құралдарына тиеу жұмыстары жүргізілетін жұмыс учаскелерінде құпия орын мен тығылатын орынды жабдықтауға ыңғайлы орындарға назар аударылады. Бұйымдар мен буып түйілген заттарды көлік құралдарына тиер алдында мұқият тексереді.

Жүктерді буып түю бақылаушының немесе басқа арнайы тағайындалған адамның бақылауымен жүргізіледі.

БӨП-тен көлікке ілесіп жүру, тиеу және кері шығару автокөлікке ілесіп жүруге жауапты бақылаушының бақылауымен жүргізіледі. Көп көлік жиналған кезде мекеме бастығы қосымша қызметкер тағайындайды, бұл туралы БӨП-ке көліктің шығуын (кіруін) тіркеу журналына жазылады.

68. Сотталғандардың жұмыс орындарында болуын бақылаушылар, инженерлік-техникалық жұмыскерлер әрбір екі сағат сайын учаске, цех бойынша сапқа тұрғызбай, қатыспағандардың жүрген орындарын міндетті түрде анықтай отырып тексереді. Түскі үзіліс кезінде және жұмыс аяқталғаннан кейін жиналу пунктінде сотталғандардың бар-жоғы сапқа тұрғызу арқылы тексеріледі. Бірінші кезекте қашуға бейім және профилактикалық есепте тұрған сотталғандар тексеріледі. Сотталғандардың жоқ екені туралы бақылаушылар немесе инженерлік-техникалық жұмыскерлер МБКК-ға баяндайды және қарауыл бастығына хабарлайды.

## 5-параграф. Профилактикалық есепте тұрған адамдардың мінез-құлқын бақылау және қадағалау

69. Сотталғандар жеке істері зерделеніп, психологиялық, медициналық және жедел қызметтер іс-шараларды жүргізгеннен кейін мекеме бастығының қаулысымен мекеменің барлық жеке құрамы назарына жеткізе отырып, 12 ай мерзімге профилактикалық есепке қойылады.

70. Профилактикалық есепке:

1) қашу ниеті бар, бұрын қашқан немесе қашуға әрекет жасаған, сондай-ақ ішкі тыйым салынған аймаққа іргелес жатқан 15 метрлік аумаққа өткен;

2) қылмыстық ортаның беделділері ретінде жедел есепте тұрған;

3) діни экстремизм мен терроризмді ұстанушылар;

4) топтасқан қақтығысуларды ұйымдастырушы және арандатушы;

5) мамандандырылған мекемелерді қоспағанда, есірткі заттарын және алкогольді ішімдіктерді, күшті әсер ететін медициналық дәрі-дәрмектерді пайдалануға бейім, сондай-ақ сот нашақорлықтан және алкоголизмнен емдеуді қажет ететін деп танылған;

6) құмар ойындарға белсенді қатысушылар материалдық немесе өзге пайда табу мақсатында;

7) психикалық ауытқулары бар, сондай-ақ аутоагрессивті қылыққа, қасақана өзі-өзіне қандай да бір жарақат салуға және өзі-өзіне қол жұмсауға бейім;

8) мекеменің жұмысын ыдырататын әрекеттері үшін, жаппай тәртіпсіздіктер, бопсалау үшін, сондай-ақ ұйымдасқан қылмыстық топтың құрамында және құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне қатысты қылмыстар жасағаны үшін жазасын өтеуші;

9) жалған ақша жасағаны үшін жазасын өтеуші сотталғандар алынады.

Көрсетілген адамдар, БӘЖ (бақылаушылар жасақшасы) күші тәуліктік ведомоске сәйкес күшейтілген бақылауды жүзеге асырады.

Профилактикалық есепте тұрған адамдардың мінез-құлқын сипаттайтын материалдар есепке қойылған күннен бастап он екі ай өткен соң мекеме комиссиясында қаралады. Комиссияда сотталғанды профилактикалық есепте тұруын ұзарту не шығару туралы шешім қабылданады. Профилактикалық есептен шығарудан бас тартқан кезде комиссияның қайта карауы кемінде алты ай өткеннен кейін болуы мүмкін.

## 6-параграф. Жазасын жеңілдікті жағдайларда өтеп жатқан сотталғандарды қадағалау және бақылау

71. Мекеме бастығының осы Қағидаға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қаулысы сотталған адамның тәулік бойы бақылауда және қадағалауда болып, күзетілетін периметрдің шегінен тыс жерде, бірақ мекемеге іргелес жатқан аумақтың шекарасы шегінде тұруға және еркін жүріп-тұруға негіз болып табылады. Қаулының негізінде сотталған адамға осы Қағидаға 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша күзетілетін периметрдің шегінен тыс тұруға және еркін жүріп-тұруға құқық беретін рұқсат қағазы беріледі, рұқсат қағазына осы Қағидаға 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бақылау талоны және мекемеге іргелес аумақ шекарасынан тыс қозғалыс бағытының карточкасы ресімделеді.

72. Тәулік бойы бақылауда және қадағалауда болып, күзетілетін периметрдің шегінен тыс жерде, бірақ мекемеге іргелес жатқан аумақтың шекарасы шегінде тұруға және еркін жүріп-тұруға құқық берілген сотталғандарды қадағалау олардың белгіленген мінез-құлқы қағидаларын сақтауын қамтамасыз ету, бағыттан ауытқуын, қашып кетуін немесе өзге де қылмыстар жасауын болдырмау мақсатында жүзеге асырылады.

Сотталғандардың осы санатын қадағалауды жүзеге асыратын бақылаушы олардың тек белгіленген бағыттар бойынша қозғалуын, жұмыс объектісінің шекарасынан тыс жерге шықпауын және жергілікті тұрғындармен заңсыз байланысқа түспеуін болдырмауды және белгіленген уақытта жасақша жатақханасына қайтып оралуын бақылауды қамтамасыз етеді.

Күзетілетін периметрдің шегінен тыс тұруға және еркін жүріп-тұруға құқықты пайдаланатын сотталғандардың мінез-құлқын бақылау, олардың жұмыс объектілерінде болуын тексеру кемінде бір сағат сайын патрульдеу арқылы жүзеге асырылады.

## 7-параграф. Кездесу өткізу кезінде сотталғандарды бақылау және қадағалау

73. Мекеме бастығының немесе оның орнын алмастыратын адамның жазбаша рұқсаты сотталғандарға олардың туыстарымен немесе өзге де адамдармен кездесу беруге негіз болып табылады.

74. Бақылаушы кездесу басталғанға дейін келген адамдардан өтінішін, құжаттарын қабылдайды және осы Қағидаға 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сотталғанның кездесуін есепке алу, сәлем-сауқат, сәлемдеме және бандерольдер беру карточкасын қоса отырып, кездесу беру негізділігін тексереді және кездесу беру (не бас тарту) туралы шешім қабылдайтын мекеме бастығына немесе оның орнын алмастыратын адамға баяндайды. Кездесу бөлмесінің бақылаушысы кездесу ұсыну бөлігінде ұсынылған материалдардың толықтығын және оларды сапалы ресімдеуді қамтамасыз етеді. Болатын кездесу туралы

бақылаушы МБКК-ге хабарлайды, режим қызметі қызметкерлерін хабардар етеді . Сотталғандардың кездесу бөлмесі үй-жайына келуін МБКК қамтамасыз етеді.

Қысқа мерзімді кездесу ұсынылған кезде бөлмеге бірінші кезекте сотталған, содан кейін кездесуге келген адамдар кіргізіледі. Ұзақ мерзімді кездесу бөлмесіне бірінші сотталғанмен кездесуге келген адам шақырылады, содан кейін сотталғандар әкелінеді. Қысқа мерзімді кездесу аяқталғаннан кейін бөлмеден бірінші болып кездесуге келген адам шығады, ал ұзақ мерзімді кездесу бөлмесінен – сотталғандар шығады.

Тексеру тобының қызметкерлері кездесу бөлмесінің бақылаушысымен бірлесіп, кездесуге келген адамдарға мекемелердің сотталғандарға сақтауға және пайдалануға рұқсат етілмеген ақшаны, бағалы қағаздарды, сондай-ақ өзге заттарды, құжаттарды, киімдерді, бұйымдарды, азық-түліктерді өткізгені, бергені үшін жауапкершілік туралы, ҚАК-тың 98-бабының 3 және 4-тармақтарының талаптары туралы ескертеді және өз еріктерімен өздеріндегі заттарды уақытша сақтауға тапсыруды ұсынады. Келген адам сотталғандарға сақтауға және пайдалануға рұқсат етілмеген ақшалай қаражатты және басқа да заттарды, құжаттарды, киімдерді, бұйымдарды, азық-түліктерді берген кезде тексеру тобының қызметкерлері осы заттарды қабылдап алады (тасымалдағаны, бергені және сақтағаны үшін әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік көзделген заттар мен бұйымдарды қоспағанда) осы Қағидаға 23-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сотталғандарға келген адамдар кездесу кезінде сақтауға тапсырған заттарды, бағалы заттарды және ақшаны есепке алу журналына енгізіледі, арнайы сейфке салынады, келуші адам шыққан кезде тексеру тобының қызметкері тапсырған заттарын қол қойдыра отырып, қайтарып береді. Жеке тексеру, жеке тұлғадағы заттарды тінту тұрғын үй-жайлардың санитарлық-гигиеналық талаптарына жауап беретін жеке үй-жайда жүргізіледі.

Кейіннен тексеру тобының қызметкері кездесу бөлмесі бойынша бақылаушымен бірлесіп, қалтасындағы, сөмкесіндегі заттарды тексеру үшін үстелге шығаруларын сұрайды. Қалтадағы және сөмкедегі заттарды, бұйымдарды тексеріп болған соң, киімдерін басып байқайды және металл іздегішпен тексереді. Медицина қызметкерінің міндетті түрде қатысуымен дененің табиғи қуыстары, протездері мен медициналық таңу заттары тексеріледі. Келген адамда ақшаның, бағалы қағаздардың, сондай-ақ сотталғандарға сақтауға және пайдалануға рұқсат етілмеген өзге заттардың, құжаттардың, киімдердің, бұйымдардың, азық-түліктердің жоқ екеніне көз жеткізген соң қызметкер тексерілген заттарды қайтарып береді.

Ұзақ мерзімді кездесуге келген адамның азық-түліктері де осы Қағиданың 79-тармағында белгіленген тәртіпте мұқият тексеріледі.

Сонымен бірге мекеме аумағындағы немесе оған іргелес аумақтағы көлік құралдары да тексеруге тартылады.

Тексеру адам кездесу бөлмесінен шыққан кезде де жүргізіледі.

Кіруші немесе шығушы адамнан тексеруден жасырып қалған, сотталғанға бергені үшін әкімшілік жауапкершілік қарастырылған сотталғандарға сақтауға және пайдалануға рұқсат етілмеген ақша, бағалы қағаздар, сондай-ақ өзге де заттар, құжаттар киімдер, бұйымдар табылған кезде тексеру тобының қызметкерлері мекеме бастығының режим және жедел жұмыс жөніндегі орынбасарына, жедел, режим бөліміне, бөлімшесіне, тобына хабарлайды және сотқа жолдау үшін жасалады.

Тасымалдағаны, бергені және сақтағаны үшін қылмыстық жауапкершілік көзделген заттар табылған кезде мекеме әкімшілігі тез арада аумақтылығы бойынша ішкі істер органдарының жедел-тергеу тобын (бұдан әрі - ЖТТ) шақырады.

Қысқа мерзімді кездесу кезінде бақылаушы үнемі бөлмеде болады және қандай да бір затты беруге жол бермеуге ерекше назар аудара отырып, сотталғандардың және олардың туыстарының мінез-құлқын бақылайды. Мінез-құлық қағидаларын бұзған кезде бақылаушы жіберілген тәртіп бұзушылық туралы баянат жаза отырып, қысқа мерзімді кездесуді тоқтатады, ал ұзақ мерзімді кездесуді – МБКК-ның рұқсатымен, жіберілген тәртіп бұзушылық туралы баянат жаза отырып, мекеме бастығы мен БӘЖБ (бақылаушылар жасақшасының бастығына) дереу баяндай отырып тоқтатады. Кездесуді тоқтату туралы соңғы шешімді кездесуге рұқсат берген адам қабылдайды. Кездесуді тоқтату себебі туралы өтінішке және кездесуді есепке алу карточкасына жазба жасалады.

75. Кездесу бөлмесінің бақылаушысы сотталған мен кездесуге келген адамға мінез-құлық қағидасын, қауіпсіздік шаралары мен өрт кезінде (басқа да табиғат апаты кезінде) эвакуациялау тәртібін түсіндіреді, ол туралы нұсқаулық журналына танысқаны туралы қол қойып жазылады.

76. Кездесу өткізуге арналған бөлмелер осы Қағидаға 24-қосымшаға сәйкес жабдықталады.

77. МБКК немесе БӘЖБ (БЖБ) ұйықтар алдында және таңғы тұрудан кейін ұзақ мерзімді кездесу бөлмесіндегі сотталғандардың бар-жоғын және олардың мінез-құлық қағидаларын сақтауын тексереді. Ұйықтауға жатқызғаннан кейін және таңғы тұрғызуға дейін қабырғалардың, есіктердің, терезелердің және торлардың жағдайы тексеріледі.

Ұзақ мерзімді кездесуге келген адамға қысқа мерзімге мекеме аумағынан тыс жерге шығуға мекеме бастығы немесе оның орнын алмастыратын адам дәлелді жазбаша өтініш арқылы рұқсат береді. Олар қайтып келгеннен кейін тексеру

тобының қызметкерлері кездесу бөлмесінің бақылаушысымен бірлесіп, оларды сондай-ақ олардың заттары мен азық-түліктерін тексеруді жүзеге асырады.

Жалпы тінту іс-шараларын жүргізу кезінде мекеменің күзетілетін аумағындағы барлық объектілерді қамту мақсатында, ұзақ және қысқа мерзімді кездесу бөлмелерінің жұмысы уақытша тоқтатылады.

## 8-параграф. Сәлемдеме, сәлем-сауқат, бандерольдерді тексеру

78. Бақылаушы сотталғанның атына келіп түскен сәлемдеме, сәлем-сауқат және бандерольдер туралы олардың алу тәртібін қамтамасыз ететін МБКК-ға баяндайды.

79. Сотталғанға сәлем-сауқат әкелген адам бақылаушы арқылы екі данада осы Қағидаға 25-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жазбаша өтініш береді. Рұқсат алғаннан кейін бақылаушы сәлемдеме, сәлем-сауқат пен бандерольдарды қабылдайды және осы Қағидаға 26-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сотталғандарға келіп түскен сәлемдеме, сәлем-сауқат, бандерольдерді және олардың салымдарын есепке алу журналына тіркейді. Сәлемдемелер, сәлем-сауқат және бандеролдар салмағы және ассортименттері бойынша тексерілгеннен кейін тексеріледі.

Сәлемдемелерді тексеруді кездесу бөлмесінің бақылаушысы тексеру тобының қызметкерлерімен бірлесіп, мынадай тәртіпте жүргізеді:

1) бақылаушы сәлемдеме әкеліп тұрған адамға сотталғандарға сақтауға және пайдалануға рұқсат етілмеген ақша, бағалы қағаздар, сондай-ақ өзге заттар, құжаттар, киімдер, бұйымдар, азық-түліктер туралы ескертеді және оларды тапсыруды ұсынады, содан кейін сәлемдемені тексеруге кіріседі;

2) әрбір зат мұқият тексеріледі. Нан өнімдері (бөлке, тоқаш, нан өнімдері және т.б.) екі-үш бөлікке бөлінеді. Сұйық азық-түліктер басқа ыдысқа құйылады. Консервілер, банкелер және ораулар ашылып, басқа ыдысқа салынады. Майшабақ екі-үш бөлікке бөлінеді. Шұжық өнімдері бірнеше бөлікке бөлініп, кесіледі. Ұсақ өнімдер (махорка, шай және т.б.) басқа ыдысқа ауыстырылады. Кәмпиттер сыртқы орамасыз қабылданады. Хат немесе сотталғандарға сақтауға және пайдалануға рұқсат етілмеген заттарды жасыру үшін пайдаланылуы мүмкін басқа да азық-түліктер осындай тәртіпте тексерілуі керек. Тексеру азық-түлік сапасын жоғалтпайтындай жағдайда жүргізіледі. Киімдер мен заттар мұқият тексерілуі қажет.

3) сәлемдемені қабылдаған соң бақылаушы өтініштің бір данасын қабылдағаны туралы қол қойып, сәлемдеме әкелген адамға қайтарады, екіншісін – сәлемдемені берген соң және алушы қол қойған соң өзінде қалдырады.

80. Сәлемдемелер мен бандерольдерді тексеруді кездесу бөлмесінің бақылаушысы алушының қатысуымен тексеру тобының, режим бөлімінің қызметкерлерімен бірлесіп жүзеге асырады.

Мекеме дүкеніне кіргізілетін тауарлармен азық-түліктерді, жедел қызметкерлердің баянаты бойынша мекеме қызметкерлері және техникалық тексеру құралдарын және тексеру құралдарын пайдалана отырып тексереді.

81. Сәлемдемелерден, сәлем-сауқаттан және бандерольден табылған сотталғандарға сақтауға және пайдалануға рұқсат етілмеген заттар, құжаттар, киімдер, бұйымдар, азық-түліктер алынады және алу туралы актіде (еркін нысанда жасалады) көрсетіледі. Ондай заттарды алу туралы актіні бақылаушы МБКК-нің, жедел немесе режим қызметкерінің қатысуымен жасайды.

Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Қазақстан Республикасы кодексінің 481-бабында көзделген құқық бұзушылықтарды жасау фактісі бойынша хаттама толтырылып, шешім қабылдау үшін актімен бірге сотқа жолданады.

82. Айыппұл изоляторларында ұсталатын сотталғандарға сәлем-сауқат қабылданбайды, ал оларға келіп түскен сәлемдемелер тәртіптік жазасын өтегеннен кейін беріледі.

## 4. Сотталғандарды, үй-жайларды тінтудің, тұрғын аймақтар мен өндірістік объектілерге тексеру жүргізудің тәртібі

83. Мекемеде сотталғандарды жеке тінтулер, үй-жайларды тінту, тұрғын үй аймақтары мен өндірістік объектілерге тексеру жүргізіледі.

Мекемелерде тінту:

1) мекемелердің аумағында, оларға іргелес аумақтар мен көлік құралдарында қашуға және өзге де қылмыстар және құқық бұзушылықтар жасауға дайындалу фактілерімен анықтау;

2) қылмыс немесе өзге де құқық бұзушылықтар жасалуы мүмкін орындарды анықтау;

3) ҚАЖ мекемелерінің аумағында және оларды еңбекте пайдалану объектілерінде жасырынған сотталғандарды табу;

4) мекемелердің аумағындағы және оларға іргелес аумақтардағы адамдардың өмірі мен денсаулығына әлеуетті қауіп көздерін, оның ішінде ықтимал өрт көздері – заттар мен құралдарды анықтау;

5) сотталғандардан және мекемелердің объектілері мен оған іргелес аумақтардағы өзге де адамдардан сотталғандарға сақтауға және пайдалануға рұқсат етілмеген азық-түліктерді, заттарды, бұйымдарды және құжаттарды табу және алып қою;

6) сотталғандарға сақтауға және пайдалануға рұқсат етілмеген азық-түліктердің, заттардың, мүліктердің, бұйымдар мен құжаттардың сотталғандарға түсу арналарын анықтау және жолын кесу;

7) сотталғандардың өнеркәсіптік құрал-жабдықты, жұмыс құралдарын, электр қуатын, шикізаттар мен материалдарды мақсатсыз пайдалану, сондай-ақ олардың өздігінен әр түрлі құрылыстарды салуларын, шкафтарды, сақтау орындарын жабдықтау жағдайларын анықтау және жолын кесу;

8) мекеме объектілерінен материалдық бағалы заттарды ұрлауды анықтау және жолын кесу;

9) сотталғандардың өзге де адамдармен заңсыз байланыстарын анықтау және жолын кесу;

10) сотталғандардың, ҚАЖ персоналының және өзге де адамдардың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

11) ҚАЖ мекемелерінде жасалған қылмыстық істер бойынша заттай дәлелдеме болуы мүмкін заттар мен құжаттарды қылмыстық-процестік заңнамада белгіленген тәртіпте анықтау және алу;

12) төтенше жағдайлардың туындау себебі мен жағдайларын анықтау үшін жүзеге асырылады.

Тінтулер мен тексерулер жүргізуге мекеме қызметкерлері және БӘЖ ( бақылаушылар жасақшасы) тартылады. Тінтулер мен тексерулер кезінде техникалық құралдар және қызметтік иттер пайдаланылады.

Жалпы тінту іс-шараларын жүргізу, топтасып бағынбаушылығын, жаппай тәртіпсіздіктерді жою, сондай-ақ сотталғандарды жеке тінту кезінде ҚАЖ қызметкерлерінің, әскери қызметшілердің, сондай-ақ сотталғандардың бір-бірінен (жеке басының санатына және өзара ұнатпау көзқарастарына байланысты) ең жоғарғы қауіпсіздікті қамтамасыз ету, құқыққа қайшы әрекеттерге уақтылы ден қою мақсатында сотталғандар қатарға бөлінеді және қарттардан, жүкті әйелдерден, балалары бар әйелдерден, I және II топтағы мүгедектерден және емдеу мекемелерінде ұсталатын сотталғандарды қоспағанда бір-біріне тығыз орналастырылады. Бұл ретте сотталғандардың мінез-құлқына сапалы визуалды бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру үшін қолдары желкесінде – "құлыптау" жағдайында ұсталады. Жауын-шашынды және салқын ауа-райында (+ 10 төмен кезде) сотталғандар үй-жайдың ішіндегі дәліздің бойымен отырғызылады.

## 1-параграф. Сотталғандарды жеке тінту

84. Жеке тінту толық және толық емес тінту болып бөлінеді. Тінтуді тінтілушімен бір жынысты адам жүргізеді. Сотталғандарды толық тінту:

1) мекемеге келген және одан кеткен кезде;

2) ТИ-ға, ЖАК-ға қамаған, қатаң ұстау жағдайына ауыстырған және шығарған кезде;

3) кездесу өткізу алдында және ол аяқталған соң;

4) ұстау режимін бұзған, қашқан немесе басқа да қылмыс жасаған сотталғанды ұстаған кезде;

5) жалпы тінту жүргізу кезінде жүргізіледі.

85. Толық тінту мынадай тәртіпте жүргізіледі:

1) сотталғанға сақтауға және пайдалануға рұқсат етілмеген ақшаны, бағалы қағаздарды, сондай-ақ өзге заттарды, құжаттарды, киімдерді, бұйымдарды тапсыру, содан кейін бас киімін, киімі мен аяқ киімін, ішкі киімге дейін шешу ұсынылады;

2) саусақтардың, аяқтардың арасы, құлағы мен ауыз қуысы, сондай-ақ медициналық таңу мен протездер тексеріледі. Протездер мен таңуларды тексеру медицина қызметкерлерінің қатысуымен жүргізіледі;

3) сотталғанға тиесілі киім, бас киім, аяқ киім қаралады. Киімдегі жамау, тігіс , жаға және киімнің астарын басып көру арқылы тексереді. Қажет болған жағдайда киімнің жекелеген жерлері бізбен тесіледі немесе жыртылады. Аяқ киімнің сыртқы және ішкі жағы қаралады және міндетті түрде бүгіліп тексеріледі ;

4) сондай-ақ ақша, есірткі заттарын және сотталғандарға сақтауға және пайдалануға рұқсат етілмеген басқа да заттарды, бұйымдарды және киімдерді тығуға ыңғайлы жамау, өкше, тігіс және басқа да орындар тексеріледі.

Толық тінту кезекші бөлімде немесе оған жақын жерде жабдықталған арнайы үй-жайда жүргізіледі, ал сотталғандарға жалпы тінтулер жүргізген кезде +10 $^{O}$С жоғары болса тексеру жүргізу орындарында жүргізіледі, олар болмаған жағдайда – оқшаулау учаскелерінде арнайы жиналмалы кабинкаларда жүргізіледі. +10 $^{O}$С төмен болған кезде жалпы тінту мекеменің үй-жайларында жүргізіледі.

86. Сотталғанды толық емес тінтуді мекеменің және БӘЖ қызметкерлері сотталғанның кез келген жүрген жерінде сотталғандарға сақтауға және пайдалануға рұқсат етілмеген заттарды ықтимал жасыруы туралы күдік болған кезде жүргізіледі.

87. Толық емес тінту кезінде сотталғанға сотталғандарға сақтауға және пайдалануға рұқсат етілмеген ақшаны, бағалы қағаздарды, сондай-ақ өзге заттарды, құжаттарды, бұйымдарды тапсыру ұсынылады. Киім мұқият басып байқау арқылы тексеріледі. Бұл ретте, жеңінде, жағасында, астарында және шалбарында шабуыл жасау құралы (пышақ, үшкір темір және т.с.) немесе сотталғандарға сақтауға және пайдалануға рұқсат етілмеген өзге де заттарды

сақтамауы тексеріледі. Содан кейін қалтасындағы нәрселер, бас киім мен аяқ киім тексеріледі. Тінтетін адамның мінез-құлқынан күдіктенген кезде немесе тінтілушіде сотталғандарға сақтауға және пайдалануға рұқсат етілмеген заттардың, бұйымдардың бар екені туралы мәліметтер болған жағдайда толық тінту жүргізіледі. Толық емес тінту жұмыстан қайтқанда бақылау алаңында жүргізіледі. Бұл үшін бақылау алаңының қақпа жолағына төрт-бес бақылаушы және әкімшілік қызметкерлері тұрады, МБКК мен БӘЖБ (БЖБ) бақылауындағы анықталған ара қашықтықта қатармен өтетін сотталғандарға тінту жүргізеді.

88. Жаза өтеудің белгіленген тәртібін бұзған не қылмыс жасаған сотталғанды тінту кезінде қолын жоғары көтеріп, аяғын иығының тұсына қою ұсынылады. Тінту жүргізуші тінтілушінің арт жағына тұрады және жоғарыдан төмен қарай тінту жүргізеді. Қажет болған жағдайда тінтілуші тінту жүргізушінің нұсқауы бойынша қолдарын қабырғаға тіреп тұрады.

## 2-параграф. Үй-жайларды тінту және тұрғын аймақ пен өндірістік объектілер аумағын тексеру

89. Үй-жайларды тінтулер мен тұрғын аймақтың, өндірістік объектілердің аумағын тексеру біруақытта немесе секторлар бойынша ішінара жүргізілуі мүмкін. Біруақытта сотталғандарды да тінту арқылы тұрғын аймақтың немесе өндірістік объектілердің барлық аумағында жүргізілетін тінту жалпы тінту болып табылады. Жалпы тінтулер жедел жағдайға байланысты жиі-жиі, алайда кемінде үш айда бір рет жүргізіледі.

Тұрғын және өндірістік аймақтардың аумақтары ай сайын қаралады. Камералық үлгідегі үй-жайлардағы және төтенше және толық қауіпсіздік мекемелерінің камераларында тінтулер айына кемінде төрт рет жүргізіледі.

90. Жалпы тінту жоспарын мекеме бастығының режим және жедел жұмыс жөніндегі орынбасары режим бөлімінің, бөлімшесінің, тобының бастығы және әскери бөлініс командирінің бақылаушылар қызметі жөніндегі орынбасары бірлесіп әзірлейді, мекеме бастығы немесе оның орнын алмастыратын адам, бөлініс командирі осы Қағидаға 27-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бекітеді. Жалпы тінту жүргізуге бақылаушылардан басқа мекеменің барлық аттестатталған құрамы, атқыштар бөлінісінің жеке құрамы, есірткі, жарылғыш заттарды және қазылған жерлерді табуға қызметтік иттерімен маман-кинологтар тартылады, бұл ретте объектіні күзету қызмет өткерудің күшейтілген түрінде жүзеге асырылады. Қосымша аумақтық ҚАЖ бөліністерінің басқа мекемелерінің қызметкерлері, әскери бөлімнің және арнайы мақсаттағы бөліністердің әскери қызметшілері тартылуы мүмкін.

91. Жалпы тінту жүргізу жоспарында:

1) тінту мақсаты және өткізу уақыты;

2) күш және құралдар есебі (тінту тобының, тосқауылдау тобының, топ жетекшілерінің саны және құрамы, материалдық қамтамасыз ету);

3) тінту жүргізудің дәйектілігі;

4) сотталғандарға жеке тінту жүргізу және тінту аяқталғанға бір жерге шоғырлау орны;

5) алынған заттарды жинау, оларды есепке алу, шығару және жою орны;

6) тінтуге тартылған жеке құрамға нұсқама және тапсырма беру уақыты;

7) тінту жетекшісі көзделеді.

92. Сектор бойынша тінту бақылау және қадағалау жоспарына сәйкес мекеме бастығының режим және жедел жұмыс жөніндегі орынбасары мен әскери бөлініс командирінің бақылаушылар қызметі жөніндегі орынбасарының тікелей басшылық етуімен жүргізіледі. Тінтуге бақылаушылардан басқа мекеме қызметкерлері мен тінтуге жататын үй-жайлар мен ішкі тыйым салынған аймақтың учаскелері, аумаққа бекітілген объектілердің басшылары қатысады. Секторды тінту мынадай тәртіпте жүргізіледі:

1) бірінші кезекте тұрғын үй-жай тінтіледі. Тінту сотталғандарсыз үй-жай бойынша кезекшінің және жасақ бастығының, аумақ-цех бастығының қатысуымен жүргізіледі. Үй-жайда тумбочкалар, кереуеттер, төсек жабдықтары тексеріледі. Матрацтар мен жастықтар пышақ, ақша және басқа да сотталғандарға сақтауға және пайдалануға рұқсат етілмеген заттарды табу мәніне мұқият тексеріледі. Қабырғалар, еден, терезе және төбе тексеріледі, сондай-ақ жасырын шығу жолдары мен құпия орындарды анықтау мақсатында тоқылдатып көріледі, қажет болған жағдайда ашылады. Тұрғын ғимаратта орналасқан барлық қосалқы үй-жайлар (жуынатын бөлме, жеке заттарды сақтауға арналған бөлме, жасақ бастығының кабинеті және т.б.) ондағы мүліктердің орындары ауыстырылып қойылып, тексеріледі. Үй-жайда болуға тиісті емес артық күнделікті киетін киімдер, аяқ киімдер және басқа да заттар қаралады және жасақ бастығының кабинетіне немесе басқа бөлмеге жинақталады. Кітаптар, журналдар , альбомдар және басқа әдебиеттер сотталғандарға сақтауға және пайдалануға рұқсат етілмеген заттарды табу мақсатында мұқият тексеріледі;

2) әкімшілік және тұрмыстық үй-жайларға тінту жүргізген кезде (мекеме әкімшілігінің жұмысына арналған үй-жайлар, медициналық бөлім, клуб, асхана, монша, шаштараз, кептіру бөлмесі, етік жөндеу және тігін шеберханалары) қазулары мүмкін орындарды, жасырын өту жолдары мен үй асты қоймаларын, сотталғандарға сақтауға және пайдалануға рұқсат етілмеген ақшаны, бағалы қағаздарды, сондай-ақ өзге де заттарды, құжаттарды, киімдерді, бұйымдарды, азық-түліктерді сақтау орындары және құпия орындар мұқият тексеріледі. Есепке алынбаған, тізімдемеге енгізілмеген және үй-жайда болмауы тиіс

құрал-саймандар, сатылар, басқыштар және басқа да заттар алынып қойылады. Осы үй-жайлардағы жиһаз тексеріледі және орындары ауыстырылып қойылады.

3) жертөлелер мен шатырдағы үй-жайларда сотталғандарға сақтауға және пайдалануға рұқсат етілмеген заттарды сақтауға арналған құпия орындар, сондай-ақ қашуға және басқа да қылмыстар жасауға пайдаланылуы мүмкін заттарды табуға назар аударылады. Негізгі қоршаудан 50 метр қашықтықта орналасқан ғимараттың жертөлелері (үй асты қоймасы) қазылған жерлерді анықтау мақсатында аса мұқият қаралады. Жертөленің қабырғасы, едені және барлық аумағы жарық түсіретін құралдардың көмегімен тексеріледі. Ондағы заттардың орындары ауыстырылады, ал тыйым салынған аймаққа қараған қабырғасы тоқылдатып көріледі, бүркемеленуі мүмкін орындар мұқият тексеріледі.

4) сектор аумағын тексеру кезінде жер асты құбырлары мен құрылыстарына қазылған орындарды анықтауға назар аударылады. Жер асты құбырлары қоршауларының беріктілігі мұқият тексеріледі. Жазғы эстрадалар, дәретханалар және басқа да үй-жайлар жер асты құбырлары мен құрылыстарына өтуге арналған қазу мен жасырын жолдарды анықтау мақсатында тексеріледі. Табылған тақтай, тас, металл және басқа да құралдар тұрғын аймақтан дереу шығарылуға жатады.

93. ТИ-да және ЖАК-да, мекеменің камераларына тінту жүргізген кезде әрбір камераның қабырғалары тоқылдатып көріледі, құпия орындардың бар-жоғы тексеріледі. Бүркемеленген жасырын өту жолдарын, қазылған жерлердің және сотталғандарға сақтауға және пайдалануға рұқсат етілмеген ақшаны, бағалы қағаздарды, сондай-ақ өзге де заттарды, құжаттарды, киімдерді, бұйымдарды, азық-түліктерді сақтау орындарын анықтау мақсатында жататын орындар мен едендер тексеріледі, қажет болған жағдайда ашылуы мүмкін. Терезе торларының ішкі және сыртқы жақтарының беріктілігі, есіктер мен құлыптардың жұмыс жағдайлары тексеріледі. Камерадағы сотталғандар толық тінтуге тартылады, ал олардың заттары тексеріледі.

94. Ірі өндірістік объектілердегі, құрылыс алаңдарындағы секторларды тексеру кезінде сотталғандар қазу үшін немесе орман материалдарын, шұңқырларды, траншеяларды және басқа да орындарды жасырыну үшін пайдалануы мүмкін жабдықтарға назар аударылады. Электр қуатын беретін әуе желілерінің тіреулері мұқият тексеріледі және оларды қашу үшін пайдалануға жол бермеуге шаралар қабылдайды.

Өндірістік цехтарда станоктар, дайын және дайындалған бөлшектерді сақтайтын орындар, жуу сұйықтары мен жағу майлары құйылған ыдыстар, құрал-саймандар, дайын өнімдер қоймасы мен басқа үй-жайлар сотталғандарға сақтауға және пайдалануға рұқсат етілмеген заттарды сақтауға арналған, әсіресе

құпия орындарды суық және атыс қаруын табу мақсатында мұқият тексеруге жатады.

Уақытша және қысқа мерзімді өндірістік объектілерді онда дайындауға және сотталғандарды кіргізер алдында бақылаушылар, осы объектіде мекеме әкімшілігінің өкілдері немесе қарауыл бастығы тексереді.

95. ТИ, ЖАК камераларын, мекеменің камераларын техникалық қарау күн сайын жүргізіледі, бұл ретте әрбір камераның қабырғалары тоқылдатып көріледі, құпия орындардың бар-жоғы тексеріледі. Жататын орындар мен еден бүркемеленген шығу жолдарының, қазудың және сотталғандарға сақтауға және пайдалануға рұқсат етілмеген заттарды сақтау орындарын анықтау мақсатында тексеріледі. Терезе торларының ішкі және сыртқы жақтарының беріктілігі, есіктер мен құлыптардың жұмыс жағдайлары тексеріледі, ол туралы акт жасалады.

96. Тінту нәтижелері осы Қағидаға 28-қосымшаға сәйкес нысан бойынша актімен ресімделеді. Актіде мыналар көрсетіледі:

1) тінту жүргізілген күн, объект (сектор) атауы және тінту жүргізу мақсаты;

2) тінту жүргізуге қатысқан адамдар;

3) сотталғандарға сақтауға және пайдалануға рұқсат етілмеген алынған заттардың тізімі (саны, салмағы, табылған орны).

Сотталғандардан, сондай-ақ мекеме аумағынан табылған ақшаны, бағалы қағаздар мен өзге де бағалы заттарды, олардың кімге тиесілі екенін анықтау мүмкін болмаған кезде, қылмыстық-атқару заңнамасына сәйкес әкімшілік алып қояды және соттың қаулысы бойынша мемлекеттің кірісіне айналуға тиіс.

Сотталғандардан алынған сотталғандарға сақтауға және пайдалануға рұқсат етілмеген құжаттар, заттар, киімдер, бұйымдар, азық-түліктер, сондай-ақ режим талаптары қойылған мекеме аумағынан және оған іргелес аумақтан табылған, мекеме әкімшілігінің комиссиялық шешімі бойынша туысқандарына немесе сақтауға тапсырылады не мекеме бастығының қаулысы бойынша жойылады.

Тінту жүргізу кезінде қатысушылар жеке қауіпсіздік шараларын сақтайды.

Жалпы тінту аяқталған соң сотталғандар тарапынан шағымдар мен өтініштер түскен кезде мекеме бастығы оны заңнамамен белгіленген ретінде қарастырады.

## 5. Қауіпсіздігі барынша төмен мекемелеріндегі сотталғандарға бақылау және қадағалау ұйымдастыру

97. Қауіпсіздігі барынша төмен мекеменің аумағы биіктігі 3 метрден кем емес , қашуға қарсы бөгет орнатылатын толықтай жабылған темір бетон қоршаумен қоршалады және БӨП-пен жабдықталады. Қаруланған күзет қарастырылмаған. Қауіпсіздігі барынша төмен бір мекемеде сотталған еркектер мен әйелдер

ұсталуы мүмкін. Бірге қылмыс жасаған сотталғандар жазалау мерзімдерін бөлек сотталған өтейді.

98. Қауіпсіздігі барынша төмен мекемеде жатақхана, кезекші қызмет үшін үй-жай, асхана, дүкен, стационары бар амбулатория, кітапхана, мәдени іс-шаралар өткізуге арналған үй-жайлар, сотталғандардың жеке заттарын сақтайтын орын, кір жуатын және дезинфекциялау камерасы бар монша, ТИ, кездесуге келген адамдарға арналған үй-жай жабдықталады.

99. Қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерде камералық типтегі үй-жайлар қарастырылмайды.

100. Қауіпсіздігі барынша төмен мекемелердің ТИ-де жалпы 1, 3 ал камера 4-6 орын әр қайсысына, 1, 3 екі орынды камера және ТИ бақылаушы бөлмесі жабдықталады. ТИ ғимараты басқа құрылыстардан бөлек толықтай жабылған қорғанмен бөлінеді.

Қауіпсіздігі барынша төмен мекемеге іргелес аумақтың шекарасы сотталғандар орындайтын жұмыс сипаттамасын ескере отырып, қауіпсіздігі барынша төмен мекеме бастығының бұйрығымен бекітіледі.

Қауіпсіздігі барынша төмен мекеменің әкімшілігі сотталғандарға тінту жүргізеді, сондай-ақ олардың заттарын тексереді.

Қауіпсіздігі барынша төмен мекеменің әкімшілігі айына кемінде бір рет мекеменің аумағына және барлық үй-жайларына тінту жүргізеді.

101. Қауіпсіздігі барынша төмен мекеменің ұстау режимінің талаптарын бұзғаны үшін сотталғандарға ҚАК-де көзделген барлық жазалау шаралары қолданылуы мүмкін. ТИ-да жазасын өтеу уақытында сотталған сәлемдеме, бандероль, сәлем-сауқат, кездесу алу құқығынан айырылады. Қауіпсіздігі барынша төмен мекемеде ЖАК жабдықталмайды.

102. ҚАК-тың 96-бабының 6-тармағына сәйкес жаза өтеудің жаза өтеудің белгіленген тәртібін қасақана бұзушы сотталғандарға қатысты түзеу режимінің түрін өзгерту туралы сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін олар ТИ үй-жайына қамалады және жалпы негіздерде ұсталады.

103. Бақылау және қадағалау жүйесі қауіпсіздігі барынша төмен мекеме шекарасының орналасқан орнын ескере отырып жоспарланады. Қауіпсіздігі барынша төмен мекеменің аумағында сотталғандарды бақылауды және қадағалауды бақылаушылар мен мекеменің кезекші ауысым күші жүзеге асырады. Әкімшілік ғимараттарды, өрт сөндіру депосын, жөндеу шеберханасын, тұрғын және қойма үй-жайларын, сондай-ақ ТИ-ды күзетуге ерекше назар аударылады.

104. Сотталғандар қауіпсіздігі барынша төмен мекемеден тыс тұрғын үй-жайларда тұрып жатса сотталғандарды бақылауды және қадағалауды мекеме әкімшілігінің күштері жүзеге асырады, сотталғандарға қауіпсіздігі барынша

төмен мекеменің сотталғанының куәлігі беріледі, осы Қағидаға 29-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бұл арқылы оған мекемеден тыс жерде тұруға рұқсат беріледі.

105. Қауіпсіздігі барынша төмен мекемеден тыс жерде орналасқан объектілердегі сотталғандарды бақылау мен қадағалау бойынша қызмет өткеруді мекеме қызметкерлері жеке кесте бойынша жүзеге асырады. ҚАЖ-дың басқа мекемелеріне жұмысқа орналасқан сотталғандарды бақылауды және қадағалауды олар жұмысқа орналасқан мекеме қызметкерлері жүзеге асырады.

## 6. Лауазымды адамдардың бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру бойынша іс-әрекеттері

### 1-параграф. МБКК

106. Кезекші болып тәжірибелі және дайындалған, төтенше жағдай туындаған кезде өз еркімен шешім қабылдай алатын қызметкерлер тағайындалады.

107. МБКК барлық ауысымның бастығы болып табылады, мекеме бастығы мен оның орынбасарларына тікелей бағынады, олар болмаған уақытта мекемеде белгіленген ішкі тәртіпті ұстауға және іс-шараларды күн тәртібіне сәйкес ұйымдастыруға жауап береді.

Әрбір кезекші ауысымға тұрақты нөмір (бірінші ауысым, екінші ауысым және әрі қарай) беріледі. Ауысымға қызметкерлерді және бақылаушыларды тағайындау мекеме бастығының бұйрығымен жүргізіледі (БӘЖ ауысым құрамына бөлініс командирі бекіткен, ұсынылған тізімге сәйкес енгізіледі).

МБКК (ҚАЖ қызметкерлерінің күшімен күзетілетін мекемелерде) мекемені күзету бойынша сыртқы бекеттерде қызмет өткеретін бақылаушылар құрамына, тексеру тобының қызметі мен операторға қарауыл бастығы арқылы тікелей жауап береді.

Қызмет өткеру кезінде болған жағдайлар, сондай-ақ жоспарланған іс-шаралар мен олардың орындалуы туралы белгі МБКК-ның қызметтік құжаттамасында тіркеледі.

108. Кезекші қызметінің қызмет өткеру үй-жайын жабдықтау осы Қағидаға 30 -қосымшада белгіленген.

### 2-параграф. Бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру кезіндегі қауіпсіздік шаралары

109. Сотталғандарды денсаулық сақтау органдарының емдеу-профилактикалық мекемелеріне айдауылдау кезінде, сондай-ақ оларды қадағалауды жүзеге асыру кезінде қаруды, дене күшін және арнайы құралдарды

сотталғандар егер басқа шаралармен көрсетілген әрекеттердің жолын кесу мүмкін болмаса ТМ қызметкерінің және әскери қызметшілердің не өзге де адамдардың өміріне тікелей қауіп төндіретін шабуыл немесе өзге де қасақана әрекет жасаған кезде айрықша шара ретінде қолдануға жол беріледі.

Қару "Тоқта! Атамын!" деген ескерту айғайлаудан кейін және жоғары қаратып атқаннан кейін қолданылады.

110. Шабуыл және өмірі мен денсаулығына шынайы қауіп төнген кезде мекеме қызметкерлері мен БӘЖ (бақылаушылар жасақшасы) күзет периметрінің жақын бекетіне қарай қозғалады, онда сақшы қорғану үшін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 29 қыркүйектегі № 210 ҚБПҮ бұйрығымен бекітілген Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1683 болып тіркелген Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің түзеу мекемелерін ішкі әскерлермен күзету жөніндегі нұсқаулықтың 19-тармағына және "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы Заңының 61-бабының 2-тармағына сәйкес қару қолданады.

111. Қару мен арнайы құралдарды қолданудың әрбір фактісі туралы мекеме әкімшілігі, әскери бөлім штабы прокурорға хабарлайды. Арнайы құралдарды қолданудың әрбір фактісі бойынша осы Қағидаға 31-қосымшаға сәйкес нысан бойынша арнайы құралдарды қолдану туралы акт жасалады.

## 7. Төтенше жағдайлар кезінде мекеме әкімшілігі мен кезекші ауысымның бақылауды және қадағалауды жүзеге асыруы

112. Мекемедегі жедел жағдайдың күрделенуі: топтасып бағынбау (3-тен 20 сотталғанға дейін қатысуымен) және жаппай тәртіпсіздіктер (20-дан астам сотталғанның қатысуымен); адамды кепілге алу; кісі өлтіру немесе денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру; сотталғандардың (сотталғанның) қашуы; табиғат апаты, ауыр салдары бар өрт және апат; жұмыстан және тамақтан бас тарту, сондай-ақ сотталғаннан есірткі заты табылған кезде; сотталғандардың уланып қалуы; мекеме әкімшілігіне, БӘЖ (бақылаушылар жасақшасы) және басқа да адамдарға шабуыл жасау болып табылады. Жағдай күрделенген кезде БӘЖ ( бақылаушылар жасақшасы) іс-әрекеттері төтенше жағдайлар туындауға байланысты қадағалау жоспарымен айқындалады.

Жағдайдың өзгеруіндегі барлық фактілер туралы БӘЖБ (БЖБ) МБКК-ге, әскери бөлініс командиріне дереу баяндайды және карауыл бастығын ақпараттандырады.

113. Сотталғандарды бақылауды және қадағалауды күшейтілген түрге ауыстыру мынадай жағдайларда:

1) топтасып бағынбау, топ болып өзі-өзіне қандай да бір қасақана зиян келтіру, сотталғандардың жаппай тәртіпсіздіктері және адамды кепілге алған кезде;

2) сотталғандардың (сотталғанның) қашуға дайындалып жатқаны, қашқаны және қашып кеткені, сондай-ақ қарауылға, БӘЖ (бақылаушылар жасақшасы) әкімшілігі өкілдеріне және басқа да адамдарға шабуыл жасалуы туралы деректер алған кезде;

3) жағдайдың күрделенуіне әкеп соққан, мекемеде немесе оған жақын жерде өрт, жарылыс, апат, табиғат апаты (ауа райының күрт бұзылуы), қоғамдық тәртіпті топтасып бұзған кезде;

4) мекемеде ҚАК-тың 101-бабына сәйкес ерекше жағдай режимін енгізген кезде;

5) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің (не оның орнын алмастыратын адамның), ҚАЖ комитеті төрағасының (не оның орнын алмастыратын адамның), ҰҰ қолбасшылығының, аумақтық бөліністер мен мекеме бастықтарының (не олардың орнын алмастыратын адамның), әскери бөлім командирінің бұйрығы (өкімі) және бөлініс командирінің шешімі бойынша енгізіледі.

114. Жауынгерлік қызметтің күшейтілген түрі өңірлік қолбасшылықта, құралымдарда, әскери бөлімдерде және бөліністерде тиісті командирдің шешімімен енгізіледі, ол жауынгерлік қызмет кітабында бұйрықпен (өкіммен) ресімделеді. Жауынгерлік қызметтің күшейтілген түрі мынадай мерзімге: мекеме бастығының негізді ұсынысы бойынша өңірлік қолбасшылық қолбасшысы, құрама командирі – 10 тәулікке дейін, әскери бөлім командирі – 5 тәулікке дейін, бөлініс командирі – 3 тәулікке дейін енгізеді.

115. Қажет болған жағдайда аумақтық бөлініс бастығының шешімімен мекеме бастықтарына практикалық көмек көрсету үшін күшейтілген уақытта мекемеге аумақтық бөліністің қызметкерлері жіберіледі. Жағдайға байланысты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің, ҚАЖ комитеті төрағасының, аумақтық бөлініс бастығының, өңірлік қолбасшылық қолбасшысының құрама ( бөлім, бөлініс) командирінің бұйрығымен мекеме басшы құрамының бір бөлігі және ҰҰ бөлінісінің жеке құрамы казармалық жағдайға көшіріледі.

116. Қызмет өткерудің күшейтілген түрі кезінде:

1) кезекші ауысым жеке құрамының саны артады;

2) профилактикалық есепте тұрған адамдармен құқық бұзушылықтарды ескерту бойынша жедел-іздестіру жұмысы жандандырылады;

3) тұрғын және өндірістік аймаққа (объектілерге), ТИ-ға, ЖАК-қа, кездесу бөлмелеріне сотталғандарға сақтауға және пайдалануға рұқсат етілмеген

заттарды алу және қашуға, басқа да құқық бұзушылықтарға дайындалуды анықтау мақсатында мұқият тінту жүргізіледі;

4) төтенше жағдайлар туындаған кезде жеке құрамның әрекет ету дайындығын арттыру жөніндегі іс-шаралар нақтыланады;

5) жедел жағдайды қалыпқа келтіруге көмек көрсету үшін аумақтық бөліністерден келген жедел топтар пайдаланылады;

6) жеке құрамның қырағылығын арттыру жөніндегі іс-шаралар жүргізіледі;

7) мекемеге іргелес аумақта патрульдеу күшейтіледі;

8) өртке қарсы құралдардың бар-жоғы және жай-күйі тексеріледі, мекеменің ведомстволық өртке қарсы қызметі құрамының дайындығын жоғарылатады;

9) мекеме бөлімдерінің, қызметтері мен кезекші ауысымының іс-әрекеттеріне бақылау күшейтіледі.

117. Төтенше жағдайлар кезінде мекеме қызметкерлері мен әскери қызметшілерді іс-әрекетке үйрету командирлік, жауынгерлік және қызметтік даярлық жүйесінде жүргізіледі.

## 1-параграф. Сотталғандардың бағынбауы мен жаппай тәртіпсіздіктер кезінде лауазымды адамдардың бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру бойынша іс-әрекеттері

118. Сотталғандардың тарапынан топтасып бағынбау және жаппай тәртіпсіздіктер, өздеріне қандай да бір қасақана залал келтіру немесе жаппай бұзақылық жасау кезінде мекеме қызметкерлері, БӘЖ (бақылаушылар жасақшасы) бұл туралы дереу МБКК-ге (бөлініс командиріне) баяндайды, қарауыл бастығын ақпараттандырады және бірлесіп, оған басқа сотталғандардың қосылып, топтасып бағынбаушылықтың ұлғаюына, жаппай тәртіпсіздікте өздеріне қасақана қандай да бір залал келтіруіне бөгет бола отырып, құқыққа қарсы әрекеттердің бастапқы кезеңінде жолын кесуге шаралар қабылдайды. Бөлініс командирі бөлім командиріне баяндайды және мекеме бастығымен бірлесіп, қолда бар күш пен құралды, сондай-ақ мекеме қызметкерлерінің қатарынан қосалқы топты, арнайы құралдармен жабдықталған әскери қызметшілерді, қызметтік иттерімен мамандарды, өрт сөндіру машинасы мен басқа да қажетті техниканы төтенше жағдайлар кезінде әрекет ету жоспарына сәйкес даярлайды.

119. Топтасып бағынбау, сотталғандардың өздеріне қандай да бір қасақана залал келтіруі және жаппай тәртіпсіздіктер кезінде МБКК:

1) хабарлау сызбасына сәйкес дабыл бойынша мекеме басшы құрамын жинауды жариялайды;

2) сотталғандардың мінез-құлқын, оның ішінде мекеме аумағындағы БӘЖ ( бақылаушылар жасақшасы) барлық күшін, басшы құрамды тарта отырып, бақылауды және қадағалауды күшейтуді қамтамасыз етеді;

3) Сотталғандардың тұрғын, өндірістік аймақ және оқшауланған учаскелер арасындағы қозғалыстарын тоқтатады, егер бағынбау, өздеріне қандай да бір қасақана залал келтіру оқшауланған учаскелердің бірінде болып жатса, жанжалды оқшаулау шараларын қабылдайды;

4) көлікті, өрт қауіпсіздігі жағдайын бақылауды қамтамасыз етеді және қажетті объектілерде тоқ көзін ажыратады;

5) оқиға орнындағы жағдайды бағалайды, оның шиеленісуіне ықпал еткен жағдайларды жоюға және мүмкіндігіне қарай, сотталғандардың заңды талаптарын қанағаттандыруға шаралар қабылдайды, олардан бағынбаушылықты тоқтатып, жатақханаларына тарауларын талап етеді, мекеме бастығы келгенше түсіндіру жұмысын жүргізеді. Бағынғысы келмегендерге оқиғаның мән-жайын анықтау үшін мекеме қызметкерлерінің ілесіп жүруімен әкімшілік ғимаратқа жүруін ұсынады;

6) персоналдың, сотталғандардың және басқа да адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге шаралар қабылдайды;

7) әкімшілік өкілдерінің, БӘЖ (бақылаушылар жасақшасы), сондай-ақ өздерін жақсы жағынан көрсеткен сотталғандар қатарынан ТИ, ЖАК, штабтың, медицина бөлімінің, асхана мен мекеменің басқа да материалдық бағалы заттар бар объектілерінің маңайын күзету бойынша жасақша құрайды;

8) жағдай күрт шиеленіскен кезде қызметтік құжаттамалардың сақталуын қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдайды және қажет болған жағдайда оларды аумақтан тыс жерде орналасқан қарауыл үй-жайына немесе мекеменің әкімшілік ғимаратына шығарады;

9) ведомстволық өрт сөндіру қызметінің жеке құрамы мен өрт сөндіру техникасын жауынгерлік әзірлік жай-күйіне келтіру туралы нұсқау береді;

10) зардап шеккендерге медициналық көмек көрсетуді ұйымдастырады;

11) мекеме бастығы, оның орынбасарлары келген соң олардың нұсқауы бойынша әрекет етеді.

120. Мекеме бастығы келіп, жағдайды бағалап, аумақтық бөліністің бастығына оқиға туралы баяндайды, сотталғандарға құқыққа қарсы әрекеттерін тоқтатуды талап етеді (радио немесе басқа тәсілдер арқылы) және жаппай тәртіпсіздікте топтасып бағынбаушылықтың ұлғаюына жол бермеуге шаралар қабылдайды. Мекеме қызметкерлері мен БӘЖ (бақылаушылар жасақшасы) күшімен бағынбаушылық туындаған жекеленген учаскені оқшаулауды қамтамасыз етеді. Егер жекелеген сотталғандар бұл талапты орындамаса және құқыққа қарсы әрекеттер жасауды жалғастырса, мекеме бастығы объектіге

мекеме қызметкерлері мен әскери қызметшілерді (әскери бөлім қолбасшылығының келісімі бойынша) кіргізу жолымен бұл әрекеттердің жолын кесу бойынша шаралар қабылдайды, объектіге кіретін топтың жетекшісіне жеке өзі тапсырма беріп, олардың әрекеттерін басқарады. Жағдай және өзінің әрекеттері туралы мекеме бастығы өзінің тікелей бастығына баяндайды.

121. Мекеме қызметкерлері, ҮҰ бөлінісінің жеке құрамы сотталғандарды орналастыру бойынша шаралар қабылдайды, бағынбаушылықты (бұзақылық әрекеттерді) ұйымдастырушылар мен оған белсенді қатысушыларды ұстап, оқшаулауды қамтамасыз етеді.

122. Егер жоғарыда көрсетілген шаралар нәтижесіз болса және сотталғандардың әрекеті жаппай тәртіпсіздікке ұласып кетсе аға жедел бастықтың шешімімен арнайы операция жүргізіледі.

## 2-параграф.Сотталғандар адамдарды кепілге алған кезде лауазымды адамдардың бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру бойынша іс-әрекеттері

123. Адамдарды кепілге алғаны туралы хабарлама келіп түскен кезде МБКК:

1) дереу кезекші ауысым құрамынан кепілге алудың жолын кесу үшін топ жібереді, содан кейін мекеме бастығына (БӘЖБ – бөлініс командиріне), аумақтық бөліністің және ҚАЖ комитетінің кезекшісіне баяндайды, объектіні күзету жөніндегі қарауыл бастығын ақпараттандырады.

2) мекеменің жеке құрамын хабарлау сызбасына сәйкес дабыл бойынша жинауды жүзеге асырады;

3) қолда бар күшпен оқиға орнын қоршайды, қылмыскерлерді қадағалауды ұйымдастырады, кепілге алған адамдардың саны мен жеке бастарын анықтау мақсатында арнайы контингентке тегі бойынша тексеру жүргізеді;

4) жағдайды анықтап, қылмыскерлермен келіссөздерге түседі, олардың талаптарын нақтылайды, заңды талаптарын қанағаттандырады және құқыққа қарсы әрекеттерін тоқтатуды ұсынады;

5) егер осы шаралар оң нәтиже бермесе, келіссөздер жүргізуді жалғастырады;

6) мекеме басшылығы келген соң олардың нұсқауы бойынша әрекет етеді;

124. Мекеме бастығы жағдайды бағалап:

1) бұл туралы өзінің аға бастығына және прокурорға баяндайды;

2) кепілге адам алған сотталғандармен келіссөздерге түседі және салмақты, ұстамды және шыдамды жүргізеді. Оларды тыңдайды және талаптары мен шарттарын анықтайды;

3) сотталғандарға олардың құқыққа қарсы әрекеттерінің салдарын түсіндіреді, оларды қылмыстық ойларынан бас тартуға көндіруге тырысады;

4) сотталғандарда қарудың бар-жоғын анықтайды;

5) өзінің орынбасарларына күшті, арнайы құралдар мен қаруды қолдана отырып, кепілге алынған адамдарды босату бойынша іс-әрекеттер үшін күштер мен құралдарды дайындау туралы өкім береді.

125. Мекеме бастығының әрекеті нәтиже бермеген кезде аға жедел бастықтың шешімімен кепілге алынған адамдарды босату бойынша арнайы операция жүргізіледі.

## 3-параграф. Мекемеде кісі өлтіру немесе денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру кезінде лауазымды адамдардың бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру бойынша іс-әрекеті

126. Кісі өлтіру туралы (мәйіті табылғанда), денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру туралы хабарлама келіп түскен кезде МБКК кезекші ауысымға және мекемедегі қызметкерлерге сотталғандардың мінез-құлқын бақылауды және қадағалауды күшейту туралы нұсқау береді. Содан кейін:

1) оқиға орнына келеді және қажет болған жағдайда дәлелдемелердің сақталуын қамтамасыз ете отырып, дереу зардап шегушіге медициналық көмек көрсетуді немесе медицина бөліміне жөнелтуді ұйымдастырады, оқиға орнына күзет қояды;

2) дабыл бойынша медицина және жедел қызметкерді шақырады, болған жағдай туралы мекеме бастығына, оның орынбасарларына баяндайды, аумақтық бөліністің және ҚАЖ комитетінің кезекшілерін және қарауыл бастығын ақпараттандырады. БӘЖБ бөлініс командиріне (кезекші офицерге) баяндайды;

3) кінәлілерді ұстауға, қылмысты көрген адамдарды анықтауға, заттай дәлелдемелердің сақталуына шаралар қабылдайды;

4) қылмыс жасауда күдіктілерді олардың өз араларындағы және ТИ-да, ЖАК-да ұсталатын басқа адамдармен келіссөздер мүмкіндігін жоя отырып, жеке камераларға оқшаулайды;

5) оқиға орнына жедел қызметкер (ЖТТ) келген соң, оған болған жайды және қылмыс фактілері бойынша алғашқы іс-қимыл туралы толық хабарлайды. Мекеме бастығы келген соң оған қабылданған шаралар туралы баяндайды және оның нұсқауы бойынша әрекет етеді.

## 4-параграф. Сотталған қашқан кезде лауазымды адамдардың бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру бойынша іс-әрекеті

127. Мекеменің, БӘЖ-дің (бақылаушылар жасақшасы) сотталғанның қашқаны туралы деректер алған немесе күзетілетін объектіден сотталғанның қашу белгілерін (БІЖ-дегі іздер, күзет сигнализациясының бұзылуы, қоршаудың сынуы, қазу, сотталғанның тексеруде болмауы және т.б.) анықтаған қызметкерлері бұл туралы дереу МБКК-ға және БӘЖБ (бақылаушылар жасақшасының бастығына) хабарлайды.

128. МБКК қашу туралы белгі түскен кезде:

1) дереу қарауыл бастығына хабарлайды және онымен бірлесіп, ізіне түсуді ұйымдастырады, содан кейін болған оқиға туралы мекеме бастығына (БӘЖБ - бөлініс командиріне, кезекші офицерге), аумақтық бөліністің және ҚАЖ комитетінің кезекшісіне баяндайды, мекеме бастығының режим және жедел жұмыс жөніндегі орынбасарын, мекеменің жедел және режим бөлімдерінің, бөлімшелерінің, топтарының бастықтарын ақпараттандырады.

2) мекеме бастығының нұсқауы бойынша хабарлау сызбасына сәйкес дабыл бойынша басшы құрамды жинауды жариялайды;

3) қызметкерлер немесе кезекші ауысым әскери қызметшілері қатарынан бекет қою арқылы қашу орнын және іздерін күзетуді қамтамасыз етеді;

4) қашқан сотталғанның нақты кім екенін анықтау мақсатында сотталғандарды тегі бойынша тексеруді ұйымдастырады;

5) көлік құралдарын дайындыққа келтіру туралы нұсқау береді;

6) қашқан адамды ұстауға шаралар қабылдайды (оның қозғалысындағы баруы мүмкін бағыттарға тосқауыл қою үшін жедел топ жібереді);

7) қашқан сотталғанның кім екенін анықтап, арнайы бөлім қызметкерлеріне оның жеке ісі бойынша айқындамалық деректерді дайындау туралы нұсқау береді, оның жұмыс және жататын орындарын мұқият тінтуді барлық жеке заттарын және хат жазысуларын алуды (маман кинологтарға беру үшін), сондай-ақ жоқ сотталғанды білетін адамдарды анықтауды, жауап алуды ұйымдастырады;

8) қашқан сотталған соңғы рет қашан және кіммен кездескенін, кімнен сәлемдеме, бандероль алғанын және оның байланыстарын анықтайды, күзет желісінен өткен із болмағанда тығылып қалуы мүмкін орындарды, жер асты құрылыстары мен құбырларды мұқият тексереді, біруақытта қашан, қайда және қандай көлік құралдары мекеме аумағынан шыққанын анықтайды, сотталғанмен бірге жұмыс істеген адамдардан жауап алады, мекеме бастығы, оның орынбасарлары келген соң қабылданған шаралар туралы баяндайды және олардың нұсқауы бойынша әрекет етеді.

129. Мекеме бастығы бөлім командирімен бірлесіп, төтенше жағдайлар кезінде әрекет ету жоспарына және осы Қағиданың талаптарына сәйкес қашқан сотталғандарды іздестіруді ұйымдастырады.

## 5-параграф. Сотталғандардан есірткі заттары табылған кезде лауазымды адамдардың бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру бойынша іс-әрекеті

130. Сотталғаннан сыртқы түрі (өсімдік немесе жасанды жолмен) есірткі затына ұқсайтын зат табылған не сотталғандардың бірінде осындай зат бар екені туралы ақпарат алған жағдайда ҚАЖ қызметкерлері Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің (бұдан әрі – ҚІЖК) нормаларын сақтап, тергеуге дейінгі тексерістің алғашқы материалын толық жинау үшін аумақтық ІІО-ға және аумақтық есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі арнайы бөлініске дереу хабарлайды.

ҚІЖК нормаларына сәйкес есірткі құралдарын алу іс-әрекеттерге бейнетіркеу жүргізе отырып, есірткі құралдары алынатын адаммен бір жынысты екі куәгердің қатысуымен жүргізуі тиіс, ол туралы тірі адамды тексеру хаттамасында тиісті белгі жасалады.

Сотталғаннан сыртқы түрі (өсімдік немесе жасанды жолмен) есірткі затына ұқсайтын зат табылған не сотталғандардың бірінде осындай зат бар екені туралы ақпарат алған кезде МБКК кезекші ауысым адамдармен бірлесіп оны кезекші бөлімге алып келуді қамтамасыз етеді. Бұл ретте МБКК сотталғанды не өзге ұсталған адамды, одан затты тапқан сәттен бастап кезекші бөлімге алып келу және сотталғанды аумақтық ІІО-ның ЖТТ-ға беруге дейін үздіксіз бейнетіркеуді қамтамасыз етеді.

Оқиға орнына ЖТТ уақтылы келмеген жағдайда, сондай-ақ кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда ҚАЖ мекемесінің жедел қызметкері жедел-іздестіру қызмет шеңберінде міндетті түрде куәгерлердің қатысуымен есірткі құралдарын тәркілеу фактісін құжаттандыру жұмыстарын жүргізеді.

Куәгерлерді тарту мүмкін болмаған жағдайда ҚАЖ-дың жедел не режим қызметтерінің қызметкерлері, ал олар болмаған кезде МБКК аумақтық ІІО-ның ЖТТ келгенге дейін есірткі құралдарын табу фактісін тоқтаусыз бейнетаспаға түсіруді жүргізу қажет.

ҚАЖ мекемелерінің аумағына жасырын алып өтуге не лақтыруға әрекет еткен адамдарды ұстаған кезде ҚАЖ мекемелерінің қызметкерлері ЖТТ келгенге дейін аумақтық есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі аумақтық бөлiнiстiң басшысына хабарлап, оларды ұстайды.

Адамның (сотталғанның, өзге адамның) тарапынан есірткі құралдарынан құтылуға (лақтырып тастауға) әрекет еткен кезде ҚАЖ мекемесінің қызметкерлері мынадай іс-әрекеттерді жүргізеді:

- жедел және режим қызметтерінің қызметкерлері куәгерлердің қатысуымен ( олар болмаған кезде – тоқтаусыз бейнетіркеуге түсіріп) осы фактіні баянаттар мен түсініктемелерде көрсетіп, оны тіркеуі қажет;

- есірткі заттарын анықтау фактісі бойынша оқиға орнын тексеру хаттамасы жасалады, оған тәркілеуді жүргізген лауазымды адам және куәгерлер (олар жоқ болған жағдайда бейне материалдар қоса тіркеледі) қол қояды;

- табылған зат пакетке салынады, оны анықтауға және тәркілеуге қатысқан адамдардың қатысуымен органның (ҚАЖ мекемесінің) мөрімен мөрлейді, олар мөрге қол қояды және осы факті бойынша жазбаша түрде түсініктеме береді;

- МБКК және ҚАЖ мекемесінің кезекші бөліміне сотталғанды ұстау және алып келу кезінде қатысқан өзге де лауазымды адамдар түсініктеме береді;

- Анықталған және тәркіленген зат, сондай-ақ жиналған материалдар аумақтық ІІО ЖТТ-ға беріледі.

Мекеменің негізгі қоршауынан лақтыру арқылы арнайы контингент үшін есірткі құралдарын жеткізуді жүзеге асыруға талпынған азаматтық тұлғаларға қатысты да ұстаудың, тексеру жүргізудің, ресімдеудің және ұсталғанды ЖТТ-ға берудің, сондай-ақ мекеменің аумағында немесе оның жанында табылған және тәркіленген иесіз (иесі анықталмаған) есірткі құралдарына қатысты осыған ұқсас тәртібі қолданылады.

Ескерту. 130-тармақтың орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізіледі - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 30.07.2015 № 642 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 6-параграф. Өрт немесе табиғат апаты кезінде лауазымды адамдардың бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру бойынша іс-әрекеті

131. Тұрғын аймақта немесе өндірістік объектіде өрт туындаған кезде мекеме қызметкерлері, БӘЖ (бақылаушылар жасақшасы) МБКК-ға, ведомстволық өрт сөндіру қызметі бөлінісіне өрт туралы дереу хабарлайды және қолда бар күштермен және құралдармен оны сөндіруге шаралар қабылдайды. Олар біруақытта қашу немесе басқа да қылмыстар жасау мүмкіндігін болдырмау үшін сотталғандарға бақылау жасайды, сондай-ақ олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге шаралар қабылдайды.

132. Өрт туралы хабарлама алған соң, МБКК:

1) мемлекеттік өртке қарсы қызметтің аумақтық бөліністерін шақырады, объектіні күзету жөніндегі қарауыл бастығын ақпараттандырады, қажет болған жағдайда қосымша күш шақырады;

2) мекеме бастығына (БӘЖБ – бөлініс командиріне немесе кезекші офицерге) болған оқиға туралы баяндайды және қарауыл бастығын ақпараттандырады;

3) мекеменің жеке құрамын хабарлау сызбасына сәйкес дабыл бойынша жинауды жариялайды;

4) мекеменің жеке құрамы мен сотталғандарды тарта отырып, өрт сөндіру жоспарына сәйкес өрт сөндіруді ұйымдастырады, біруақытта сыртқы күзетті нығайту (күшейту) бойынша шаралар қабылдайды;

5) адамдардың өміріне қауіп төнген жағдайда оларды барлық қолда бар күштер мен құралдарды пайдалана отырып, дереу көшіруді қамтамасыз етеді;

6) жағдайды анықтау және шешім қабылдау мақсатында өрт шыққан аудандағы адамдар бар орынды, оларды құтқару жолдарын, өрттің орны мен көлемін, жанып жатқан материалдарды, өрттің таралу жолдарын, жарылу, улану, құрылыстардың құлау қаупінің, өрт орнында тез балқитын және жанатын сұйықтықтың, сондай-ақ жоғарғы кернеуде жұмыс істеп тұрған электр құрылғылары мен электр желісінің бар-жоғы, мүлік пен материалдарды шығару, оларды оттан, түтіннен және судан қорғау қажеттілігін нақтылайды;

7) қажет болған жағдайда электр қуатын сөндіру (күзетілетін объекті периметрінің жарықтандыруынан басқа), тасымалдау құралдарын, өндірістік жабдықтарды тоқтату, шикізатты, газды және басқа да өртке қауіпті құбырларды жабу, желдету жүйесін тоқтату, түтінді жоғалту жүйесін іске қосу және өрттің таралуын болдырмауға ықпал ететін басқа да іс-шараларды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді, газапаттық, медициналық және басқа да қызметтерді шақырады;

8) сотталғандардың мінез-құлқын бақылау мен қадағалауды күшейтуді қамтамасыз етеді, қажет болған жағдайда дүкеннің, ас блогының жанына және басқа да материалдық бағалы заттарды, оның ішінде өрт ошағынан шығарылған сақталатын орындарға бекеттер қойылады, сотталғандардың белсенді мүшелерін көмекке тартады;

9) күзетілетін объектіге өрт сөндіретін автотехникалардың бөгетсіз кіруін ұйымдастырады және өрт сөндіру бөліністерін тосып алып, ілесіп жүруге келу жолдары мен су көзі орналасқан жерлерді жақсы білетін лауазымды адамды бөледі;

10) өрт сөндіру күзеті бөлінісі келісімен аға бастықты өрт ошағы туралы, оны тоқтату үшін қабылданған шаралар туралы, сондай-ақ үй-жайда адамдардың бар-жоғы туралы ақпараттандырады, келген бөліністерге көмек көрсетуді ұйымдастырады;

11) өртті өшіргеннен кейін оның салдарын жоюға және күн тәртібіне сәйкес іс-шаралар өткізуге шаралар қабылдайды.

133. Табиғи сипаттағы табиғат апаты кезінде мекеме қызметкерлері сотталғандардың, әсіресе қашуға бейім адамдардың мінез-құлқын бақылауды күшейтеді. Тәртіпті сақтау және мүліктерді сақтап қалу үшін сотталғандардың белсенді мүшелері тартылады. Мекеме әкімшілігінің өкілдері мен кезекші ауысым МБКК-ның, мекеме бастығы мен оның орынбасарларының нұсқауларына сәйкес сотталғандардың мінез-құлқына қадағалауды жүзеге асырады.

134. Табиғат апаты болуы ықтимал аудандарда орналасқан мекемелерде алдын ала тиісті, оның ішінде сотталғандарды бақылауды және қадағалауды күшейту жөніндегі іс-шаралар анықталады. Сотталғандарды шығаратын қауіпсіз орындар белгіленеді.

## 7-параграф. Сотталғандар уланған кезде лауазымды адамдардың бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру бойынша іс-әрекеті

135. Сотталғандардың уланғаны туралы ақпарат алған кезде МБКК:

1) болған оқиға туралы мекеме бастығына (БӘЖБ – бөлініс командиріне), оның орынбасарына баяндайды, қарауыл бастығын ақпараттандырады;

2) дабыл бойынша медициналық және жедел қызметкерлерді шақырады және өзінің көмекшісімен бірге оқиға орнына келеді;

3) алдын ала деректер бойынша улануға себеп болған азық-түлікті немесе өзге де заттарды алып қоюды, оқиға орнын күзетуді қамтамасыз етеді, егер улану асханада болса ас қабылдауды тоқтатады, үй-жайдан барлық сотталғандарды шығарады, ас қабылдаған адамдардың саны мен тегін нақтылайды;

4) зардап шеккендерді медициналық бөлімге жеткізуді ұйымдастырады;

5) қызмет өткеру бекеттерінде сотталғандарды бақылауды және қадағалауды күшейтеді;

6) жедел жағдай шиеленіскен кезде жеке құрамды жинауды жариялайды;

7) кезекші ауысымның адамдарына қызмет өткеру бекеттерінде сотталғандарды бақылауды және қадағалауды күшейтуге нұсқау береді;

8) мекеме бастығы, оның орынбасары келген соң қабылданған шаралар туралы баяндайды, одан әрі олардың нұсқауы бойынша әрекет етеді.

## 8-параграф. Сотталғандар ас ішуден бас тартқан кезде лауазымды адамдардың бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру бойынша іс-әрекеті

136. Сотталғандардың ас ішуден бас тарту фактісі анықталған кезде МБКК:

1) БӘЖБ (бақылаушылар жасақшасының бастығына) сотталғандарды бақылау мен қадағалауды күшейту туралы нұсқау береді;

1) мұндай фактінің себебі мен салдарын анықтайды;

2) сотталғандардың жеке басын, олардың санын, ұйымдастырушыларды анықтайды және оқиға туралы мекеме бастығына (БӘЖБ – бөлініс командиріне), оның орынбасарына баяндайды;

3) жедел, режим, медициналық, тәрбие қызметтерінің қызметкерлерін, сондай-ақ психологтарды шақырады және теріс салдардың алдын алу мақсатында сотталғандармен түсіндіру әңгімесін жүргізеді;

4) ас ішуден бас тартқан басқа сотталғандардан бөлек ұстауға және оқшаулауға шаралар қабылдайды, жазбаша өтініш пен ас ішуден бас тарту себебі туралы түсініктеме алады;

5) сотталғандардың ас ішуден топтасып бас тартуын ұйымдастырушылар анықталған кезде дереу оны оқшаулау бойынша шаралар қабылдайды;

6) кезекші ауысым құрамына қызмет өткеру бекеттерінде сотталғандарды бақылау мен қадағалауды күшейтуге нұсқау береді;

7) жедел жағдай шиеленіскен кезде жеке құрамды жинауды жариялайды;

8) мекеме бастығы, оның орынбасары келген соң қабылданған шаралар туралы баяндайды, олардың нұсқауы бойынша әрекет етеді.

137. Мекеме бастығы оқиға орнына келіп, жағдайды бағалап, болған оқиға туралы аумақтық бөліністің бастығына баяндайды, мекемеде заңдылықтың сақталуын қадағалауды жүзеге асыратын мамандандырылған прокурорға хабарлама жолдайды. Сотталғандардың заңды талаптарды қанағаттандыруға, туындаған мәселелерді шешуге шаралар қабылдайды және сотталғандарға құқыққа қарсы мінез-құлықты тоқтатуды талап етеді.

138. Ас ішуден бас тартқан сотталғандардың денсаулықтарын сақтауға бағытталған шаралар, оның ішінде мәжбүрлі сипаттағы шаралар егер олардың өмірлеріне қауіп төнсе, оларды бақылап отырған медицина қызметкерінің жазбаша қорытындысы негізінде медициналық көрсеткіш бойынша жүзеге асырылады.

139. Сотталғандардың ас ішуден бас тартуы оларды басқа мекемелерге немесе күзетте ұстау орындарына айдауылдауға кедергі бола алмайды. Қажет болған жағдайда айдауылдау медицина қызметкерінің ілесіп жүруімен жүргізіледі.

## 8. Камерада ұстау мекемелерінің, тергеу изоляторының камераларында ұсталатын сотталғандарды бақылау және қадағалау

### 1-параграф. Бақылау мен қадағалаудың негізгі талаптары

140. Кезекші ауысымның, режим бөлімінің, режим және күзет бөлімінің сандық құрамы режимдік корпустардың, қадағалау бекеттерінің санын, сотталғандардың тәуліктік қозғалысын, айдауылдау бойынша міндеттерді орындауды, тінтуді және т.б. ескере отырып анықталады.

141. Сотталғандарды серуенге, дәрігерге, кездесуге шығаруды және ұстау режимімен байланысты басқа да функцияларды орындауды БӘЖ, режим бөлімінің, режим және күзет бөлімінің бақылаушылары қамтамасыз етеді.

142. Бақылау мен қадағалау бекеттеріне бақылау мен қадағалау бойынша бекеттер саны мен орналастырылуы осы Қағидаға 32-қосымшаға сәйкес нысан бойынша табельмен белгіленеді, камерада ұстау мекемелерінің, тергеу изоляторының корпустық бөлімшелерінің саны осы Қағидаға 33-қосымшаға сәйкес нысан бойынша табельмен белгіленеді.

143. Корпустық бөлімшелер режимдік корпус немесе қабат бойынша белгіленеді. Олардың саны бір корпустық бөлімшеде ұсталатын сотталғандардың санын есепке ала отырып анықталады. Әрбір корпустық бөлімшеге табельдегі жазба бойынша нөмір беріледі.

144. Табельмен белгіленген бақылау және қадағалау бекеттері табельдік бекеттер деп аталады. Бақылау және қадағалау бекеттерінің нақты шарттарына байланысты бір ауысымдық, екі ауысымдық, үш ауысымдық немесе тәуліктік болуы мүмкін, ол табельде көрсетіледі. Әрбір табельдік бекетке табельдегі жазба бойынша реттік нөмір беріледі. Табельде әр бекеттің бақылауы мен қадағалауындағы объект көрсетіледі.

145. Табельдік бекеттерден басқа, камерада ұстау мекемесі бастығының, оның жедел-режим жұмысы жөніндегі, режим жұмысы жөніндегі орынбасарының, МБКК немесе тергеу изоляторы бастығының кезекші көмекшісінің (бұдан әрі – ТИБКК) өкімі бойынша қолда бар деректер бойынша қашуға, шабуыл жасауға не басқа да құқыққа қарсы әрекет етуге ниеттері бар сотталғандар ұсталатын бір немесе бірнеше камераларға қадағалауды күшейту үшін қосымша (уақытша) бекеттер қойылуы мүмкін.

146. Бақылау мен қадағалау бекеттері:

1) ТИ камераларына, үй-жайларына;

2) тергеу изоляторының кіру қақпасына;

3) сотталғандарды серуенге шығарған кезде серуендеу алаңына;

4) өндірістік аумаққа;

5) медициналық-санитарлық бөлімге;

6) ұзақ мерзімді кездесу бөлмесіне;

7) бақылау мен қадағалауды қосымша күшейтуді қажет ететін басқа да бекеттерге қойылады.

Бақылау мен қадағалау бойынша камерадағы бекеттерге бақылаушылар жапсарлас тұрған немесе қарама-қарсы орналасқан 15-тен 20-ға дейінгі камераны бір бекетке күзетке беру есебінен қойылады. Камералардың аз саны оқшауланып орналасқан кезде жеке бекет қойылады.

## 2-параграф. Кезекші ауысымның қызмет өткеруін ұйымдастыру

147. МБКК, ТИБКК қызмет өткеру кезінде:

1) жеке өзі, сондай-ақ орынбасары арқылы корпус бойынша жетекші мен камера жанындағы бақылаушылардың қызмет өткеруін күндізгі уақытта кемінде үш рет, түнде кемінде төрт рет жүйелі түрде тексереді;

2) сигнализациядағы, байланыстағы, сондай-ақ есіктегі, есік желдеткіштеріндегі, құлыптардағы, торлардағы, камера жабдықтарындағы ақауларды дереу жоюға шаралар қабылдайды;

3) режимді аумақта саты, тақтай және шабуыл жасауға немесе қашуға пайдалануы мүмкін басқа да заттардың сақталуына жол бермейді;

4) сотталғандарды қабылдауды және жөнелтуді жүзеге асырады, жеке тінту жүргізуді және жедел және режим бөлімі жасаған камераларға орналастыру жоспарына сәйкес камералар бойынша орналастыруды ұйымдастырады.

148. МБКК, ТИБКК кезекші бөлімде:

1) осы Қағидаға 34-қосымшаға сәйкес нысан бойынша арнайы кілттерді есепке алу кітабын;

2) ӨББА және ӨЖ сотталғандар ұсталатын түрме түріндегі камералардың қосалқы кілттерін және камералардың екінші құлыптарының кілттерін;

3) камера бойынша орналастыру жоспарын;

4) МБКК, ТИБКК қызметтік құжаттарды сақтайды және жүргізеді.

149. Корпустық бөлімше кезекші ауысымның корпус бойынша жетекшісіне жүктеледі. Корпус бойынша жетекші корпуста кезекші ауысым құрамында қызмет өткереді және МБКК-ге, ТИБКК-ге және оның орынбасарына бағынады. Оның бағынысында бақылау және қадағалау бойынша бақылаушылар болады.

Корпус бойынша жетекшіге корпустық бөлімшеде бөлме бөлінеді, оған мыналар орнатылады:

1) ішкі телефон байланысы және кезекшімен тікелей байланысқа шығу аппараттары;

2) камерамен біржақты дауысзорайтқыш байланыс аппараты;

3) күзет-дабыл сигнализациясы түймесі;

4) құжаттарды сақтауға арналған металл шкаф.

150. Корпус бойынша жетекші:

1) өзіне бекітілген корпустық бөлімшедегі бекеттік бақылаушылардың қызмет өткеруін тексереді және жариялаған кезде дереу сигнал түскен бекетке барады;

2) корпустық бөлімшеге келген сотталғандарды қабылдайды және мекеме бастығы басшылық ететін мекеме комиссиясының шешімі бойынша камераларға орналастырады. Сотталған орналасуға тиісті орынды (төсекті) көрсетеді және оны тиесілі төсек орын жабдықтарымен, жеке тұрмысына қажетті заттармен қамтамасыз етеді;

3) осы Қағидаға 35-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сотталғандарды ауыстыру тізімінің негізінде сотталғандарды басқа камераларға ауыстыруды жүргізеді;

4) камералық картотека бойынша сотталғандарды есепке алуды жүргізеді, осы Қағидаға 36-қосымшаға сәйкес нысан бойынша камералық карточкаларда бір камерадан басқа камераға ауыстырылғаны туралы және берілген немесе қайтарылған мүліктер туралы барлық қажетті жазбаларды жүргізеді;

5) жаза өтеудің белгіленген тәртібін сақталуын, уақтылы тұрғызуды, ұйқыға жатқызуды, ас таратуды, бақылайды, сотталғандар арасында тәртіпті сақтауға шаралар қабылдайды, байқалған бұзушылықты дереу жояды және олардың тараптарынан болатын құқыққа қарсы әрекеттердің жолын кеседі;

6) жедел медициналық көмекті қажет ететін сотталғандардың кенеттен ауырып қалғаны туралы МБКК-ге, ТИБКК-ге баяндайды және медицина бөлімін ақпараттандырады;

7) сотталғандардың кесте бойынша камерадағы кезекшіліктерін және корпустық бөлімшеде тазалықты ұстауларын қамтамасыз етеді;

8) сотталғандарға киімдеріне ұсақ-түйек жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін ине, жіп және қайшы беруді бақылайды және олардың қайтарылуы мен сақталуын қамтамасыз етеді;

9) камерада ұстау мекемесінен, тергеу изоляторынан кететін адамдарды кезекші бақылаушыларға тапсырады;

10) жазбаша өтініштер мен шағымдарды қабылдайды және оларды МБКК-ге, ТИБКК-ге береді;

11) сотталғандар кетер кезде оған берілген мүліктік заттардың өткізілуін бақылайды, жетпейтін немесе бүлінген заттар туралы МБКК-ге, ТИБКК-ге баяндайды;

12) сотталғандардың серуенге шығуын, санитарлық тазалауды, камераларға техникалық қарау жүргізілуін, жоспарлы және жоспардан тыс тінту жүргізілуін бақылайды.

151. Корпус бойынша жетекші өзінің корпустық бөлімшесінен тек ТИБКК, МБКК-нің рұқсатымен тастап кетуге жол беріледі.

152. Корпус бойынша жетекші ауырып қалған жағдайда ол бұл туралы МБКК-ге, ТИБКК-ге баяндайды және жетекшінің нұсқауына сәйкес әрекет етеді.

153. Бақылаушы бекетке түскен кезде бекет жабдықтарының түзулігін мұқият тексеріп, көз жеткізуі тиіс: камера есіктерін, құлыптарын, жарықтарын, сигнализация және байланыс құралдарын, өртке қарсы құралдар мен мүккамалды , сондай-ақ бекеттік нұсқаулықты және осы құжаттар қарастырылған бекеттегі рұқсатнама үлгілерін қабылдап алады.

154. Бекеттегі бақылаушы қандай да бір затты сақтауға қабылдамайды не кез келген нәрсені бір камерадан басқа камераға бермейді, сотталғандарды үздіксіз бақылаудан басқа нәрсеге алаңдамайды, кітап оқымайды, отырмайды, ұйықтамайды, бөгде әңгіме жүргізбейді.

155. Бақылау және қадағалау бойынша бақылаушы бекеттерде:

1) қырағылықпен қызмет өткереді;

2) орнынан ауыстырылғанша немесе алынғанша бекетті қалдырмайды;

3) шабуыл болған кезде дабыл белгісін береді және шабуылға тойтарыс жасайды;

4) көршілес бекетке шабуыл жасалған кезде дабыл белгісін береді, өз бекетін тосқауылдау бойынша шаралар қабылдайды және шабуылға ұшыраған бақылаушыға көмек көрсетеді;

5) өрт шыққанын байқаған кезде МБКК-ге, ТИБКК-ге хабарлайды, дабыл белгісін береді және өртті сөндіруге шаралар қабылдайды.

## 3-параграф. Бекеттерде бақылау мен қадағалауды ұйымдастыру

156. Бақылау және қадағалау жөніндегі бақылаушының бекеті:

1) бақылаушының қол жеткізуіне ыңғайлы орында орналасқан күзет-дабыл сигнализациясын беру құралымен;

2) МБКК, ТИБКК-нің бөлмелерімен тікелей телефон байланысы аппаратымен ;

3) өртке қарсы жабдықтармен және мүккаммалмен;

4) қабырғада жабдықталған тиегі бар қуыс-шкафпен жабдықталады.

Камера жанындағы әрбір бекетте осы Қағидаға 37-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бекет ведомосі жүргізіледі.

157. Камера жанындағы бекеттегі бақылау және қадағалау жөніндегі бақылаушы:

1) күзетілетін камералардың қосымша кілттері үнемі (МБКК мөрімен мөрленген) пеналда сақталады. Табиғат апаты жағдайында (өрт, жер сілкінісі, су басу және т.б), адамдардың өлімін болдырмау үшін бақылаушы камераларды өз еркімен ашуға құқылы;

2) өзі күзететін камерадан қашуды ескертуге және басқа да төтенше қылмыстардың жолын кесуге шаралар қабылдайды;

3) сотталғандардың жаза өтеудің белгіленген тәртібін сақтауын бақылайды;

4) камерадан шақырту түскен кезде себебін анықтайды;

5) камера есігін ашпас бұрын көзше арқылы камераға кірудің қауіпсіздігіне көз жеткізеді;

6) сотталғандарды камерадан серуендеуге немесе санитарлық тазалауға шығарған кезде оларды бекеттік ведомосінде көрсете отырып, айдауылдаушыға санап береді және санап қабылдайды;

7) түнгі уақытта барлық камерада жарықтандырылғанын бақылайды;

8) әртүрлі камерада ұсталатын сотталғандардың, сондай-ақ шаруашылық қызмет көрсетуге тартылған сотталғандармен және басқа да адамдармен қарым-қатынасқа түсулеріне жол бермейді;

9) барлық байқаған бұзушылық туралы корпус бойынша жетекшіге немесе МБКК-ге, ТИБКК-ге баяндайды.

158. Бақылаушы камерада ұсталатын адамдардың мінез-құлқын бақылау мен қадағалауды "көзше" арқылы бақылап, сотталғандардың күдік тудыратын мінез-құлқына шусыз назар аудара отырып жүзеге асырады.

159. Бақылаушы сотталғандардың өтінішін қабылдамайды, қызметтік міндеттерін орындауға жатпайтын қарым-қатынас жасамайды.

Егер сотталған өтінішпен жүгінсе немесе шұғыл өтініш жасағысы келсе бақылаушы бұл туралы корпус бойынша жетекшіге хабарлайды.

Камерадан жазбахат, хат лақтыру немесе беру кезінде бақылаушы оны корпус бойынша жетекшіге немесе МБКК-ге, ТИБКК-ге дереу береді.

160. Қашуға әрекеттенуді немесе қашуды анықтаған кезде бақылаушы дабыл белгісін береді және өз бекетін қалдырмай, олардың жолын кесуге шаралар қабылдайды.

161. Камерада тәртіпсіздік, төбелес, бағынбаушылық немесе күдікті әрекеттер анықталған жағдайда бақылаушы камерада ұсталатын адамдардан бұл әрекеттерін тоқтатуды талап етеді, корпус бойынша жетекшіге дереу баяндайды және дабыл белгісін береді.

162. Камерада немесе режимдік корпуста өрт шыққан кезде бақылаушы:

1) дабыл белгісін береді;

2) қолда бар өрт сөндіру құралдарымен өрт сөндіруге шаралар қабылдайды;

Камерада өрт шыққан кезде бақылаушы дабыл белгісін бергеннен кейін есіктің желдеткішін ашады, камераға өрт сөндіру құралдарын береді және көмек келуін күтеді.

163. Сотталған өзін-өзі өлтірген немесе өзін-өзі өлтіруге әрекеттенген кезде бақылаушы дереу дабыл белгісін береді. Егер бұл жағдай жалпы камерада болса,

онда бақылаушы есік желдеткіші арқылы камерадағы адамдардан өзін-өзі өлтіруді болдыруға және зардап шегушіге көмек көрсетуге шаралар қабылдауды талап етеді.

164. Камера жанындағы бекет бақылаушысында режимдік корпусқа немесе дәлізге кіретін есіктің кілттері болмайды, сондай-ақ жалғыз өзі камера есігін ашпайды және кірмейді.

Ас ішетін уақытта бақылаушыны корпус бойынша жетекші немесе қосалқы топ бақылаушысы ауыстырады.

165. Бақылаушыға тамақ, қайнаған су, кітап таратуды жүргізуге, сондай-ақ камерадан камераға әртүрлі заттарды, хаттарды беруге және оның тікелей міндеттерін орындаумен байланысты емес басқа да әрекеттерді жүзеге асыруға рұқсат етілмейді.

Сотталғандарға камераға тамақ, дәрі-дәрмек, кітап, дүкеннен сатып алынғандарды және т.б. беруді тиісті қызметкерлер есіктің желдеткіші арқылы жүргізеді.

166. Камераларды әкімшілік, медициналық қызметкерлер және инспекциялаушы аралау кезінде оларды МБКК (ТИБКК), (МБККО), (ТИБККО), БӘЖБ орынбасары, корпус бойынша жетекші, сондай-ақ келген адамның жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін арнайы бөлінген бақылаушы сүйемелдеуі тиіс, бекеттегі бақылаушы камераны ашқаннан кейін ол камераға бірінші болып кіруі тиіс.

Камера жанындағы бекеттегі бақылаушы камераға аралап жүрген адамдармен бірге кірмейді.

167. Камераларға кіру барлық қауіпсіздік шараларын сақтай отырып жүргізіледі. Камера есігін ашпас бұрын камера жанындағы бекеттің бақылаушысы есіктегі желдеткіш арқылы сотталғандарға есікке қарсы қабырғаға, есіктен кемінде екі метр алыс орынға сапқа тұруды ұсынады. Сотталғандардың бұл команданы орындағандарына көз жеткізгеннен кейін камера есігін ашады.

Камера есігін ашқан сәтте бақылаушы есікті иығымен тіреп тұрып, сәл ашық тұрған есіктің жанында тұрады, камерада ұсталатын адамдардың мінез-құлқын бақылайды. Камераны ашқан кезде кемінде үш адам, ал түнгі уақытта камера жанындағы бекеттің бақылаушысын қоса алғанда, кемінде төрт адам қатысуы керек.

168. Сотталғандарды басқа камераларға ауыстыру үшін ауыстыру себебіне байланысты оларды бір-бірлеп немесе тобымен шығарады немесе корпус бойынша жетекшінің қатысуымен ауыстыру тізімінің негізінде камерадағы құрамды түгел шығарады.

169. Корпустық бөлімшеден тыс жерде орналасқан дәрігердің кабинетіне қабылдауға сотталғандар корпус бойынша жетекшінің немесе қосалқы бақылаушының қатысуымен шығарылады.

170. Сотталғандарды медицина бөліміне, басшылыққа, туыстарымен кездесуге, камерада ұстау мекемесінен, тергеу изоляторынан жөнелтуге байланысты камерадан шығару камерада ұстау мекеменің, тергеу изоляторының бастығының жазбаша нұсқауы негізінде кезекшінің қатысуымен жүргізіледі.

171. Дәрігерге амбулаториялық қабылдауға, санитарлық тазалануға және серуенге шығарған кезде сотталғандарға шығару мақсаты туралы ескертіледі. Қалған барлық жағдайларда камерадан шақыру немесе шығару мақсаты оларға хабарланбайды, тек олардың қалай киінуі мен өздерімен бірге не алу керектігі көрсетіледі.

172. Сотталғандарды камерадан шығару бір немесе екі қатар бойынша жүзеге асырылады, бұл ретте айдауылдаушы бақылаушы камера есігінде қырымен тұрады.

Сотталғандарға мекеме аумағында корпус бойынша еріп жүрген кезде сотталғандардың қолдары арқасында ұсталады.

173. Бекет орнында бекет арқылы өтуге құқығы жоқ адам пайда болған кезде бақылаушы оларды ұстайды және корпус бойынша жетекшіге баяндайды.

174. Бекетке тікелей бастықтар мен камерада ұстау мекемесін, тергеу изоляторын инспекциялаушы адамдар келген кезде бақылаушы мынадай үлгіде өзін таныстырады: "Полковник мырза, бекеттік бақылаушы прапорщик Амрин".

## 4-параграф. Қосалқы топ бақылаушыларының жұмысын ұйымдастыру

175. Әрбір ауысым құрамына тәуліктік ведомосте көрсетілетін және МБКК, ТИБКК қарамағында болатын қосалқы бақылаушылар тобы бөлінеді.

Қосалқы бақылаушылар тобының сандық құрамы әрбір ауысымға қызмет өткеру көлеміне байланысты анықталады.

176. Қосалқы топ бақылаушыларының бастығы болып аға бақылаушы тағайындалады.

Қосалқы топ бақылаушылары:

1) жаңадан келген сотталғандарға тінту жүргізеді;

2) сотталғандардан ақша, бағалы қағаздар және сотталғандарға сақтауға және пайдалануға рұқсат етілмеген басқа да заттарды алу туралы акті жасайды;

3) жаңадан келген сотталғандарға құжаттарды рәсімдеуді жүргізеді, оның ішінде осы Қағидаға 38-қосымшаға сәйкес нысан бойынша анықтамалық және камералық карточка толтырады;

4) сотталғандардың карантиннен дәрігерге медициналық қаралуға және санитарлық тазаланудан өтуге, монша кешенінде жуынуға, серуендеуге шығуларын қамтамасыз етеді;

5) сотталғандарды этаппен жіберуге дайындайды, оларға жеке заттарын береді, тінту және санитарлық тазалану жүргізеді, оларды мезгілге сай киіммен қамтамасыз етеді;

6) дабыл жарияланған кезде бекеттік бақылаушыларға дереу көмек көрсетеді;

7) бекеттік бақылаушыларды ас ішу кезінде және басқа да жағдайларда ауыстырады;

8) камераларды аралаған кезде медицина қызметкерлеріне ілесіп жүреді;

9) МБКК, ТИБКК-нің немесе оның орынбасарының нұсқауымен камераларға бақылау техникалық қарау жасауға қатысады.

## 5-параграф. Ауысымды тарату, кезекшілікті қабылдау және тапсыру

177. Ауысымды тарату әкімшілік корпустың осы мақсатқа арнайы бөлінген бөлмесінде жүргізіледі.

178. Тарату үшін кезекші ауысымның жеке құрамы екі қатарға сапқа тұрғызылады: оң фланг бақылау мен қадағалау бойынша бақылаушылар корпус бойынша жетекшінің бастауымен тұрады, ал одан кейін қосалқы топ бақылаушылары топ басшыларымен бірге тұрады.

Кезекті ауысымды таратуға жарты сағат уақыт қалғанда сотталғандардың түрлі қозғалыстары (серуендеуге, моншаға, дәрігерге және басқа жағдайларда шығару) жаңа ауысым кезекшілікке түскен сәтке дейін тоқтатылады.

179. Бақылау мен қадағалау жөніндегі бақылаушылар мынадай тәртіпте ауысады:

1) кезекшілікке түсетін ауысымның корпус бойынша жетекшісі бақылау мен қадағалау бойынша бақылаушылар тобымен таратудан бұрынғы ауысымның корпус бойынша жетекшісіне келеді және ауысымның келгені туралы хабарлайды;

2) кезекшілікке түсетін және бұрынғы ауысымдардың корпус бойынша жетекшілері кезекшілікке түсетін ауысым бақылаушыларын бекеттер бойынша таратады және бекеттерді қабылдау-тапсыруға кірісуді бұйырады.

Бұл ретте корпус бойынша жетекші кезекшілікке түсетін әрбір бақылаушыға бекеттік ведомость бланкілерін береді.

180. Камера жанындағы бекетті қабылдау-тапсыруды бақылаушылар сотталғандарды қабылдаудан бастайды. Қабылдау болған қозғалыстарды (келу және кету) ескере отырып, соңғы тексеріс деректері бойынша жүргізіледі.

Кезекшілікті тапсыратын және түсетін ауысым бақылаушылары әрбір камераны қабылдау-тапсыру нәтижелерін өздерінің бекеттік ведомостерінде көрсетеді. Барлық күзетілетін камераларды қабылдап болғаннан кейін жаңа ауысымның камера жанындағы бекеттің бақылаушысы кезекшілікті тапсырушы ауысым бақылаушының бекеттік ведомосіне одан сотталғандарды қабылдап алғаны туралы қол қояды.

181. Қабылдау кезінде бекет жабдықтарының жұмыс жағдайы тексеріледі: сигнализация және байланыс, құлыптар, тиектер, "көзшелер" және өртке қарсы құралдар. Содан кейін тапсырушы ауысым бақылаушысы қабылдаушы ауысым бақылаушысына бекет жабдықтарын береді және бекет қабылданды деп есептеледі.

182. Егер бекетті тапсырушы бақылаушыда жекелеген сотталғандардың мінез-құлқына күдіктенсе, ол бекетті қабылдаушы бақылаушыға олар туралы хабарлауға міндетті.

Ауысымды қабылдаушы бақылаушы бекеттік ведомоске құлыптардың, тиектердің, қарау "көзшелердің", сигнализацияның анықталған ақаулары және бекеттегі басқа да кемшіліктер туралы жазады және өз ауысымының корпус бойынша жетекшісіне баяндайды.

183. Қабылдайтын және тапсыратын ауысымның корпус бойынша жетекшілері бақылаушылар кезекшілікті қабылдап-тапсырғаннан кейін сотталғандардың санын тексеруді жүргізеді және қабылдау-тапсыру барысында туындаған мәселелерді шешеді.

Сотталғандардың санын тексеру мынадай тәртіпте жүргізіледі:

1) корпус бойынша жетекшілер камера есігін ашады және барлық сотталғандарға бір, екі немесе одан да көп қатарға сапқа тұруларын ұсынады, сандық есептерін жүргізеді. Сапқа тұрғызғанда қатардың шетінен камера есігіне дейінгі аралық 2 метрден кем болмауы керек;

2) егер ауысым кезекшілікке түнгі уақытта түссе сотталғандарды санау аз орындық камераларда есік желдеткіші арқылы жүргізіледі, жалпы камерадағы сотталғандар соңғы тексеріс деректері бойынша қозғалыстарын ескере отырып ( бекеттік ведомость бойынша) қабылданады.

Камераларды ашу осы Қағиданың 166-тармағында көрсетілген барлық сақтық шараларын сақтай отырып жүргізіледі.

Корпустық бөлімше бойынша сотталғандарды санау нәтижесі осы Қағидаға 39-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тексеру анықтамасына енгізіледі.

184. Тапсырушы ауысым бақылаушылары бекетті тапсырғаннан кейін бекеттік ведомостарды корпус бойынша аға қызметкерге береді және өз ауысымдарының МБКК-нің, ТИБКК-нің немесе орынбасарларының рұқсатымен кезекшіліктен кетеді.

185. Бақылаушылар бекеттерді қабылдау-тапсыруды және сотталғандарды тексеруді аяқтағаннан кейін корпус бойынша аға қызметкерлердің кезекшілікті қабылдау-тапсыруы мынадай тәртіпте жүргізіледі:

1) тапсыратын және қабылдайтын ауысымдардың корпус бойынша аға қызметкерлері корпустық бөлімшедегі сотталғандар санын тексеру нәтижесін жалпы камералық картотека деректерімен салыстырады және корпустық бөлімше бойынша кезекшілік кітабына жазады;

2) егер уақытша жоқ сотталғандар болса, бұл корпустық бөлімше бойынша кезекшілік кітабына жазылады;

3) сотталғанды дәрігерге, басшылыққа және т.с.с. шақырту талаптарын ауысымды тапсырушы корпус бойынша аға қызметкер кезекшілікке түсетін ауысымның корпус бойынша аға қызметкеріне береді;

4) егер кезекшілікті қабылдау-тапсыру кезінде бекетте немесе корпустық бөлімшеде ақаулар анықталса, бұл туралы да корпустық бөлімше бойынша кезекшілік кітабында көрсетіледі;

5) кезекшілікті тапсырушы ауысымның корпус бойынша аға қызметкері кезекшілікке түсетін ауысымның корпус бойынша аға қызметкеріне камералық картотеканы, камералардың, корпустық бөлімшеге немесе режимдік корпусқа кіретін есіктердің кілттерін және жабдықтарды өткізеді.

Корпус бойынша екі аға қызметкерде корпустық бөлімше бойынша кезекшілік кітабына қолдарын қояды және осы сәттен бастап кезекшілік қабылданды деп есептеледі.

Корпус бойынша аға қызметкерлер кезекшілікті қабылдап-тапсырғаннан кейін тексеру анықтамасына корпустық бөлімше бойынша сотталғандардың санын тексеру нәтижесі туралы қолдарын қояды. Анықтамаға тапсырушы ауысымның бекеттік ведомосі қоса беріледі. Осыдан кейін корпус бойынша екі аға қызметкер өздерінің МБКК-ге, ТИБКК-ге кезекшілікті қабылдап-тапсырғандары және анықталған ақаулар туралы баяндайды. Тексеру анықтамасын бекеттік ведомосьтармен бірге кезекшілікті тапсырушы ауысымның корпус бойынша аға қызметкері өз ауысымының МБКК-ге, ТИБКК-ге тапсырады.

Тексеру анықтамасын бекеттік ведомосьтармен бірге тәуліктік ведомоське қосылады.

186. Егер қабылдау және тапсыру сәтінде камерадан шығарылған сотталғандар басқа үй-жайда болса, онда оларды қабылдау және тапсыру корпустық бөлімшедегі сияқты бекеттік ведомость бойынша тексеріледі.

187. Қабылдап алушы ауысымның МБКК, ТИБКК таратудан кейін кезекші бөлмеге оралады және кезекшілікті қабылдауға кіріседі. Корпустық бөлімше бойынша тексеру анықтамасы негізінде сотталғандарды сандық тексеру

деректері сотталғандарды сандық тексеру журналына жазылады және олардың жалпы есебі жүргізіледі.

Егер есеп жүргізу нәтижесінде камералық ұстау мекемесіндегі, тергеу изолятордағы сотталғандар санының құрамы расталса тапсырушы және қабылдаушы ауысымдардың МБКК, ТИБКК кезекшілікті қабылдау-тапсыру журналына қолдарын қояды.

Егер деректерде сәйкессіздік анықталса, бұл туралы камералық ұстау мекеменің, тергеу изоляторының бастығына баяндалады және дереу қайта тексеру жүргізіледі.

188. Ауысымға түсетін МБКК, ТИБКК мыналарды қабылдап алады:

1) арнайы құралдар және кілттер;

2) сигнализация және байланыс құралдарын;

3) МБКК, ТИБКК қызметтік құжаттамасын;

4) арнайы кілттердің қосалқы даналарын;

5) кезекші бөлмесінің құрал-жабдығын.

Кезекшілікті қабылдау-тапсыру баянаттары журналына қажетті жазбалар жасағаннан кейін екі МБКК, ТИБКК де оған қол қояды. Осы сәттен бастап камерада ұстау мекемесінің, тергеу изоляторының кезекшілігі тапсырылды және қабылданды деп есептеледі.

189.Тапсырушы және қабылдап алушы ауысымның МБКК, ТИБКК кезекшілікті қабылдағаны және тапсырғаны туралы камерада ұстау мекемесінің, тергеу изоляторының бастығына баяндайды. Бұл ретте ауысымды тапсырушы МБКК, ТИБКК камерада ұстау мекемесіндегі, тергеу изоляторындағы жағдай туралы баяндайды, ал кезекшілікті қабылдаушы МБКК, ТИБКК – ауысымды таратқаны туралы және кезекшілікті қабылдау кезінде анықталған кемшіліктер туралы баяндайды.

190. МБКК, ТИБКК камерада ұстау мекемесінде, тергеу изоляторында кезекшілікті қабылдау-тапсыру журналын жүргізеді, ал корпус бойынша аға қызметкер – корпустық бөлімше бойынша кезекшілік журналын жүргізеді. Бұл журналдар нөмірленеді, тігіледі, қол қоюмен және мөрмен бекітіледі.

Бұларға жазбалар хронологиялық тәртіппен жасалады.

## 6-параграф. Режим бөлімі, режим және күзет бөлімі жеке құрамының қызмет өткеруін ұйымдастыру

191. Режим бөлімінің, режим және күзет бөлімінің бақылаушыларына басшылық жасау осы бөлімнің бастығына, ал мұндай штат қарастырылмаған мекемелерде режим бөлімінің аға маман-аға инспекторына жүктеледі.

Режим бөлімінің, режим және күзет бөлімінің құрамына күндізгі ауысым бақылаушылары, ИТҚ, сигнализация және байланыс құралдарына қызмет көрсету бойынша инспектор-инженер (техник) кіреді.

192. Режим бөлімі, режим және күзет бөлімі:

1) камераларға техникалық қарау, тінту жүргізуді және сотталғандарды тексеруді;

2) құқық бұзушылықтың алдын алуды, ұстау тәртібін бұзушыларды талқылауды;

3) сотталғандарды серуендеуге, санитарлық тазалануға, дәрігердің кабинетіне , камерада ұстау мекемесінің, тергеу изоляторының әкімшілігіне, туыстарымен және өзге де адамдармен кездесуге, сондай-ақ шаруашылық жұмыстарға шығаруды;

4) сәлемдемелерді қабылдауды және дүкенде азық-түлік пен сотталғандарға бірінші қажетті заттардың сатылуын;

5) камералда ұстау мекемесіне, тергеу изоляторына кіру үшін біржолғы және тұрақты рұқсат қағаздарын беруді;

6) арнайы құралдарды, сондай-ақ өткір кескіш және басқа да құрал-саймандарды есепке алуды, сақтауды;

7) КИТҚ, сигнализация және байланыс құралдарын тиісінше жабдықтау және пайдалануды;

8) режимдік аумақты қардан және қоқыстан уақтылы тазалауды қамтамасыз етеді.

193. Режим бөлімінің, режим және күзет бөлімінің қызметкерлерін, оның ішінде бақылаушыларды жұмыс учаскесі, қызмет өткеру тәртібі, жұмыс күнінің басталуы мен аяқталуы, түскі үзіліс уақыты мен ұзақтығы бойынша орналастыру , әрбір топтың және жекелеген қызметкерлердің өзара ауысуын камерада ұстау мекемесінің, тергеу изоляторының бастығы анықтайды. Бұл ретте бір топтың немесе бір қызметкердің екі-үш жұмыс учаскесін қатар алуына және қызмет көрсетуіне жол беріледі. Егер қандай да бір жұмысты орындауға екі немесе одан да көп қызметкер бөлінсе, олардың біреуі топ жетекшісі болып тағайындалады.

194. Сотталғандардың серуендеуін белгіленген кесте бойынша бақылаушылар тобы мынадай тәсілмен қамтамасыз етеді:

1) бақылаушылар сотталғандарды камерадан серуендеу алаңына шығарады, оларды бақылайды және серуендеу аяқталған соң камераға әкеледі;

2) бақылаушылардың бір бөлігі немесе бір бақылаушы серуендеуде жүрген сотталғандарды үздіксіз бақылайды, қалғандары – камерадан серуендеу алаңына шығарады және қайта айдауылдайды.

195. Серуендеу алаңында сотталғандардың мінез-құлқын қадағалауды бақылаушы серуендеу алаңының үстіндегі арнайы көпірде жүргізеді. Бақылаушы

серуендеу алаңының дәлізінде есіктің қарайтын "көзшесі" арқылы бақылай алады
.

196. Серуендеуге шығаруды жүзеге асыратын бақылаушылар:

1) режимді аумақ және дәліз бойынша қозғалу тәртібін қамтамасыз етеді, сотталғандарды апару жолында және серуендеу алаңында бақылаусыз және қадағалаусыз қалдырмайды;

2) әр камераның сотталғандарын шығарғаннан кейін серуендеу алаңын тексереді.

Серуендеу алаңынан табылған зат немесе жазбахат баянатпен бірге жедел бөлімге тапсырылады.

197. Сотталғандарды санитарлық тазалануға шығару үшін санитарлық тазалықты өткізу күндері тағайындалатын, тұрақты немесе уақытша бақылаушылар құрамы бөлінеді. Бұл бақылаушылар тобы сотталғандарды камерадан санитарлық тазалану өткізілетін жерге дейін және кері айдауылдауды, сондай-ақ санитарлық тазалау жүргізу кезінде оларды бақылауды қамтамасыз етеді.

198. Сотталғандарды санитарлық тазалануға шығаруды жүзеге асыратын бақылаушылар медицина бөлімі бастығының немесе кезекші медициналық қызметкердің нұсқауын орындайды. Олар:

1) камерадан шығару тәртібін және дәліз және аумақ бойынша қозғалыс тәртібін қамтамасыз етеді;

2) санитарлық тазалық өткізілетін жердің барлық үй-жайына әрбір камерадағы сотталғандар санитарлық тазалаудан өткеннен кейін тексеру жүргізеді. Тексеру кезінде табылған жазбахат немесе қандай да бір зат баянат бере отырып, жедел бөлімге тапсырылады.

199. Камераларға техникалық қарау және жоспарлы тінту және онда ұсталатын адамдарға тінту жүргізу үшін режим бөлімінің, режим және күзет бөлімінің құрамынан неғұрлым тәжірибелі бақылаушылар тобы жіберіледі.

Әрбір камерада техникалық қарау күн сайын онда сотталғандар болмаған кезде жүргізіледі, ол үшін серуенге, санитарлық тазалануға және жұмысқа шығаруға бөлінген уақытта пайдаланады.

Тексеру жүргізу кезінде терезе торлары, жалюзилер, қабырға, еден, төбе мұқият тексеріледі, сондай-ақ, төсек, үстел, орындық, қол жуғыштың бекітпесі, санитарлық-техникалық және су желісінің құбырлары тексеріледі. Қашуға дайындықтың белгілері анықталады: төсектің астында, дәретханада топырақ, кірпіш, құрылыс қоқыстарының болуы, төсекте немесе торда жекелеген бөлшектердің болмауы, өрілген арқандар және тағы басқа.

Қорытынды техникалық тексеру жүргізу үшін бұл қызметкерлерге көмек көрсету үшін кезекші ауысымның қосалқы тобынан бақылаушылар бөлінуі мүмкін.

200. Камералардан сотталғандарға сақтауға және пайдалануға рұқсат етілмеген заттарды табу мақсатында күндізгі уақытта сотталғандардың камераларын жоспарлы тінту кесте бойынша жүргізіледі. Егер жағдайды кейінге қалдыруға мүмкін болмаған жағдайда тінту шұғыл түрде, оның ішінде түнгі уақытта жүргізіледі. Әрбір камера және онда ұсталатын адамдар тінтуге тартылады.

Камерада ақау немесе бүлінген жер анықталған кезде режим бөлімінің бастығы мен МБКК, ТИБКК дереу оларды жоюға шаралар қабылдайды, ол туралы кезекшілікті қабылдау-тапсыру баянаттары журналына жазылады.

201. Тұрғын аймақта бақылау мен қадағалау мыналарды:

1) жұмыс объектісінің бір орнында сотталғандардың үлкен тобы бар болса бақылаушылардың жылжымайтын бекетін қоюды (шеберханаға немесе шеберханаға кіре беріске, режимдік алаңға және т.с.с.);

2) режим бөлімінің, режим және күзет бөлімінің бастығына сотталғандардың мінез-құлық қағидасын бұзғаны және күдік туғызатын әрекеттері туралы баяндамасын;

3) жұмыс аяқталған соң камераға қамар алдында сотталғандарды тегі бойынша тексеруді және тінту жүргізуді қоспағанда, Қағиданың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

202. Камерада ұстау мекемесінің, тергеу изоляторының аумағында саты, балта, жәшіктер, жіптер, тақтайлар және тағы басқа да заттар мен құрылыс материалдарын қалдыруға болмайды. Жұмыстан тыс уақытта олар арнайы жабылатын үй-жайларда сақталуы тиіс.

## 7-параграф. Техникалық күзет, бақылау және қадағалау, сигнализация және байланыс құралдарын қолдану

203. Режимдік корпустың терезелерінің металл торлары, есіктері, сондай-ақ сотталғандар ұсталатын камералардың есіктері аралау, торды бүлдіру, есікті ашу және сындыру туралы белгі алу мақсатында сигнализациямен тосқауылданады.

204. Сотталғандар болуы ықтимал ішкі бекеттерде, жер асты және үсті жолдарында, режимдік және әкімшілік корпус бөлмелерінде дабыл белгісін беруге арналған құлақтандырғыштар орнатылады. Режимдік корпус дәліздері мен өту жолдарында құлақтандырғыштардың ара қашықтығы 20 метрден аспауы тиіс. Дабыл белгісін қабылдау үшін МБКК, ТИБКК-нің немесе оператордың бөлмесінде қажетті сыйымдылығы бар қабылдау құрылғысы орнатылады, ал

бекеттермен және қызметтермен тікелей телефон байланысы үшін – коммутатор қойылады.

205. МБКК, ТИБКК-мен тікелей телефон байланысының аппараты барлық бекеттерде, сондай-ақ корпус бойынша аға қызметкердің, медициналық және жедел қызметкерлердің бөлмелерінде, камерада ұстау мекеме басшылығының шешіміне қарай басқа да орындарға орнатылады.

Ішкі жедел телефон байланысының коммутаторында (станция немесе пульт) қалалық телефон желісіне шығу мүмкіндігі болмауы керек.

206. Сотталғандар ұсталатын немесе келу мүмкіндігі бар режимдік корпус, камера, аурухана палатасы және басқа да режимдік аймақта орналасқан үй-жайлар (ас блогы, санитарлық тазалаудан өткізу орны, шеберхана және тағы басқа) арнайы (түрмелік) түрдегі құлыппен жабдықталады.

207. Камерада ұстау мекемесінің, тергеу изоляторының арнайы түрдегі құлыптардың кілтін пайдаланатын қызметкерлері оны қараусыз қалдырмайды және сотталғандарға бермейді.

208. Камерада ұстау мекемесінде, тергеу изоляторында бар арнайы түрдегі барлық кілттер режим бөлімінде есепте болуы керек және арнайы кілттерді есепке алу ведомосінде тіркелуі керек. Кезекші ауысымға берілген кілттер, одан басқа арнайы кілттерді есепке алу журналына есепке алынады.

Ведомось және журнал бойынша барлығы осындай қанша кілт бар, жеке пайдалану үшін нешеуі және кімге берілгені көрсетілуі қажет.

Арнайы түрдегі қосалқы кілттер бекеттік қарулар сияқты ауысым бойынша сақталады және беріледі.

209. Режимдік корпустың, дәліздің және режимдік аула аумағында орналасқан басқа да ғимараттардың есіктерінің құлыптары екі жақты болуы керек, ал кілттері камера құлыптарынан бөлек, бір типті болуы қажет.

Камера есіктерінің құлыптары бекет шегінде бір типті болуы керек. Бұл құлыптардың кілттері режимдік аймақтағы ғимараттардың есіктеріне орнатылған құлыптарға дәл келмеуі қажет.

210. Бақылау және қадағалау бойынша бақылаушының бекетінен дабыл белгісі келіп түскен кезде оператор-бақылаушы дереу МБКК-ге, ТИБКК-ге баяндайды, бақылаушылардың қосалқы тобына дабыл белгісін береді, корпустық бөлімше бойынша аға қызметкерге және дабыл түскен бекетке көршілес бекеттердің бақылаушыларына хабарлайды. Дабыл белгісі түскен бекетке белгі беру себебін нақтылау және анықтау үшін бақылаушы-операторға телефон шалмайды.

211. Топтасқан және жаппай тәртіпсіздіктер мен бағынбаушылықтың, топтасып қашудың, қызметкерлерге шабуыл жасаудың, кепілге адам алудың жолын кесу және жою мақсатында, өрт болған жағдайда әрбір камерада ұстау

мекемесінде, тергеу изоляторында жеке құрамның төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимыл жоспары әзірленеді. Жоспарда бұл іс-шаралар кезіндегі ішкі істер департаменті, Ұлттық ұлан бөліністері мен бөлімдері, аумақтық бөліністің күштері мен құралдарының өзара іс-қимыл жасасу шарттары мен тәртібі қарастырылады.

Жоспарға камерада ұстау мекемесінің, тергеу изоляторының бастығы қол қояды және аумақтық бөліністің бастығы бекітеді.

Жоспардың даналары камерада ұстау мекемесінің, тергеу изоляторының бастығында және МБКК-да, ТИБКК-де сақталады.

## 9. Сотталған әйелдер мен кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған мекемелерде бақылау және қадағалау

212. Қадағалауды бақылаушылар қатарынан құрылған қадағалау бөлімі қызметкерлерінің күштері жүзеге асырады, олар объектінің ішіндегі ішкі тәртіпті , режим мен қадағалауды ұстау үшін тікелей жауап береді.

Бақылау және қадағалау бекеттерінің саны мен орналастырылуы бекет табелі бойынша белгіленеді.

Бекет табелі 3 данада жасалады: біріншісі мекемеде, екіншісі аумақтық бөліністе сақталады, үшіншісі ҚАЖ комитетіне ұсынылады.

Табельмен белгіленген бақылау және қадағалау бекеттері табельдік бекеттер деп аталады. Нақты жағдайларға байланысты олар бір ауысымды, екі ауысымды немесе үш ауысымды, тәуліктік болуы мүмкін, бұл табельде көрсетіледі. Бақылау және қадағалау табельдік бекетке жазба бойынша реттік нөмір беріледі. Табельде әрбір бекеттің қадағалауында нақты не бар екені көрсетіледі.

213. Бекеттер:

1) техникалық құралдарды басқару пультінде;

2) БӨП-те, медсанбөлімде, ТИ-да, ЖАК, қатаң ұстау жағдайында;

3) кездесу бөлмесінде;

4) тұрғын аймақта;

5) өндірістік аймақта;

6) түнгі уақытта жасақтарда орнатылады.

214. ҚҚБжИТҚ-ны техникалық жарамды жағдайда ұстауға толық көлемде ҚҚБжИТҚ -ның инженері жауап береді;

215. Бақылау және қадағалаудың міндеттері:

1) жаза өтеу режимін қамтамасыз ету үшін сотталғандарды бақылау және қадағалау;

2) сотталғандарды тұратын және жұмыс істейтін орындарында барын-жоғын тексеруді жүргізу;

3) күзет объектілеріне жасалған шабуылды тойтару;

4) сотталғандарды өндірістік объектіге және кері қарай айдауылдау, жұмыс кезінде оларды қадағалау;

5) табиғат апаты, күзетілетін объектідегі жарылыс және апат салдарын жою бойынша шаралар қабылдау;

6) мекемеден және айдауыл кезінде қашқан адамдарды іздестіру;

7) топтасып бағынбаушылық пен жаппай тәртіпсіздіктердің жолын кесу, кепілге адам алған қылмыскерлерді залалсыздандыру;

8) мекеменің маңызды объектілері мен коммуникацияларын кепілге алған қылмыскерлерді ұстау;

9) сотталғандарды, үй-жайларды, ғимараттар мен мекемедегі учаскелерді тінтудің барлық түрлерін жүргізу;

10) БӨП-те жүктерді, сондай-ақ жұмысшылар мен қызметшілерді тексеру;

11) КҚБжИТҚ жабдықтарын, арнайы құралдар мен қаруды техникалық жұмыс жағдайында ұстау;

12) іргелес жатқан аумаққа патрульдеу жүргізу арқылы мекемеге іргелес аумаққа бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру.

216. Бақылау және қадағалау жөніндегі бақылаушыларға қойылған міндеттерді орындау кезінде:

1) мекеменің объектілеріне кіруге немесе қандай да бір затты заңсыз жолмен беруге әрекет еткен, қарсыласқан, жәбір көрсеткен немесе заңды талаптарды орындаудан бас тартқан сотталғандар мен адамдарға, жауынгерлік күш қолдану тәсілдерін, арнайы құралдар мен техникаларды қолдануға;

2) сотталғандар және өзге де адамдар шабуыл немесе мекеме қызметкерлері мен өзге адамдардың өміріне тікелей қауіп төндіретін қасақана әрекеттер жасаған кезде "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы Заңының қауіпсіздік шаралары талаптарына сәйкес қаруды соңғы шара ретінде қолдануға;

3) ұсталған адамдарға тінту жүргізуге және одан жауап алуға рұқсат етіледі.

217. Мекеме бастығының кезекші көмекшісі барлық ауысымның бастығы болып табылады және мекеме бастығы мен оның орынбасарларына бағынады, олар жоқ кезде мекемеде белгіленген ішкі тәртіпті ұстауға толықтай жауап береді.

Әрбір кезекші ауысымға тұрақты нөмір (бірінші, екінші, үшінші, төртінші және т.б.) беріледі. Ауысым құрамы әдеттегідей тұрақты болуы тиіс. Ауысымға бақылаушыларды тағайындау мекеме бастығының бұйрығымен жүргізіледі. МБКК мекемені күзету жөніндегі сыртқы және ішкі бекеттерде қызмет өткеретін бақылаушылар құрамы үшін тікелей жауап береді.

Бақылаушылардың кезекші ауысымы үшін мекеме штабының ғимаратынан ( немесе бөлек тұрған ғимараттан) қысқа мерзімді демалуға, киім ауыстыруға және ас қабылдауға арналған арнайы үй-жайлар жабдықталады.

218. Кезекші ауысымның қызмет өткеру тәртібі түнгі уақытта мекеме бастығы мен орынбасарлары, басшы және орта басшы құрам адамдары, тексерушіге тексеру басталардан 10-15 сағат бұрын берілетін ұйғарым негізінде жасалған кесте бойынша жүргізетін кенеттен тексерулер арқылы жүзеге асырылады.

Кесте әрбір кезекші ауысым түнгі сағат екіден таңғы сағат алтыға дейінгі аралықта, айына кемінде 4 рет тексерілетіндей есеппен жасалады.

Жүргізілген тексеріс және оның нәтижелері туралы тексеруші адам мекеме бойынша кезекшілік кітабына, сондай-ақ бақылау мен қадағалаудың тәуліктік ведомосіне белгі жасайды.

219. Әрбір мекемеде күзеттің жедел жоспары әзірленеді, оған:

1) сыртқы күзет бекеттері енгізген және ескерту сигнализациясының шегі мен секторы көрсетілген мекеме аумағының бас жоспары;

2) мекеменің қиылған макеті;

3) дабыл бойынша және жедел жағдай шиеленіскен кезде әрекет ету туралы нұсқама;

4) белгі бойынша дереу шақыруға жататын қызметкерлердің мекенжайы, телефоны және шақырту тәсілі көрсетілген тізімі;

5) төтенше жағдай туындаған кезде құлақтандырылуы тиіс лауазымды адамдардың тізімі кіреді;

Барлық осы құжаттар (макеттен басқасы) тізімдememен папкаға тігіліп, кезекшіде сақталады.

Қылмыстық-атқару жүйесінің
мекемелерінде ұсталатын адамдардың
мінез-құлқына бақылау мен қадағалауды
жүзеге асыру жөніндегі қызметті
ұйымдастыру және жете тексеру мен
тінту
жүргізу қағидаларына
1-қосымша

нысан

"Бекітемін" "Бекітемін"

________________________ ___________________________

Аймақтық бөлініс бастығы Әскери бөлім командирі

________________________ ___________________________

20___ жылғы "___" _____ 20___ жылғы "____" _______

**Сотталғандарды бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру үшін __________ режимдегі мекеменің бақылаушылар жасақшасына 20___жылға арналған бекет табелі**

| Жасақша құрамы | Қызмет саны және көлемі | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Әдеттегі түрде | | | | Күшейтілген түрде | | | |
| | Қызмет көлемі | күндіз | түнде | Тәулікке | Қызмет көлемі | күндіз | түнде | Тәулікке |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |

1. МБКК
2. Тұрғын аймақ бойынша кезекші
3. Өндірістік аймақ бойынша кезекші
4. Бақылаушылар жасақшасының бастығы
5. Тұрғын аймақ бойынша бақылаушы
6. Медициналық-санитарлық бөлім бойынша бақылаушы
7. Өндірістік аймақ бойынша бақылаушы
8. ТИ мен ЖАК бойынша бақылаушы
9. Сауқаттар, сәлемдемелер, бандерольдер беру бойынша, ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді кездесу өткізу бойынша бақылаушы
10. Қатаң ұстау жағдайлары бойынша бақылаушы
11. Жасақтың оқшаулау учаскесі бойынша бақылаушы (учаскелер мен жасақтардың саны бойынша)
12. Карантин үй-жайы бойынша бақылаушы
13. Бақылау-өткізу пункті бойынша бақылаушы
14. Тексеру тобындағы көлікке ілесіп жүру бақылаушы
15. Мекеменің әйел қызметкерлеріне еріп жүру бойынша бақылаушы
16. Бақылаудың техникалық құралдарын басқару (бейнебақылау) бойынша оператор-бақылаушы

Барлығы:

Ескертпе:

1) Жеткілікті негіздер бар болған кезде мекеме бастығының шешімімен және әскери бөлім командирінің келісімі бойынша сотталғандарды жатақханаларда және жеке тұрған объектілердің учаскелерінде, мектеп үй-жайында, оқу процесі кезінде КТЛ-де және сотталғандардың басқа да болатын орындарында орналастыра отырып, қосымша бақылау және қадағалау бекеттері орнатылуы мүмкін.

2) қызметті күшейтілген түрде өткеру кезінде мекеменің бақылаушылар құрамы 3 ауысымдық қызмет өткеруге ауыстырылады;

3) бекет табеліне оқшауланған учаскелер, тұрғын, коммуналдық-тұрмыстық және өндірістік үй-жайлар, жер астындағы коммуникациялар мен қашуға жайлы басқа да учаскелер, сондай-ақ бақылау мен қадағалау жөніндегі бақылаушылардың бекеттері және бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру бойынша қызмет өткеру бағыттары көрсетілген тұрғын және өндірістік аймақтар және ұдайы өндірістік объектілердің сызбалары қоса беріледі. Сызбаларды мекеме бастығы бекітеді;

4) азаматтық емдеу мекемесіне жіберілген сотталғанды күзету, бақылау және қадағалау жөніндегі қарауыл тұрғын аймақ бойынша бақылаушы мен мекеме әкімшілігі қызметкерінің есебінен жүзеге асырылады.

"Келісілді" "Келісілді"

Мекеме бастығы Рота командирі

_____________________ _______________________

20__ жылғы "___" _________ 20__ жылғы "___" ______

Қылмыстық-атқару жүйесінің
мекемелерінде ұсталатын адамдардың
мінез-құлқына бақылау мен қадағалауды
жүзеге асыру жөніндегі қызметті
ұйымдастыру және жете тексеру мен
тінту
жүргізу қағидаларына
2-қосымша

нысан

"Бекітемін" "Келісілді"

____ мекемесінің бастығы Бөлініс командирі

___________________ _____________________

(атағы, тегі, қолы) (атағы, тегі, қолы)

20__ жылғы "___" ______ 20__ жылғы "____" ___

## ________ режимдегі мекемеде тінту жүргізудің 20___ жылғы ___________ арналған кестесі (айы)

| Р/с № | Объектілердің атауы | Айдың күні<br>1, 2, 3... 31 | Орындалуы туралы белгі |
|---|---|---|---|

1. Тұрғын аймақ

№ 1 сектор (№ 4, 5, 8 жасақтар)

№ 2 сектор (№ 1, 3, 6 жасақтар)

№ 10 сектор (медициналық бөлім, мектеп)

2. Өндірістік аймақ (аралас)

№ 1 сектор (№ 1 оқшауланған учаске – жиһаз цехы, жартылай фабрикат қоймасы)

3. Контрагенттік объектілер:

тұрғын үй құрылысы

___________________________________________________________________________

Мекеме бастығының режим және жедел жұмыс жөніндегі орынбасары

________________________________

(қолы)

20___ жылғы "___" _____________

Ескертпе:

1) кесте 2 данада жасалады. Біріншісі мекеменің режим бөлімшесінің бастығында сақталады және тінту актілерімен бірге тігіледі. Екіншісі – кезекшіде сақталады;

2) "Объектінің атауы" бағанында сотталғандар кіре алатын барлық ғимараттар мен үй-жайлар көрсетіледі.

Мекеме бастығының Бөлініс командирінің

РжЖЖ орынбасары орынбасары

_______________________ _______________________

(атағы, тегі, қолы) (атағы, тегі, қолы)

Қылмыстық-атқару жүйесінің
мекемелерінде ұсталатын адамдардың
мінез-құлқына бақылау мен қадағалауды
жүзеге асыру жөніндегі қызметті
ұйымдастыру және жете тексеру мен
тінту
жүргізу қағидаларына
3-қосымша

## Мекемені жабдықтауға қойылатын жалпы талаптар

Мекемені орналастыруға бөлінген аумақ күзетілетін және күзетілмейтін учаскелерге бөлінеді. Күзетілетін аумақтың шегінде екі оқшауланған аймақ бөлінеді: коммуналдық-тұрмыстық объектілері бар тұрғын аймақ және өндірістік аймақ. Олардың аумақтары әрбірінде біруақытта 250-300-ден аспайтын адам болу үшін бір-бірінен локальды-оқшауланған учаскелерге бөлінеді. Егер өндірістік аймақта технологиялық процесстердің ерекшеліктеріне байланысты мұны жасауға мүмкіндік болмаса, цехаралық өткізу режимі ұйымдастырылады.

Мекеме тұрғын аймағында: ұстау жағдайларына қарай сотталғандардың бөлек тұруын қамтамасыз ететін жатақхана, жаңадан келген сотталғандарды уақытша ұстауға арналған карантиндік үй-жай, асхана, дүкен, мектеп және сотталғандармен сабақ өткізуге арналған оқу-техникалық кабинеттер, кино көру құрылғысы бар клуб, кітапхана, медициналық бөлім, заттай мүлікті залалсыздандыруға арналған жабдығы бар жуыну-кір жуу блогы, шаштараз, төсек жабдықтары мен киімнің ауыстыру қорын сақтауға арналған қойма, киім-кешек және аяқ киімді жөндеу шеберханасы, спортзал (мүмкіндігінше), телефонмен сөйлесуге арналған үй-жай, сондай-ақ, әкімшіліктің қызметтік кабинеттері орналастырылады.

Мекеме тұрғын аймағының аумағында локальды учаскелер оқшауланып жабдықталады:

1) сотталғандармен демалыс өткізу үшін профилакторий;

2) режимді қасақана бұзушыларды, жазаны өтеудің қатаң жағдайларына ауыстырылғандарды ұстауға арналған камералық үлгідегі бекітілетін үй-жайлары бар учаске;

3) ТИ мен ЖАК камералары және серуендеу аулалары бар ғимарат;

4) мекеменің бір-бірінен оқшауланған учаскелерінің аумағында мүмкіндік болған жағдайда, сотталғандарды сапқа тұрғызу және тексеру жүргізу үшін пайдаланылатын спорт алаңдары жабдықталады;

5) жазаны өтеу жағдайларын дифференциациялау үшін жатақханалар.

Тұрғын аймақ өндірістік аймақтан, сондай-ақ, ТИ, ЖАК, қатаң ұстау жағдайлары өзге құрылыстардан қаралатын дәліздермен бөлінеді.

МБКК және әскери жасақшасының (бақылаушылар жасақшасының) үй-жайлары қосарланған немесе бөлек-бөлек, әр мекеменің ерекшеліктеріне байланысты, әдетте тұрғын және өндірістік аймақтардың түйіскен жерінде орналасады. МБКК үй-жайында сотталғандарға қызмет көрсету үшін дүкен жабдықталады. Осы жерде тінту жүргізуге арналған, сондай-ақ, жуыну құрылғылары бар сотталғандардың киінуіне арналған үй-жайлары бар жер үсті не жер асты ішкі БӨП жабдықталады.

Қысқа мерзімді және ұзақ кездесулерді өткізуге арналған үй-жайлар, сәлемдеме, сәлем-сауқат және бандерольдерді қабылдау және беру бөлмелері БӨП блогында орналасады.

Мекеменің күзетілетін аумағына кіретін адамдарды және олардың заттарын тексеруге арналған үй-жай әдетте күзет сызығының сыртында БӨП блогында орналасады.

Мекеменің күзетілетін аумағынан тыс жерде: әкімшілік ғимарат (әдетте, БӨП бар блокта), резервті қуат көздері, азық-түлік, заттай мүлік, жанар-жағармай материалдары, бояу-сырлау заттары, сотталғандардың ұзақ сақталатын жеке

заттары сақталатын қоймалар, көкөніс қоймасы, наубайхана, гараждар, дәріхана, дүкен, автоматты телефон станциясы, кездесуге келген туыстары тұруға, мекемеден тыс жерде ұзақ кездесулер өткізуге арналған, сондай-ақ, мекемеге қызмет бабымен келген лауазымды адамдарға арналған қонақ үй түріндегі үй-жайлар, оқуға және кезекші қызмет қызметкерлерінің киінуіне арналған үй-жайлар, спортзал орналасады.

Сотталғандарды камерада ұстау мекемелері мынадай ерекшеліктерді ескере отырып жабдықталады:

1) тұрғын аймақ қаралатын дәлізбен екі бөлікке бөлінеді: камералары бар ғимараттар орналасатын аумақ және әдеттегі тұрғын үй-жайлары бар аумақ.

2) әдттегі тұрғын үй-жайлар орналасатын аумақта басқа түрдегі мекемедегідей қызметтік және коммуналдық-тұрмыстық объектілер орналасады. Бұл ретте, тұрғын үй-жайлар әкімшілік және коммуналдық-тұрмыстық ғимараттардан оқшауланып орналасады. Медициналық бөлімнің ғимараттары тұтас толтыру дуалымен қоршалған.

3) камералары бар ғимараттар орналасатын аумақта жұмыс камералары бар ТИ мен ЖАК камералары орналасады. Осы үй-жайлардың жанында серуендеу аулалары жасалады.

Мекемедегі жатақханалары қамтамасыз етілетін мүкәммал мен заттардың тізбесі:

1) сотталғандардың саны бойынша қатты торлы бір ярусты не екі ярусты метал төсектер;

2) төсек жанындағы тумбочка (екі сотталғанға біреу, қауіпсіздігі барынша төмен мекемеде – әрбіріне біреуден);

3) үстел, орындықтар (әр сотталғанға біреуден);

4) репродуктор;

5) әрбір жасаққа теледидар;

6) әрбір тұрғын секцияға қабырға сағаты;

7) терезеге перде (ұзындығы 50-60 см аспайтын);

8) сыртқы киімге арналған ілгіш;

9) заттарды сақтауға арналған стеллаждар;

10) ыдыс сақтауға арналған шкафтар;

11) айна.

Ескертпе:

1) сотталғандарға арналған қол жуғыштар 10 адамға 1 кран есебінен бөлек үй-жайларда жабдықталады;

2) ас, консервi пышақтары (15-20 адамға біреуден), қайшы (25 адамға біреу);

3) азық-түлік сақтауға және ас ішуге арналған бөлмелерде: тоңазытқыш, үстел, орындықтар, су қайнатуға арналған электр қыздырғыш аспаптар (электр шәйнектер, электр су қайнатқыштар) орнатылады.

Қылмыстық-атқару жүйесінің
мекемелерінде ұсталатын адамдардың
мінез-құлқына бақылау мен қадағалауды
жүзеге асыру жөніндегі қызметті
ұйымдастыру және жете тексеру мен
тінту
жүргізу қағидаларына
4-қосымша

нысан
"Бекітемін" "Келісілді"
____ мекемесінің бастығы Бөлініс командирі
___________________ _____________________
(атағы, тегі, қолы) (атағы, тегі, қолы)
20__ жылғы "___" ______ 20__ жылғы "____" ___

## 20___ жылғы ____ сағ.___ 20___ жылғы ___ сағ.___ дейінгі аралықта _____ мекемеде сотталғандарды бақылау мен қадағалаудың тәуліктік ведомосі

Қызмет өткеру түрі ____________________________________________
(әдеттегі, күшейтілген)
1-ауысым 2-ауысым
Басшылықтан жауапты: ___________ ___________
МБКК: ___________ ___________
БЖБ: ___________ ___________
Жасақша құрамы,
оның ішінде мекеме қызметкерлері:____________________________________

| Бекет № | Бекеттердің атауы | 1-ауысым<br>Атағы, ТӘА (әкесінің аты болған жағдайда) | 2-ауысым<br>Атағы, ТӘА (әкесінің аты болған жағдайда) |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |

1. Бақылаушылар жасақшасының бастығы
2. Тұрғын аймақ
3. Медициналық-санитарлық бөлім
4. Өндірістік аймақ
5. ТИ және ЖАК
6. Кездесу бөлмесі
7. Жеңілдік жағдайлар бойынша кезекші

8. Жаза өтеудің қатаң жағдайлары

9. Шаруашылық алаң

10. Автокөлікті сүйемелдеу

11. Әйелдерді сүйемелдеу

12. Жасақтардың оқшаулау учаскесі (учаскелер мен жасақтардың саны бойынша)

13. Карантиндік үй-жай

14. Бақылау-өткізу пункті

15. Қадағалаудың техникалық құралдарын басқару пулті (операторлық)

Бақылаушылар жасақшасы бастығының қызметке түскені және анықталған кемшіліктер туралы жазба

___________________________________________________________________________

___________________________________________________________________________

1-ауысым. Тапсырды ____________________ Қабылдады ____________________

(атағы, қолы) (атағы, қолы)

2-ауысым. Тапсырды ____________________ Қабылдады ____________________

(атағы, қолы) (атағы, қолы)

## Мекемеде бақылау мен қадағалауды ұстау үшін тартылатын сотталғандар қатарынан актив құрамы

| Міндеттері атауы | Тегі және аты-жөні, жасақ № | Қадағалау объектісі |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |

## Мекеме қызметкерлері қатарынан бөлінген мекеме орналасқан ауданда қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ететін күштер

| Топ құрамы | Атағы | Тегі және аты-жөні | Кезекшілік уақыты |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |

## Тұрғын және өндірістік аумақты аралау кестесі

| Тексерістер уақыты | 8<br>9 | 9<br>10 | 10<br>11 | 11<br>12 | 12<br>13 | 13<br>14 | 14<br>15 | 15<br>16 | 16<br>17 | 17<br>18 | 18<br>19 | 19<br>20 | 20<br>21 | 21<br>22 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| МБКК БЖБ<br>бақылаушы Тексергені туралы қол | x | x | x | x | x | X | | x | x | x | | x | x | x |

Кестенің жалғасы

| Тексерістер уақыты | 22<br>23 | 23<br>24 | 24<br>1 | 1<br>2 | 2<br>3 | 3<br>4 | 4<br>5 | 5<br>6 | 6<br>7 | 7<br>8 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| МБКК БЖБ<br>бақылаушы Тексергені туралы қолы | | х | х | х | | х | х | х | | х |

Тексеріс кестесі

| Уақыты | БІЖ және ішкі тыйым салынған аймақ | | Жер асты құбырлары мен құрылыстары | | Айдауылсыз жүретін сотталғандар | | Қашуға бейім сотталғандар | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Тегі | Қолы | Тегі | Қолы | Тегі | Қолы | Тегі | Қолы |

18-19
19-20
20-21
21-22
22-23
23-24
24-01
01-02
02-03
03-04
04-05
05-06
06-07
07-08
08-09
09-10
10-11
11-12
12-13
13-14
14-15
15-16
16-17
17-18

## Сотталғандарды тексеру нәтижелері

| | Таңғы тексеріс | Кешкі тексеріс |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |

Барлығы:
Тексеру кезінде болды:
тұрғын аймақта
өнеркәсіптік аймақта
басқа жұмыс объектілерінде
ТИ мен ЖАК-та
медицина бөлімінің стационарында
мекеме аумағынан тыс жерде
басқа орындарда
Жиыны:
Оқиғалар туралы, қол кісенді, арнайы құралдарды қолдану туралы жазбалар:

____________________________________________________________________________

____________________________________________________________________________

____________________________________________________________________________

Қызметті тексерушілердің жазбасы

____________________________________________________________________________

____________________________________________________________________________

____________________________________________________________________________

Тінтуге жататын объектілер
Тұрғын аймақта: 1-ауысым ____________________________________________

Өнеркәсіптік аймақта: 1-ауысым ________________________________________
Нұсқама – 1-ауысым

____________________________________________________________________________

____________________________________________________________________________

____________________________________________________________________________

Тінтуге жататын объектілер

Тұрғын аймақта: 2-ауысым ____________________________________________
_

Өнеркәсіптік аймақта: 2-ауысым _______________________________________

Нұсқама – 2-ауысым

___________________________________________________________________
___

___________________________________________________________________
___

___________________________________________________________________
___

Бақылау мен қадағалау жөніндегі бақылаушылардың қызмет өткеру нәтижелерін бағалау

1-ауысым: _____________________ 2-ауысым: __________________________

Мекеме бастығының РжЖЖ Командирдің бақылаушылар орынбасары қызметі жөніндегі орынбасары

_______________________________ _____________________________

(атағы, тегі, қолы) (атағы, тегі, қолы)

20 ___ жылғы "___"____________ 20___ жылғы "____" _________

Қылмыстық-атқару жүйесінің
мекемелерінде ұсталатын адамдардың
мінез-құлқына бақылау мен қадағалауды
жүзеге асыру жөніндегі қызметті
ұйымдастыру және жете тексеру мен
тінту
жүргізу қағидаларына
5-қосымша

нысан

**_____________________________________________ мекемесінің**
**(мекеменің атауы)**
**әйел адамдарына ілесіп жүру журналы**

Басталды: _________________________

Аяқталды:___________________________

| р/с № | Әйел адамның Т.А.Ә | Кіру уақыты | Ілесіп жүрушінің Т.А.Ә | қолы | Шығу уақыты | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |

Ескертпе:

1) Журнал БӨП бойынша бақылаушыда сақталады;

2) ілесіп жүру үшін белгіленген адамдармен журналда жазба қоюды БӨП бойынша бақылаушы және тексеру тобының қызметкері бақылайды.

Қылмыстық-атқару жүйесінің
мекемелерінде ұсталатын адамдардың
мінез-құлқына бақылау мен қадағалауды
жүзеге асыру жөніндегі қызметті
ұйымдастыру және жете тексеру мен
тінту
жүргізу қағидаларына
6-қосымша

нысан

**_________________________________________ мекемесінде**
**(мекеменің атауы)**
**ТИ-ға, ЖАК-қа келуді есепке алу журналы**

Басталды: ________________________
Аяқталды:________________________

| Р/с № | Күні | Уақыты | Келуші адамның лауазымы, атағы | Келу мақсаты және ескертулер мазмұны | Қабылданған шаралар |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

Ескертпе:

1) журнал ТИ мен ЖАК бойынша бақылаушыда сақталады;

2) журнал екі бөлімге бөлінеді: бірінші бөлімде аумақтық бөліністің, ҚАЖ комитетінің қызметкерлері, прокуратура қызметкерлері, мекеме бастығы мен орынбасарлары, бөлініс командирі мен ҰҰ-ның жоғары тұрған офицерлері жазба жүргізеді.

Екінші бөлімде мекемеде бөлімдерінің бастықтары, МБКК, медицина бөлімінің бастықтары, жасақ бастықтары және мекеменің басқа да қызметкерлері , рота командирінің бақылаушылар қызметі жөніндегі орынбасары және взвод командирі жазба жүргізеді.

Қылмыстық-атқару жүйесінің
мекемелерінде ұсталатын адамдардың
мінез-құлқына бақылау мен қадағалауды
жүзеге асыру жөніндегі қызметті
ұйымдастыру және жете тексеру мен
тінту
жүргізу қағидаларына
7-қосымша

нысан

## Мекемеде жатақханаларды жабдықтауға қойылатын талаптар

Орташа және толық қауіпсіздік мекемелерінде, қауіпсіздігі барынша жоғары мекемелердің жалпы тұрғын үй-жайларында, қауіпсіздігі барынша төмен

мекемелерде жазасын өтеуші адамдар жатақханаларға орналастырылады және ҚАК-де белгіленген нормалар бойынша тұрғын ауданымен қамтамасыз етіледі. Әрбір сотталғанға жеке ұйықтайтын орын беріледі, оған сотталғанның 30х40 мм түрлі түсті фотосуреті және тегі, аты-жөні көрсетіліп тақтайша бекітіледі.

Жатақхана ғимараттарында ұйықтайтын бөлмелерден басқа, әрбір жасаққа есебінен жасақ бастықтарының кабинеттері, тәрбие жұмысы бөлмелері, психологиялық жеңілдену бөлмелері, киім шешетін бөлме, әжетхана, қол жуу бөлмелері, ас сақтауға және қабылдауға арналған бөлмелер, жеке заттарды сақтауға арналған бөлмелер, тұрмыс бөлмелері (бұрыштары), киім және аяқ-киім кептіретін бөлмелер жабдықталады. Жатақхана бойынша кезекшілердің орындары МБКК-мен телефон байланысымен жабдықталады. Сотталған әйелдерді ұстауға арналған мекемелерде жеке гигиена бөлмелері жабдықталады. Қауіпсіздігі барынша төмен мекемелердің жатақханаларында ас үй, кір жуатын бөлме, шаруашылық мүліктер бөлмесі қосымша жабдықталады. Мекемедегі карантин үй-жайларында тұрғын бөлмелер, тәрбие жұмысы, ас ішу, жеке заттарды сақтауға арналған бөлмелер, киім шешетін бөлмелер, әжетханалар жабдықталады.

Локальды учаскелер рабица тормен (металл құрылымдармен) қоршалады, ал бір-бірінен биіктігі кемінде 3м тұтас толтыру темір бетон дуалмен қоршалады. Локальды учаскелер арасында қандай да бір құрылыстар орналастырылмайды. Қоршаудағы кішкентай есік ілмекпен, құлыппен немесе электр-механикалық құралмен жабдықталады. Локальды учаскенің жоғарғы жабылатын жері металл конструкциядан құрастырылып, рабица тормен жабылады. Әрбір локальды учаскеде:

күркелер;

темекі шегуге арналған орын;

жасақ сотталғандарын сапқа тұрғызуға арналған шағын алаң;

спорт алаңы болуы қажет.

Қатаң ұстау жағдайындағы сотталғандарға арналған үй-жайларды жабдықтау мекемелердің жатақханаларына қойылатын талаптарға сәйкес жүзеге асырылады. Бұл ретте, онда сотталғандарды мекеменің қалған аумағынан жоғары оқшаулау қамтамасыз етіледі. Осы мақсатта, атап айтқанда, осында ұсталатын сотталғандарға арналған жұмыс объектілері және белгіленген үлес нормалары бойынша ас қабылдауға арналған орын тікелей үй-жайдың аумағында жабдықталады.

Қатаң ұстау жағдайындағы (бұдан әрі – ҚҰЖ) жасақтың үй-жайы басқа жасақтардан бөлек, жоғары оқшаулаумен жабдықталады. Жасақтың локальды учаскесі мекеме аумағын қадағалау мүмкіндігін болдырмайтын тұтас толтыру металл (бетон) дуалмен қоршалады. Локальды учаскеге кіретін жерде электр

немесе механикалық құлып орнатылады, локальды учаскенің аумағында сотталғандардың темекі шегетін орны, сотталғандарды сапқа тұрғызуға арналған алаң, серуендеу аулалары жабдықталады.

ҚҰЖ жасағының үй-жайы коммуналдық-тұрмыстық жағдайлардың қажетті кешенімен жабдықталады.

ҚҰЖ-ды бақылау мен қадағалау жөніндегі бақылаушының бекеті жоғары қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, сотталғандарды ұстауға арналған үй-жайлардан бөлек жабдықталады. Бақылаушы бекеті сотталғандардың негізгі бөлігінен қоршайтын металл тормен жабдықталады, дабыл сигнализациясы құралдарымен, телефон байланысымен, радио байланыс құралдарымен, арнайы міндеттері, күн тәртібі жазылған көрнекі ақпаратпен жабдықталады. Бақылаушы бекетінде кезекші бөлімге қосымша қадағалау шығарып, камераларда, жаппай іс-шаралар өткізуге арналған үй-жайларда сотталғандарға қадағалау жасауға мүмкіндік беретін бейнебақылау жүйесі қосымша орнатылады.

ҚҰЖ жасағындағы сотталғандар жасақтың басқа сотталғандарымен байланыс жасауды болдырмайтын бекітілетін үй-жайларда ұсталады, онда санитарлық торап, жуыну құрылғылары, ұйықтайтын секция, тәрбие жұмысы бөлмесімен біріктірілген ас қабылдау бөлмесі жабдықталады. Ас ішу және телебағдарламалар көру біруақытта тәрбие жұмысын жүргізуге арналған бөлме ретінде қызмет ететін ас ішу бөлмесінде ұйымдастырылады.

Күндізгі уақытта ҚҰЖ жасағының сотталғандары тек ұйықтау уақытында сотталғандарға пайдалануға рұқсат берілетін ұйықтайтын секцияны (ұйықтайтын секция қалған үй-жайлардан металл тормен қоршалады) қоспағанда, барлық үй-жайларды пайдалана алады. Ояну сигналынан кейін және төсек орынды жинағаннан кейін ұйықтайтын секция құлыппен жабылады. Ұйқыға жатуға дейін 1 сағат қалғанда сотталғандар түнгі камераға ұйқыға дайындалу үшін ауыстырылады.

Бекітілетін үй-жайлардан серуендеу жүргізу кезінде шығуға рұқсат беріледі, серуендеу уақыты 1,5 сағаттан аспауы қажет. Сотталғандар серуендеуге камера бойынша шығарылады, серуендеу жасақтың локальды учаскесіндегі серуендеу ауласында жүргізіледі. Ас қабылдау бекітілетін үй-жайлардағы ас қабылдау бөлмелерінде күн тәртібінде белгіленген уақытта жүзеге асырылады. Қауіпсіздігі төтенше мекемелердің ҚҰЖ жасақтарында ас қабылдау камераларда жүзеге асырылады. Қауіпсіздігі төтенше мекемелерде қатаң жағдайда ұсталатын сотталғандар үшін бағдарламаларды көруі камера бойынша, күн тәртібінде белгіленген уақытта бақылау мен қадағалау жөніндегі бақылаушының теледидарларды қосуы арқылы жүзеге асырылады, теледидарлар дәлізден қосылады.

Сотталғандардың жуынуы тұратын жері бойынша жуынатын бөлмелерде камера бойынша жүргізіледі.

Қатаң ұстау жағдайындағы жасақтардың камераларын жабдықтау (терезе, есік ойықтары, электр сымдар, электр шамдар) ТИ мен ЖАК үй-жайларын жабдықтауға қойылатын талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

Бақылау мен қадағалауды бақылаушы бейнебақылау құралдары арқылы қадағалау, үй-жайды тексеріп шығу арқылы жүзеге асырады, оның барысында байқау көзектері арқылы қадағалау жүзеге асырылады, серуендеу кезінде бақылаушы көзектер арқылы сотталғандарға қадағалау жасайды. Түнгі уақытта камералар жабылады, камералардың кілті бақылаушы бекетіндегі МБКК мөрімен мөрленген металл сейфте арнайы қаламсауытта сақталады.

Қылмыстық-атқару жүйесінің
мекемелерінде ұсталатын адамдардың
мінез-құлқына бақылау мен қадағалауды
жүзеге асыру жөніндегі қызметті
ұйымдастыру және жете тексеру мен
тінту
жүргізу қағидаларына
8-қосымша

нысан

**Сотталғанды**
**жалғыз адамдық камераға ауыстыру туралы қаулы**

Сотталған ____________________________________________________________
__
(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) туған жылы)
______________________________________________________________________
___
(жаза өтеу режимін бұзу сипаттамасы,
______________________________________________________________________
___
сотталғанды оқшаулау қажеттігі негіздемесі)
ҚАК-тың ____ - бабын басшылыққа ала отырып,
Қаулы етті:
Сотталған ____________________________________________________________
__
(тегі, аты, әкесінің аты болған жағдайда)
жалғыз адамдық камераға ______________________________ айға қамалсын.
Мекеме бастығы ______________________________________________________
__

(атағы, тегі, аты-жөні, қолы)

Қосымшаның екінші жағы

Қаулы маған 20__ жылғы "___" _______ жарияланды ____________________
_

(сотталғанның қолы)

Қаулыны жариялады ________________________________________________
___

(атағы, тегі (болған жағдайда) аты-жөні, қолы)

Сотталған ______________________________________ жалғыз адамдық камераға 20___ жылғы "__" ________ сағ. ___ қабылданды, 20 ____ жылғы "___"________ сағ. ___ босатуға жатады.

Тінту кезінде сотталғаннан __________________________________________

(тегі, аты-жөні)

_______________________________________________________ табылып, алынды

Бақылау және қадағалау бойынша

бақылаушы ________________________________________________________
___

(атағы, тегі, аты-жөні, қолы)

Сотталған __________________________________________________________
__

(тегі, аты-жөні)

20___ жылғы "___" _________ сағ. ____ босатылды.

Бақылау және қадағалау бойынша бақылаушы

___________________________________________________________________
___

(атағы, тегі, аты-жөні, қолы)

Алып қойған киімдер мен заттарды алдым ______________________________

(сотталғанның қолы және тегі)

Ұстау мерзімі ___________ тәулікке ұзартылды

Қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдардың мінез-құлқына бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі қызметті ұйымдастыру және жете тексеру мен тінту жүргізу қағидаларына 9-қосымша

нысан

**Сотталғанды ТИ-ға (қауіпсіз орынға орналастыру туралы) қамау туралы қаулы**

Сотталған ____________________________________________________________

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) туған жылы)

______________________________________________________________________

(жол берілген бұзушылық мән-жайының уақыты, қауіп сипаттамасы)

жаза өтеу режимін бұзуға жол берді (басқа сотталғандар тарапынан сотталғанның өміріне, денсаулығына не жеке басына қарсы қылмыс жасау қауіпі төнді)

ҚАК-тың ____ - бабын басшылыққа ала отырып,

Қаулы етті:

Сотталған ____________________________________________________________

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) туған жылы)

жаза өтеу режимін бұзғаны үшін (қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында) ТИ-ға (өзге үй-жайға) __________________________ тәулікке

(жазбаша)

______________________________________________________________________

(жұмысқа шығарумен, шығарылмай) қамалсын (орналастырылсын).

Мекеме бастығы ______________________________________________________

(атағы, тегі, аты-жөні, қолы)

20____ жылғы "____" _________

Қосымшаның екінші жағы

Қаулы маған 20__ жылғы "___" _____________ жарияланды _______________

(қолы)

Қаулыны _____________________________________________________________

(мекеме бастығы, МБКК)

_______________________________________________________________ жариялады

(атағы, тегі, аты-жөні, қолы)

Сотталған ______________________________________ тәртіптік изоляторға

(тегі, аты-жөні)

20___ жылғы "___" _________ сағ. ____ қабылданды.

Тінту кезінде сотталғаннан __________________________________________

(тегі, аты-жөні)

_____________________________________________________ табылып, алынды.

Бақылау мен қадағалау бойынша

бақылаушы __________________________________________________________

(атағы, тегі, аты-жөні, қолы)

Сотталған ___________________________________________________________

(тегі, аты-жөні,)

20___ жылғы "___" ______ сағ. ___ босатылды.

Бақылау мен қадағалау бойынша бақылаушы

_____________________________________________________________________

(атағы, тегі, аты-жөні, қолы)

Алып қойған киімдер мен заттарды алдым ______________________________

(сотталғанның, қолы)

Қауіпсіз орында ұстау мерзімі ___________________ тәулікке ұзартылды.

Қылмыстық-атқару жүйесінің<br>мекемелерінде ұсталатын адамдардың<br>мінез-құлқына бақылау мен қадағалауды<br>жүзеге асыру жөніндегі қызметті<br>ұйымдастыру және жете тексеру мен<br>тінту<br>жүргізу қағидаларына<br>10-қосымша

## Сотталғанды мекеме бастығы келгенше уақытша ТИ-ға орналастыру туралы қаулы

Сотталған ___________________________________________________________

(тегі, аты, әкесінің аты туған жылы)

200__ жылғы "___" ___________ _______________________________________

(жаза өтеу режимін бұзу сипаттамасы,

_________________________________________________________________ жол берді.

оқшаулау қажеттілігінің себебі мен жағдайы)

ҚАК-тың ____ - бабын басшылыққа ала отырып,

Қаулы етті:

Сотталған ________________________________________________ Мекеме бастығы

(тегі, аты-жөні, әкесінің аты)

келгенге дейін тәртіптік изоляторға уақытша орналастырылсын.

МБКК ___________________________________________________________________

(атағы, тегі, аты-жөні, қолы)

20____ жылғы "____" _________

Сотталған ______________________________________________ ТИ-ға 20___ жылы

"___"______ сағ. ___ қабылданды.

Тінту кезінде сотталғаннан _____________________________________________ _________________________________________________________ табылып, алынды. Бақылау мен қадағалау бойынша бақылаушы _______________________________

(атағы, тегі, аты-жөні, қолы)

Қылмыстық-атқару жүйесінің
мекемелерінде ұсталатын адамдардың
мінез-құлқына бақылау мен қадағалауды
жүзеге асыру жөніндегі қызметті
ұйымдастыру және жете тексеру мен
тінту
жүргізу қағидаларына
11-қосымша

## Мекеменің ТИ және ЖАК үй-жайларын, сондай-ақ ӨББА және ӨЖ-ға сотталғандарының камераларын жабдықтау

Ескерту. 11-қосымшаның орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізіледі - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 30.07.2015 № 642 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ТИ және ЖАК-да ұсталатын адамдар көлемі 2,5 шаршы метр тұрғынауданмен қамтамасыз етіледі.

ТИ және ЖАК аумағы биіктігі кемінде 4 м тұтас толтыру дуалымен қоршалады.

ТИ және ЖАК дәлізінде камераларды қалған үй-жайлардан, сондай-ақ, ТИ камераларының үй-жайын ЖАК камераларынан бөлетін металл торлар (еденнен есікке және төбеге дейін) орнатылады. Камералардың қабырғасы ерітіндімен сыланып, ақталады. Еденнің бетонды қабаты ағаш жабынымен жабдықталады ( ДСП, ДВП бүтіндей тақта түрінде шегесіз, сондай-ақ плинтуссыз бекітілген).

Барлық камераларда қос есіктер орнатылады: сыртқы – камералар жағынан жабын болатпен қапталған қалыңдығы кемінде 6 см ағаш (темір) есіктер және ішкі – дөңгелек металл тіректен және көлденең жолақтардан жасалған болат торлы есіктер. Ішкі есік орта бөлігінде еденнен 95 см биіктікте сотталғандарға ас, кітаптар және т.б. беруге арналған көлемі 18х22 см кішкене тереземен жабдықталады. Кішкене терезенің есігі дәлізге қарай ашылады және құлыппен жабдықталады.

ӨББА және ӨЖ-на сотталғандар бір сотталғанға көлемі 2,5 шаршы метр тұрғын ауданмен қамтамасыз етіледі. ӨББА-ға сотталғандар камераларға екі адамнан аспай орналастырылады, ӨЖ-ға сотталғандар жалғыз адамдық камераларға орналастырылады.

Барлық камераларда қос есіктер орнатылады: сыртқы – қалыңдығы кемінде 6 см темір есіктер, ішкі – болат торлы есіктер. Камераның ішінде дөңгелек болаттан жасалған, сондай-ақ, болат торлы есіктері бар бөлетін тор орнатылады. Терезелердің арасына да бөлетін тор орнатылады. Дөңгелек металл тіректердің диаметрі кемінде 20 мм, тордағы ұяшықтың көлемі 12х20 см болуы қажет. Сыртқы есіктің ортасында 1,5 метр биіктікте сыртқы жағынан жапқышпен жабылатын оптикалық байқау тесігі орнатылады. Барлық үш есікке де еденнен 95см биіктікте сотталғандарға пайдалануға рұқсат етілген заттар мен бұйымдарды беруге арналған көлемі 21х27 см кішкентай терезе жабдықталады. Кішкентай терезелердің есіктері дәлізге қарай ашылады және құлыппен жабдықталады.

Камералардың сыртқы есіктері кәдімгі ілмектерден басқа, арнайы үлгідегі механикалық немесе электр құлыптармен жабдықталады. Есіктің ортасында 1,5 метр биіктікте сыртқы жағынан резеңке "жапқышпен" жабылатын оптикалық байқау тесігі орнатылады, сондай-ақ, есіктерге кілтті ұстауға арналған арнайы қалталар, есікті шектеушілер орнатылады.

ТИ және ЖАК камераларындағы қос терезе ағашты терезелердің ауданы кемінде 1,2 шаршы метр болуы қажет. Сыртқы жағынан дөңгелек болаттан жасалған диаметрі кемінде 18мм болатын және 60х12мм кесілген көлденең жолақтардан жасалған металл дәнекерленген торлар орнатылады. Тордағы ұяшықтардың көлемі 12х20 сантиметр. Камералар жағынан терезелер әйнекке жібермейтін аспалы тормен қоршалады.

ТИ және ЖАК камераларында электр сымдар сотталғандардың қолы жетпейтіндей құрастырылады. Жалпы және түнгі жарықтандыратын электр шамдар тормен оқшауланатын қуыстарда орнатылады. Электр сымдары жасырын жүргізіледі. Шамдар ықтимал бүлінуден қоршалады. Сөндіргіштер мен розеткалар әрбір камераға дәліз жағынан орнатылады. Репродукторлар қабырға қуыстарында орнатылады. ӨББА және ӨЖ сотталғандардың камераларында

теледидарлар дәліздің жағында бөлуші темір тордың мүмкіндік шегінде, сотталғандардың қолы жетпейтін жерде орналастырылады.

ТИ және ЖАК камераларында бақылау мен қадағалау жөніндегі бақылаушыға сигнал беру үшін дабыл сигнализациясы кнопкалары жабдықталады (электр немесе механикалық). Кезекші қызмет қызметкерлерінің, кезекшінің және мекеме бастығының режим және жедел жұмыс жөніндегі орынбасарының бөлмелерінде байланыс пульттары орналасады.

Бақылаушылар жасақшасының бөлмесінде телефон орнатылады, ал дәлізде қызметкерлердің қауіпсіздігін барынша жоғары қамтамасыз ету және дабыл сигналын кез келген жерден беру үшін кезекшінің және БӨП үй жайына шығатын дәліздің бүкіл ұзындығы бойынша дабыл сигнализациясының троссты жүйесі орнатылады.

ТИ және ЖАК ғимаратында сумен, орталық немесе пешпен жылыту қолданылады. Әуемен жылытуды қолдануға жол беріледі. Пешпен жылыту кезінде пеш жағу дәлізден жүзеге асырылады. Орталық сумен жылыту кезінде жылытқыш аспаптар (радиаторлар мен панельдер) терезе астына орналастырылады және сотталғандардың қолы жетпейтіндей етіп жабылады. Жылу құбырлары камераларда жасырын салынады. Жылыту пештері камералардың барлық биіктігі бойынша орнатылады. Пеш тік және көлденең өңдеулерін қоса алғанда, камералар жағынан дөңгелектенген бұрышты металл қаппен жабылады. Қалыңдығы кемінде 0,6 мм қапқа арналған металл қабаттар қолданылады. Қап қабаттарының біріккен жерлері жолақты болатпен жабылады.

ТИ және ЖАК күндізгі уақытта құлыпқа жабылатын шалқаятын кереуетпен, ұсталатын адамдардың саны бойынша отыруға арналған тумбамен немесе орындықпен және еденге орнатылған үстелмен, қоршалған санитарлық тораппен және су құбырымен жабдықталады.

Сотталғандарды камерада ұстау кезінде есіктердің бекітілетін құрылғыларын басқару қуат көздерін сөндірген кезде есіктер мен барлық электр құлыптардың ашылуын қамтамасыз етуі қажет. ТИ және ЖАК-да жеке заттар мен төсек жабдықтарын сақтау бөлек үй-жайларда жүзеге асырылуы қажет.

ТИ және ЖАК ғимараттары кезекшінің үй-жайына дабыл сигналын беретін автоматты өрт сигнализациясымен жабдықталады. Көрінетін жерлерге адамдарды эвакуациялау жоспары мен Өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқаулық ілінеді.

ТИ және ЖАК ғимаратында:

1) адамдар және жертөле үй-жайларда тұру үшін орналастырылмайды;

2) адамдарды эвакуациялау жолдарындағы (дәліздердің, саты торлардың) үстінгі жақтар жанғыш материалдармен қапталмайды, сондай-ақ, нитро негіздегі бояумен сырланбайды;

3) жанатын материалдарды, тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды қолданатын өндірістік учаскелер орналастырылмайды;

4) мекеме әкімшілігінің өрт қауіпсіздігі қызметімен келісілген жазбаша рұқсатынсыз электр дәнекерлеу жұмыстары жүргізілмейді;

5) тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтар, оның ішінде жөндеу кезінде де сақталмайды;

6) керосин шамдар, шамшырақтар мен шырақтар оларға бөлінген жерлерден тыс жерде сақталмайды және жарықтандыру үшін қолданылмайды;

7) қолдан жасалған электр жылытқыш аспаптар пайдаланылмайды.

ТИ және ЖАК ғимараттарының бір-бірінен бөлек орналасқан кемінде екі эвакуациялық шығуы болуы қажет. Қосалқы эвакуациялық шығудың кілті кезекші қызметкерлер тәулік бойы болатын жақын үй-жайда сақталуы қажет. Қабаттарда өрт тармағымен және бағанмен жабдықталған ішкі өрт крандары, сондай-ақ, кемінде 2 өрт сөндіргіш орнатылады.

Қылмыстық-атқару жүйесінің
мекемелерінде ұсталатын адамдардың
мінез-құлқына бақылау мен қадағалауды
жүзеге асыру жөніндегі қызметті
ұйымдастыру және жете тексеру мен
тінту
жүргізу қағидаларына
12-қосымша

## ТИ және ЖАК
## ғимараттарындағы үй-жайлардың тізбесі

1. ТИ және ЖАК-тың әрбір қабатында 6-8 ш.м. бақылаушы бөлмесі.

2. Сотталғандарды тінтуге арналған үй-жай - 6 ш.м.

3. Жедел қызметкерлер мен жасақ бастықтарына арналған кабинет - 6-10 ш.м.

4. Әкімшілік және медициналық қызметкерлер сотталғандарды қабылдайтын бөлме - 8-10 ш.м.

5. Асхана ыдыстарын сақтауға және ас таратуға арналған шаруашылық бөлме - 6-8 ш.м.

6. Сотталғандардың жеке заттарын сақтайтын бөлме - гардероб (тінтуге арналған үй-жаймен бірге орналасады) - 8-15 ш.м.

7. Төсек жабдықтарын сақтауға арналған бөлме - 8-15 ш.м.

8. 2-6 адамға камера (мекеменің 8 % толықтыру - камера сыйымдылығына 2 ш.м. жалпы есеппен) - 1 адам, (3-4 ш.м. туберкулезбен ауыратындар үшін).

9. Жұмыс камералары 4-тен 12 жұмыс орнына дейін, қабырға киім ілгішімен – 3 ш.м.1 адамға жұмыс киіміне 1 ілгек келетіндей есебімен.

10. Киім ауыстыруға, жұмыс киімдері мен аяқ киімдерін сақтауға арналған бөлме:

12 жұмыс орынға – 10 ш.м.

6 жұмыс орынға – 6 ш.м.

5 жұмыс орынға – 5 ш.м.

